


Хасанов Б.Х.
Аитова Н.Н.
Сұлтан Ж.И.
Садуақас Н.Ә.
Шоқым Г.Т.

1 2016
17402

МОНОГРАФИЯ

Профессор Қ.Жұбанов және лингвистикадағы жаңашылдық



***Профессор Қ.Жұбанов және
лингвистикадағы жаңашылдық***

Ақтөбе, 2015

ОӘЖ 811.512.122'1
ББК 81.2Каз
П82

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.С.Тарақов .

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Н.М.Жанпейсова

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тектігүл Ж.О.

Филология ғылымдарының докторы, профессор А.С.Әділова

*С.Бәйішов атындағы Ақтөбе университетінің Ғылыми кеңесі
ұсынған*

Жауапты шығарушы:

Н.Н.Аитова

**П 82 Профессор Қ.Жұбанов және лингвистикадағы
жаңашылдық. (ұжымдық монография) /Жауапты редактор:
М.Джусупов. Орал, «ГҮЛІМ» баспасы, 2015. – 114 бет**

ISBN 9965-771-38-3

Ұжымдық монография – қазақ ғалымдарының бірлескен авторлықпен шығарған ғылыми басылым. Монографияда Қ.Жұбанов зерттеулеріне қатысты соны пікірлерімен, ғалымның тіл біліміндегі ізденістеріне жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдау жасайтын ғылыми тұжырымдарымен тартымды зерттеу жұмыстары топтастырылған. Қазіргі лингвистикада үшінөзекті болып табылатын тіл ғылымы саласының мәселелеріне қатысты ұсыныстар жасалады. Монография филолог мамандарға, филология бойынша білім алушыларға, тілге қызығушылығы бар жалпы оқырманға арналған.

ОӘЖ 811.512.122

ББК 81.2Каз

ISBN 9965-771-38-3

© Хасанов Б.Х., Аитова Н.Н., Сұлтан Ж.И.,
Садуақас Н.Ә., Шоқым Г.Т., 2015

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
----------------------	----------

1. ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ТІЛ ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Хасанов Б.Х. Қ.Жұбанов ізденістерінің теориялық негіздері.....	6
1.2. Айтова Н.Н. Қ.Жұбанов және грамматикатеориясы мәселелері.....	23
1.3. Сәдуақас Н.Ә. Қ.Жұбанов және қазақ тілі фонетикасы.....	42

2. ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҰШТАСТЫҒЫ

2.1. Сұлтан Ж.Қ. Жұбанов зерттеулеріндегі тіл мен мәдениеттұтасымы және бүгінгі лингвомәдениеттанымның жекелеген проблемалары.....	64
2.2. Шоқым Г.Т. Қ.Жұбановтың гендерлік лингвистикалық пайымдаулары.....	101

ҚОРЫТЫНДЫ.....	112
-----------------------	------------

АЛҒЫ СӨЗ


Кезінде ғылым саласының бастауларында ғасырлар бойы маңыздылығын жоймайтын, уақытпен бірге жаңғыра беретін, ізіне үңілген сайын келер ұрпақ тың ой, терең пайымдау, жаңа білім табатын ғұмырлық еңбектер қатарында аталған Қ.Жұбанов еңбектерінің зерттеу көзі ретінде талай ғалымдардың назарын аудартуы ерекше мазмұндық құндылығымен байланысты. Сондай-ақ, зертеушілер осы уақытқа дейіноны әр қырынан тануға, Жұбанов пайымдауларының ілімдік өзегін табуға, заман қажеттілігіне сай лингвистикалық ойлау кеңістігінің аумағында ізденіс жасауда іргелі теориялық дәйек ретінде қолдануға тырысып келеді. Сөйте тұра ғалым еңбектерінің білім-таныммен бірге жасап, жасаң қалып танытұсыры ғажап бір дүние-сынды. Бұл оның көрегендік танытып, алдағы лингвоғылымытаным көкжиегін сүзіп өтіп шыққандығынан ба әлде заман тынысына сай тілтаным тамыршысы болып туылғандығынан ба, әйтеуір, бір керемет – үздік шығармашылық үлгі. Зерделі жұртқа ұсынылып отырған ұжымдық монография қазіргі ғылыми парадигмаға сай лингвистикалық зерттеу бағыттарының Қ.Жұбанов зерттеулерімен сабақтастығын айқындайтын бірпікірлес, пікіртендес ғалымдардың ізденістерін бір кітапқа тоғыстырып, одан әрі ізденіске шақырады.

Осы кезеңдегі тілтанушылық білімнің бастауында болған тұлғалардың өзіндік үлесі оқу-ағарту, ғылым саласында қаншалықты екенін анықтау қажеттілігін ескерсек, қазақ тіл білімі ғана емес тіл теориясы дамуына өз үлесін қосқан ғалым Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ерен еңбегі бір төбе.Өлшеуі көзге көрінбейтін нәрселер жөнінде айтқанда, жарнама сөз емес, объективті ғылыми білімге негізделген ақиқат қана жеміс бермек.

XX ғасырда ұлттық тіл білімінің ғылыми негізін салған отандық жалпы тіл білімінің көзін ашқан, тілдік пайымдаулары ХХІ ғасыр тілтанымына тамырын жайған ғалымның үш түрлі білім парадигмасы желісіндегі лингвистикалық пайымдаулары тіл тарихы сахнасында өз мәртебесін жоймақ емес.Бұл ұсынылып отырған монография да – осының айғағы. Әрине, тіпті бұл енді ғана тууы тиіс жаңа әрі ұлттық мазмұндағы

ғылыми зерттеу жұмыстарының түрткісіне де айналар. Қалай болғанда да жаңа кітап ғалым Қ.Жұбановтың тіл теориясындағы жаңалықтарының ғұмырлық белсенділігінің мәнін ашуды көздейді. Оқырман қауымға сапары оң болғай.

М.Джусупов
Өзбек Әлем тілдері университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Ташкент қаласы



1. ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ТІЛ ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Қ. Жұбанов ізденістерінің теориялық негіздері

Бақытжан Хасанұлы

*Абай атындағы Қазақтың ұлттық
педагогикалық университетінің профессоры,
филология ғылымының докторы
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы*

Қазақстан үшін магистратура, докторантура даму жолына түскен кезде тіл теориясы бойынша ғылыми ізденістер аса қажет. Біз жұбановтану бойынша жеке кітаптар да, мақалалар да жарияладық. Ғылым жолына түскен жас ғалымдар үшін бұрынғы материалдардың кейбіреуін пайдалана отырып тағы да Құдекеннің теориялық тұжырымдарына назар аудармақпыз.

Отандық тілтану ғылымының даму барысында Жұбановтанудың мәні зор. Дәлірек айтқанда, Қ. Жұбанов пайымдаулары теориялық тұрғыдан зерделене түсуі тиіс. Жұбановтану ғылымы лингвистикалық, педагогикалық, әдебиеттану т.с.с. сипатты болып келеді. Жұбановтану ғылымы — көпқырлы ғылым, оның лингвистикалық нысаны, қысқа қайырғанда, тіл теориясы, адамның қарым-қатынас құралы, тіл жүйесі және оның сөйленімдік (речь) жүзеге асуы.

Әлбетте, Қ. Жұбанов зерттеулері қазақ тіліне арналған, бірақ ол қазақ тілі негізінде, оны басқа сан алуан тілдермен салыстыру арқылы, тіл теориясына қадам басқан. Бұған ғалымның зерттеулері дәлел болады. Ол—ол ма, ғалым өзінің “Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінде лекциялар” атты еңбегін “...қазақ тілі, оған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін тексерген жұмыстардың жалпылаңқырап алынған, популяр (жария) түрде тізілген ...қорытындысы...”¹ ретінде сипаттайды. Көріп отырғанымыздай, Қ. Жұбанов мұраларын тіл білімі салалары бойынша бағалау керек. Ғалымның мұрасын әлемдік лингвистика даму үрдісімен байланыста қарастырсақ, ол әр қырынан жақұтша жалтырап көрінетіні анық.

¹Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. 2010. 37-бет.

XXI ғасыр лингвистерінің мәдениеттік лингвистика (лингвокультурология), психолингвистика бойынша жариялаған оқулықтарына назар аударсақ, олардың кейбіреуінің лебізі мен Құдекең зерттелулері өзара байланыс табатыны байқалады. Мысалы, қазіргі орыс тіл білімпаздары санатындағы В.А. Маслованың 2008 ж. жарық көрген ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы атауы — “Современные направления в лингвистике”. Демек, тіл білімінің басты бағыты — тілдің жалпы мәселелері: “В центре внимания современных направлений в лингвистике — общие вопросы языка”² дейді ол. Ал атақты психолингвист Р.М. Фрумкинаның пайымдауынша: “Быть лингвистом — ... значит размышлять на общие темы”³.

XX ғасырда даму жолына түскен “Жалпы тіл білімі” соңғы кезде “тіл теориясы” деген ғылыми мамандықты қамтиды.

Қазақ тілі еліміздегі магистранттар мен докторанттардың оқу тілі болғанмен, бұл тілде жаңа сипатты тіл теориясы бойынша оларға арналған оқулық әлі жоқ. Қысқасы, Қ. Жұбановтың тіл теориясы бойынша бастаулары көпшілік тарапынан жалғасын тапқан жоқ.

Ғылым — әлеуметтік институт. Тіл болмысы жөнінде объективті, жүйелі ұйымдасқан, негізделген білім жасауға бағытталған танымдық қызметтің ерекше және бірегей түрі — тілтаным. Ал тілтанымның ұйытқысы — *лингвистикалық әдіснама, әдіс, амал-тәсілдер, ұстанымдар*. Қ. Жұбанов осы мәселеге ерекше мән берген: “Ғылым да — адам санасының жемісі, адам тәжірибесінің қорытындысы, — дейді. — Бұл уақытқа шейін көрнекі орын ұстап келген тіл ғылымы үнді-европа тілдерін зерттеген, сол зерттеу ісінде белгілі “әдіс тудырған” ғылым. Бұл кезге шейін басқа тілдерді зерттеушілер де осы үнді-европа тіл ғылымының басшылығымен, осының әдісімен зерттегендіктен, бұлардың әдісін де үнді-европашыл әдіс деп атаймыз”⁴, — деген еді. Ғылым өзіне дейін арнайы сөз болмаған осы бір мәселелерге көпшілік назарын аударған. Ол Төреқұлұлы Нәзір “Жат сөздер туралы” кітапшасында

²Маслова В. А. Современные направления в лингвистике. [М.: Академия, 2008, 3-бет.

³Мына кітап бойынша: Маслова В. А. Современные направления в лингвистике. [М.: Академия, 2008, 3-бет.

⁴Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010. 45-46-беттер.

“тұтынған методологиясымен өзінен бұрынғылардан ұзап кете алмады”⁵ деп атап көрсетті. Сондай-ақ үнді-европа тіл білімінің негізін салушы Франц Боппқа әділ баға бере келіп, “үнді-европа тіл ілімі жүз жыл бойы дыбыстарды ғана тексерді, онда да дұрыс қорытынды шығара алмады”⁶, — деді.

Қ. Жұбанов пайымдаулары замандастары, тағдырластары ой-пікірлерімен үндес келеді. Мысал ретінде орыс лингвистикалық терминдер энциклопедиялық сөздігі негізін салған дарынды ғалым Николай Николаевич Дурново еңбектерін алуға болады. Бұл ғалым өзінің грамматикалық сөздігінде былай деп жазды: “Народный язык”. В противоположность литературному языку и другим общим языкам, как напр., общегосударственному, церковному и пр. н. я. наз. живой язык народных масс, известный только в устном употреблении как разговорный или как язык произведений устной словестности. Являясь по б.ч. средством общения лишь между близко живущими друг от друга частями народа, н. я. распадается на областные или местные говоры, ограниченные по б.ч. сравнительно небольшой территорией и отличающиеся друг от друга не только благодаря территориальной разрозненности населения, но и благодаря различиям в быте населения и окружающей его обстановке, и отличается меньшей устойчивостью, чем литературный язык...” Қ. Жұбанов та “Халық тілі дегеніміз — сол диалектілердің жинағы” деп түсіндіреді.

XXI ғасырдың Тіл біліміне кіріспесінде “халық тілі” термині қолданылады: “язык (народности и нации) — совокупность диалектов, языковые различия между которыми” могут определяться как собственно лингвистическими, так и социальными факторами”. Міне, бұл да Қ. Жұбановша сөйлеу.

Тілдің даму заңдылықтары мен **тілдік өзгерістерге әсер ететін ішкі, сыртқы себептер мен себепкерлер** болатынын ғалым дұрыс пайымдайды. Осы ретте ол қоғам мен тілдің өзара байланысу, бір-біріне тәуелді болу заңдылықтарын әдістемелік (методология) қағида ретінде басшылыққа алған, әр түрлі әдістер қолдана отырып, материалдар жинайды, оларды

⁵Сонда. 34-бет.

⁶Сонда. 50-бет.

сұрыптайды, топтайды, солардың негізінде теориялық тұжырым жасайды.

Ғалымның жалпы тіл білімі теориясын дамытарлық тұжырымдары тіл, сөз, сөйлеу, сөз бен ой, сөйлем туралы ғылыми-теориялық пайымдауларынан көрініс береді. “..Тіл дегеніміз шартты таңба ғана болып табылады”⁷, — дейді.

Қ. Жұбановтың пайымдауынша; “Сөз деген - зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің **білген затының,білген құбылысының** ғана аты”⁸. Кез келген тілге тән әмбебап белгі - сөз, көріп отырмыз, сөздің атаулық қызметінен туындаған.

Арнаулы әдебиетте сөзге мынадай анықтама беріледі: “Слово — основная структурно-семантическая единица языка, служащая для именования предметов и их свойства, явлений, отношений действительности, обладающая совокупностью семантических, фонетических и грамматических признаков, специфичных для каждого языка”⁹. Осы анықтамаға ғұламаның сөзге берген анықтамасын “Алайда” сөзін қосып ілестіре берсе, өте орынды болар еді.

Қазіргі жалпы тіл білімі оқулықтары мен бағдарламаларында **тіл қызметі, сөз қызметі,сөйлем қызметі** деген мәселелер арнайы қозғала бермейді. Ал профессор Қ. Жұбанов бұл жайларды әдейі әлеуметтік-лингвистикалық тұрғыдан сөз еткен. Ол: “..Тіл адамдар арасында, ол — адамның өз ойын жеткізу, сөйлесу құралы”¹⁰, — дейді. Ғалым тілдің атқаратын қызметін бұдан басқаша да баян еткен. Күдекең арнайы сөз еткен (өзі қойған) тақырып — “**Сөз өзгешілігі мен сөз қызметі**”. Ғалым: “Тіл элементі атау қызметін өтесе, сөз болғаны; егер хабар беру қызметін өтесе, сөйлем болғаны. Бұл келтірілген екі түрлі өзгеше қасиет барлық сөздерге де тән, өйткені олар әрі номинативтік, әрі коммуникациялық қызмет атқарады. Сөздің бір басында екі функция (қызмет) болады: бірінші - хабар беру қызметі, коммуникация функциясы; екінші - таңбалау қызметі, норматив функция не сигнификация”¹¹.

⁷Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010. 98-бет.

⁸Сонда. 151-бет.

⁹Лингвистический энциклопедический словарь. Главный редактор В. Н. Ярцева. М. 1990. 464-бет.

¹⁰Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010. 126-бет.

¹¹Сонда. 99-бет.

“Сөз хабарласу үшін керек, егер осы керекке жарамаса, ол — сөз емес”¹², — дейді. Сөйлеу хабарласқанда, әр нәрсенің аттарын (номинативтерді) құрап, хабар беріледі. Осылайша номинативтерден құралмай жасалған хабар жоқ. Ат болмаса сөз де болмайды¹³.

Күдекеңше: “Әр сөз — өз алдына жеке ұғым (представление)”¹⁴. Ол “... сөз дегеніміз—заттың (құбылыстың) аты + байланысу құралы. Сөз заттың атын ғана емес, басқа нәрсе мен құбылыстарға қандай қатынасы барлығын қоса білдіретін сілтеулер; сөз жалаң ұғым емес, күрделі ұғым. Сілтеу амалы мен сөздің басқаларға қарым-қатынастары тіл-тілде түрліше болуы мүмкін”¹⁵, — дейді. Сонымен қатар ғалым сөз бен ойдың сәйкес келмейтін реттері (ақылсыз адамды “осы кісі ақылды!” деу), үндемей сөйлеу тәсілі де болатынын (сталиндік конституция жөнінде шет мемлекеттерінің үндемей қалуы - сынаудың бір түрі) байқатқан¹⁶.

Ғалым **сөз қызметіне** байланысты былай дейді: “Тілдің өзіндік өзгешелігі - затқа ат қою, ол аттарды бір-бірінен айыру. Мысалы: жылқы — түйе емес, қой — сиыр емес, сиыр — жылқы емес. Атаулардың мағынасын осылайша айыруды — **сигнификация** дейміз. Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл аталғандар — тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін **номинация** дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі — хабар беру. Оның бұл өзгешелігін **коммуникация** дейміз. Оның мағынасы орысша – общение, қазақша — қауымдасу, хабарласу дегенді білдіреді. Номинация — атау, номинат. — ат, номинатив—атаушылық. Номинатив функциясы - стабил (тұрақтылық)”¹⁷.

Күдекең “**Атты неге қоямыз?**” деген сұрақ береді де, өз сұрағына өзі «Оны заттардың өздері жоқ жерде сөз қылу үшін қоямыз»¹⁸, - деп жауап қатады және әрі қарай “нәрсенің, сипаттың бәрі түгел қасымызда болса, онда сөзді шығын

¹²С он да .

¹³С он да .

¹⁴С он да .107-бет.

¹⁵С он да .

¹⁶С он да . 98-бет.

¹⁷С он да . 99-бет.

¹⁸С он да .

қылмай-ақ ымдап өте шығар едік, сонымен де бірталай хабар берер едік”¹⁹, — деп сөзін аяқтайды. Бұдан әрі “...тілде заттың ұғымы бар, мәні (сущность) жоқ”²⁰ деген тұжырым жасайды.

Неге атау әр түрлі болып келеді? Бұған Қ. Жұбанов “Қазақ тілінің жоғарғы курсы» (“Дәрістері») бойынша арнайы берілген “Функциональная семантика” (Атқаратын қызметіне қарап затқа ат тағылады)” деген тақырыптағы әңгімесінде жауап берген: “Құбылыс көп және олар әр түрлі; бір халық оның, бір заттың бір сипатын біліп, екінші жағын білмейді; мұның үстіне біреуін көп, екіншісін аз біледі. Содан келіп атауда түрлілік, көптік туады”²¹ деген ғалым сөзі құлаққа қонады. Ғалымның “Зат пен құбылысқа тағылатын аттардың қалай пайда болуы мен олардың мағыналарының өршуі”²² жөніндегі пайымдауларында әлем тілдері семантикасына ортақ қасиеттер де сипатталады.

“Сөйлеу дегеніміз — белгілі бір заттың, істің сыйпаттың аттарын белгілі тәртіппен тізіп, бірімен-бірін байланыстырып барып, солар арқылы хабар беру”²³ деген тұжырымы көңілге қонады дегіміз келеді.

Қ. Жұбанов, сонымен қатар, лексика, семасиология, синтагматика, грамматика т.с.с. бірсыпыра лингвистикалық ұғымдарға²⁴ дұрыс түсінік берген.

Ғалым “Ескі тіл тану ғылымы, шынында да, фонетиканы дыбыс жайындағы ғылым деп танитын”²⁵ дейді де, мұны сынайды, сөйтеді де **“фонетика - дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым...”**²⁶ деген анықтама береді.

Бүгінгі арнаулы әдебиетте: “фонетика — раздел языкознания, изучающий звуковую сторону языка”²⁷ делінген. Бұл анықтама Құдекеңнің “фонетика тіл дыбысы болған жердің бәрін қарай бермейді, дыбыс тілінің дыбыстарын ғана тексереді”²⁸ деген ескертпесі тұрғысынан алғанда, көңілге қонбайды.

¹⁹ Сонда. 100-бет.

²⁰ Сонда.

²¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010. 96-бет.

²² Сонда. 93-бет.

²³ Сонда. 109-бет.

²⁴ Сонда. 102-бет.

²⁵ Сонда. 38-бет.

²⁶ Сонда. 42-бет.

²⁷ Большой энциклопедический словарь. М. 1998. С. 554.

²⁸ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010. 38-бет.

Ғұламаның шығармашылық еңбектерінен біз байқаған басты ерекшелік сол — ғалым ана тілі мәселесін сөз ету үшін әдетте тіл-тілге тән әмбебап заңдылықтар қандай — соны алдымен сөз етеді де, содан кейін оны қазақ тілі материалымен ұштастырады. Мысалы, ғалым “Буын жігін қалай табуға болады?” деген еңбек жазғанда алдымен “1. Буын жүйесінің маңызы” деген мәселені қытай, араб, еврей тілдерін тілге тиек ете отырып, уақыт факторымен байланыста алып баяндайды. Содан кейін “2. Біздегі буын түрлері”, одан әрі “3. Буын жігі қайткенде оңай табылады?” деген тақырыпта ой толғап, кеңес береді²⁹.

Жалпы алғанда, ғалым адам мен тілдің, адам мен лингвистиканың байланысу тетігін көре білді. Мәселен, адамның өз тіліне әсер ете алатынын дұрыс түсіндіреді: “Человек, как активное животное, могущее воздействовать на свою жизнь, может активно воздействовать и на свой язык, но для этого требуется не только одна письменность, а целый ряд социально-экономических условий ...”³⁰, — дейді ғалым. Бұл айтып отырғаны — тіл дамытуға әсер ететін әлеуметтік факторлар.

Ғалымның семиотикалық тұрғыдан, тілді таңба ретінде сипаттау жөнінде де өз пікірі болмаса, “Сонау Аристотельден бастап, көпке аян болған, осы күнге дейін буржуазия ғалымдары қайталап айтып келе жатқан қисын бойынша тіл дегеніміз шартты таңба ғана болып табылады. Олай болса, біз айтып отырған табиғи тілден басқа хабарласу амалдарының бәрін де тіл ретінде тануымыз керек болмай ма?”³¹ — деген сауал қоймас еді. Демек, -Құдекеңше, тілді таңба ретінде сипаттауды нақтыламақ керек.

Қ. Жұбанов шығармашылығында да аударма жалпы тіл білімі нысанасындағы құбылыс әрі әдебиеттану мәселесі ретінде көрініс береді. Жалпы тіл білімі бойынша, аударма—бір табиғи тілдегі мәтінді мазмұны жағынан дәл келтіріп екінші тілге балама етіп беру іс-әрекеті және соның нәтижесі³².

²⁹ Сонда .365-375-беттер.

³⁰ Сонда. 501-бет.

³¹ Сонда. 98-бет.

³² Марчук Ю. Н. Автоматический перевод // Большой энциклопедический словарь. Языкознание. М. 1998. С. 15.

Қ. Жұбанов — аударманың өзекті мәселелеріне ерекше көңіл бөлген ғалым³³.

Бір қызығы, **әнді ғалым тілге байланыстырады**. Осы ретте оның “тіл-тілге ортақ ән де бар, әр тілдің өзіне меншікті басыбайлы әні де болады”³⁴ дегені еске түседі. “Одағайдың дыбысталуы” жайында сөз ете отырып, ол ән тілде көңіл райын білдіру үшін қажетті амалдардың маңыздысы”³⁵, — деп нақтылады.

Күллі тіл атаулының даму тарихында ортақ белгілер болуы да заңдылық, бұл — жалпы тіл білімі құзырындағы мәселе. Құдекең пайымдауында, тіл тарихын білу жалаң мақсат емес, тілді меңгеру мен өзгерту үшін керек: “Тілдің тарихын білу деген сөз — оның өніп-өскен жолын білу деген. Әлбетте, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жай әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің амалы”³⁶,—дейді ғалым, Құдекең ойынша: “Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз”³⁷. Демек, мемлекеттік тілдің, әсіресе оның ішкі құрылысын (мысалы, термин қоры мен жүйесін) тиісті дәрежеде дамыта алмай келе жатқанымыздың бір белгісі, әлеуметтік қажеттілікке сай, толық меңгере алмағанымыз. Қазақ тілі жүйесін ғылыми тұрғыда толық меңгере алмауымыз жоғары оқу орындарының қазақ тілін оқыту ісін жетілдіруді қажет ететінін аңдатады.

Ғұламаның “Қазақ тілі ғылымын бір адам ғана жасай алмайды, бір мезгілде ғана ол жасалмайды. Бұл — көп күш, көп қол, көп уақыт керек қылады...”³⁸ деген пікірінен жеке тіл ғылымы жөніндегі тұжырымның жалпы тіл біліміне енгізуге болатыны туындағанын байқау қиын болмаса керек.

Тіл мен жас ерекшелігі байланысы — социолінгвистикалық мәселе. Тіл мен жас мәселесі қазақ тіл білімінде өзара байланыста арнайы зерттелмеген, қаралмаған, бірақ бұл тақырыпты алғашқы меңзегендердің бірі — Құдайберген Жұбанов. Ғалым “Қазақ тілінің ғылыми курсы

³³ Қара: Бақытжанова А. К. Қ. Жұбанов және аударманың лексика-семантикалық проблемалары // Жұбанов тағылымы. Ақтөбе. 1998. 143-147-беттер.

³⁴ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010. 72-бет.

³⁵ Сонда. 130-бет.

³⁶ Сонда. 120-бет.

³⁷ Сонда.

³⁸ Сонда. 37-бет.

жөнінен лекцияларында” (“Қазақ тілінің фонетикасы” кесегінде) тіл мен ұлт, тіл мен ұлтшылдық, тіл мен жастар мәселелері байланысын қозғайды.

Ғалым “беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ескі оқығандары болды. Олар — Байтұрсынұлы Ахмет, Кемеңгерұлы Қошқе, Омарұлы Елдес, Шонанұлы Телжан, Досмұхамбетұлы Халел...”³⁹

“Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ұлтшыл оқығандары, алашордашылары болды [...]. Беріде жастардан Басымұлы Қажым, Аманжолұлы Сәрсен сияқты тіл мәселесіне белсене қатынасқандар шығып отыр. Бұлар, әрине, ілгері тілек жастар ғой, ілгеріде ауыз тұшығандай нәтиже ”берер деп дәмеленеміз. Әзірге бұлардан да конкрет зерттеу қорытындысын көре алмадық [...]”⁴⁰, — дейді ғалым. Осы орайда екі мәселені атап айтқан жөн. Біріншіден, Қ. Жұбанов үміт артқан ондаған шәкірттері жоғары жетістіктерге жетті. Құдекең есімін атаған жас ғалым Басымов Қажым Аманғалиұлы (1896— 1939) қазақ тіл білімін өркендетуге зор еңбек сіңірді. Оның баспаға басылған елуге жуық еңбегі болды. “15 жыл бойы қазақ тіл білімінің әр түрлі мәселелерімен шұғылданып, артында алуан түрлі еңбектер қалдырып кеткен Қажекеңнің есімі қазақ тіл білімі тарихында мәңгі сақталмақ”⁴¹.

Ал Сәрсен Аманжолов 30-жылдардың өзінде жергілікті тілдік ерекшеліктерді алғашқы зерттеушілер мен орта мектепке оқулық жазушылар қатарында болды. Соғыс жылдарының өзінде (1941 — 1945 жж.) Қ. Жұбанов шәкірттері С. Аманжолов пен І. Кеңесбаев докторлық диссертацияларын қорғады. Бұлар ғалымда жоғары атақ-дәрежелерге жетті. Осы ретте І. Кеңесбаевтың “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін” (Алматы, 1977), С. Аманжоловтың “Вопросы диалектологии и истории казахского языка” (Алма-Ата, 1959) еңбектерін аса зор ризашылықпен атау керек. Осы орайда айта кеткеннің артығы болмас, Құдекеңнің кіндігінен тараған ұл-қыздарының бәрі ғалым ретінде елімізге танымал. Балалары ғылым докторлары Есет пен Асқар ғылымның биік жетістіктеріне жетіп,

³⁹ Сонда. 34-бет.

⁴⁰ Сонда. 34-35-беттер.

⁴¹ Қараңыз: Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері - Алматы: Арыс, 2000. 592-596-беттер.

Құдекеннің ізін басты. Ал немересі ғалым Ардақ Құдекен мұраларын зерттеу ісін ұйымдастыруда өз үлесін қосуда.

Қ. Жұбанов сияқты, қазіргі тіл теориясы да адам мен тілдің жас ерекшелігін өзара байланысты қарастырады.

Баршаға белгілі швейцар лингвисті Фердинанд де Соссюрдің (1857 — 1913) “Жалпы лингвистика курсы” атты еңбегі ғалым дүниеден озғаннан кейін 1913 ж. жарық көрді. Әлемдік лингвистика бойынша алғанда, тұңғыш рет осы еңбекте тіл мәнбірлерін талдау жүйелі тұрғыда жүзеге асты. Замандастары мұны түсіне алмай, сынаумен болды. Өйткені олар жаңалықты түсінбей, замандасының лингвистикалық идеялары тұрғысынан бағалады. Құдайберген Жұбанов Соссюрді жақсы түсінді, оның атына әділ сын пікір де айтқан.

Ф. де Соссюрше “тіл — әлеуметтік мәнбір” (француз тілінен аударылған орысшасы: “язык есть факт социальный”). Алайда “Курстың” соңғы қорытынды сөйлемі: “лингвистиканың бірден-бір және ақиқат нысаны іштей өзінше және өзі үшін қарастырылатын тіл” (“... основной мыслью этого курса: единственным и истинным объектом лингвистики является язык, рассматриваемый в самом себе и для себя”).

Профессор Қ. Жұбанов Ф. де Соссюрді “тіл білімінде әлеуметтік бағыт ұстаған әйгілі Женева мектебі деген көрнекті мектептің адамы. Ф. де Соссюр — “синхроническое языкознание” деген бағыттың негізін салған ғалым. Аталған бағыт тілдің бір дәуірдегі қалпын ғана қарайды. Осы идеяға берілген ғалым әр заманда тіл жүйесі әр басқа болады деген жаңсақ көзқараста болды. Оның қателігі тілді еш уақыт өзгермейтін қатып қалған зат деген түсініктен туған,” — дейді. Бұдан әрі Қ. Жұбанов еңбектерінде “синхроника”, диахроника мәселелеріне тоқталады. Ғалым сөзінің дұрыстығы сол — қазіргі тілтаным оқулықтарында тілдің тарихи дамуының белгілі бір кезеңдеріндегі қалпы (синхрония) да, тіл жүйесінің тарихи дамуын тілді оның уақыт шеңберіндегі даму үрдісінде (диахрония) қарастырылады.

XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Соссюр ізімен өз бетінше зерттеуді ұсынғандарға, тіл болмысының сыртқы жағдайымен шектелушілерге социолингвистикалық тұрғыдан, сондай-ақ американ структуралистіне, тіл әлеуметтік құбылыс

ретінде сипатталып, теориялық тойтарыс берілді, тілді “өзінше және өзі үшін” зерттеуге болмайтыны дәлелденді. Сондай-ақ тіл — таңба жүйесі, ал таңба жүйесі тек қана өзгереді, дами да алмайды, жетіле де алмайды деген “тұжырымдама” да құрықталды. Осы ретте тілді халықпен, шындық өмірмен байланыстыра зерттеген, тілдің әлеуметтік табиғатын аша білген Кеңес социалингвистерінің еңбегін атап көрсету керек⁴².

Профессор Қ. Жұбанов Ф. де Соссюрді “тіл білімінде әлеуметтік бағыт ұстаған... “синхроническое языкознание” деген бағыттың негізін салған ғалым. Аталған бағыт тілдің бір дәуірдегі қалпын ғана қарайды. Осы идеяға берілген ғалым әр заманда тіл жүйесі әр басқа болады деген жаңсақ көзқараста болды. Оның қателігі тілді еш уақыт өзгермейтін қатып қалған зат деген түсініктен туған,” — дейді. Қ. Жұбанов “синхроника”, диахроника мәселелеріне тоқталады. Ғалым сөзінің дұрыстығы сол — қазіргі тілтаным оқулықтарында тілдің тарихи дамуының белгілі бір кезеңдеріндегі қалпы (синхрония) да, тіл жүйесінің тарихи дамуын тілді оның уақыт шеңберіндегі даму үрдісінде (диахрония) қарастырған.

XXI ғасыр лингвистикасы тіл мен сөйленімді (речь) жеке-жеке тұжырым ретінде де, өзара байланыста да қарастырады. Қ. Жұбанов та осылай пайымдай келіп, “сөйлеу — хабар беру, коллективтік көрініс. Бұған ең азы екі адам қатысуы керек. Ұжым болып қатынарудың (хабарласудың) басқа да амалдары бар. Тіліміздің олардан айырмасы не? Хабар қалайша, қай жолмен беріледі? — мәселенің түйінді жері, міне, осы екеуі”, — дейді.

Қазіргі, XXI ғасыр лингвистикасы парадигмалары Ф. де Соссюрден бастау алған тілді құрылымдық бірліктерден (элементтерден) тұратын таңбалық жүйе ретінде қарастыратын, яғни пәні тіл болып есептелген құрылымдық лингвистика (структуральная лингвистика) ілімі пайда болды, оның шаруасы өткен ғасырдың екінші жартысында (жартысының басында) бітті, сол себепті тіл лингвистикасы зерттеулері орынын сөйленім лингвистикасы (лингвистика речи) зерттеулері басты.

Қазіргі тіл туралы ғылым сөйленім лингвистиканың жалпы және ортақ пәнін анықтау жолында ізденісте. Ізденіс

⁴²Будагов Р. А. Язык — реальность — язык — М: Наука, 1983.

үстінде “Адам қатынасының мақсаты қандай, тілді не үшін қолданады?” деген сұрақ қойылуда.

Қ. Жұбанов бұл сұраққа сол кездің өзінде дәл қазіргі психолінгвистіше, социолінгвистіше жауап берген болатын: “Тіл — бір адам үшін керек емес, тіл жеке адам үшін жасалған нәрсе. “Тіл деген не? дегенде алдымен осыны ескеру керек”⁴³, — дейді ол.

“Бір тілмен сөйлесу үшін адамдар бір-бірімен аралас болуы керек, істес болуы керек”⁴⁴, — деген еді ғалым.

“Біздің бірөңкей қазақша сөйлеуіміз неліктен?” деген сұрақ қойып, оған “ол атамыз бір болғандықтан емес. Ата-тегі түрліше болса да, бір тілде сөйлейтіндер аз емес...”⁴⁵ дей келе “...тіл бірлігі неден?” деген сұрақ қойып, оған “Адам — қоғамның үйіншігі емес, ұжым. Мұны ескеру қажет”⁴⁶, — деп қазіргі социолінгвистіше жауап береді.

Қазақстанның тілдік даму стратегиясын жүзеге асыру тегіктерін жасау барысында, атап айтқанда, қазақ-орыс-ағылшын үштілділігін дамыту, жаңа әліпбиге көшу қайшылықсыз болуы үшін Қ. Жұбановтың лингвистикалық пайымдаулары ескерілуі тиіс.

Қ. Жұбанов жазуды жақсарту арқылы тіл дамыту мәселесін алға тартты. Жаңа әліпби қабылдау үшін Кеңес Одағында Бүкілодақтық жаңа әліпби орталық комитеті құрылды, оған кавказ тілдері маманы Николай Феофанович Яковлев (1892 — 1974) басқарды. Ол “Әліпби құрудың математикалық формуласы” деген мақала жариялады. Осыған байланысты ғалым «күллі тілдер үшін әліпби жобасын «ойлап шығарған Яковлев деген профессорды «дилетант» деп атай отырып, былай дейді: «...он обосновал письменность «математически сформулированного алфавита» применительно к латинской графике. Что же касается существа дела, то премудрая «математическая формула построения алфавита» была лишь ученым плагиатом. Это была переуплощенная в математику казахская система сокращения

⁴³Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010. 92-бет.

⁴⁴С он да.

⁴⁵С он да.

⁴⁶С он да. 92-бет.

букв, созданная для замечания следов, как и сознавался сам Яковлев»⁴⁷.

Иә, таңба, таңбаландыру - тіл дамытудың әлеуметтік лингвистикалық факторы және ол тіл дамытумен тежеудің пәрменді жолы. Бұл ретте Қ. Жұбановтың екі пікірін айрықша атаған жөн.

1. Қ. Жұбановша, сөйлеушілерінің басын біріктіретін - жазу, бірақ ол үшін **жазу бұқаралық сипат алуы тиіс**. Ол былай дейді: “До тех пор пока масса не взяла в руки власть, она (письменность) не могла быть массовой, а [...] являлась принадлежностью верхушек. Поэтому она не и не могла распространяться и объединить языки масс. В дальнейшем можно будет в связи с тем, что письменность будет массовая, объединить в одну письменность и язык, но одной письменностью объединить языки нельзя. Человек, как активное животное, могущее воздействовать на свою жизнь, может активно воздействовать и на свой язык, но для этого требуется не только одна письменность, а целый ряд социально-экономических условий, которые могут объединять не только тюркские языки, но в дальнейшем все языки мира, но пока об этом нечего думать. Если мы вступим на путь этимологического письма, у нас получится такое же явление, какое имеется в английской письменности и в ряде других письменностей”.

...Мы не можем надеяться на то, что с переходом на морфологический принцип правописания возможно будет унифицировать письменность, а главное - языки. Я тоже сторонник унификации, но здесь нужны особенно осторожные меры.

Казахское лар имеет четыре начертания, мы не можем отказаться от них и перейти к ل (лр). Это затруднит обучение первоначальной грамматике, а в дальнейшем также саму грамотность. Чтобы не писать безграмотно, начертание должно быть приближено к произношению. Иначе требуется зазубривание всех графических форм, как было у русских с «ять» у русских»⁴⁸.

⁴⁷ Сонда. 507-бет.

⁴⁸ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010. 501-бет

2. Қ. Жұбановша, **орфография** мәселесін тілші шешкен емес, **өмірдің өзі шешкен**. Ол былай дейді: «Возьмите любую письменность у культурных народов. Несмотря на то, что у них имелись крупные лингвисты, они мало помогли построению орфографии, потому что до сих пор лингвистика являлась чистой наукой». В дальнейшем она должна помогать и практическому письму.

Арабское правописание основано на историческом принципе правописания. Оно было продиктовано не невежеством арабов, а являлось результатом особенностей арабского языка. Собственно, арабская филология была настолько развита, что современная фонетика [...] мало опередила арабскую фонетику, которая существовала несколько сот лет тому назад. Эта самая ассимиляция и диссимиляция давно были известны, и, пожалуй, наши мугалимы хорошо знают об этом и помнят, что такое **إدغام** (ихфа, идгам). Но не этой арабской филологией были выработаны принципы арабского правописания, их выработала природа арабского языка, имеющего трехсогласный корень и бедность гласных. Все это обусловило морфологический принцип»⁴⁹.

Күдекең «Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз»⁵⁰ деген.

Қ. Жұбанов - латын әліпбиін қолдаған ғалым. Күдекең айтып кеткен, сол бір кездегі зорлықпен болған әліпби ауыстырудың тауқыметін бүгін біз тартып отырмыз. Сондықтан да күн тәртібіне жазу ауыстыру мәселесі қайта-қайта қойылып отыр. Осы бір аса жауапты істің оң шешімін табуы үшін Қ. Жұбановқа кеңеске келмек керек. Біздіңше; жазудың қандай ма түріне көшсек те Қазақстанды мекендеген барлық ұлттың, әсіресе орыстардың бірге көшуін ұйымдастыру шарт. Әйтпесе **қазақ халқының орыстілді, қазақтілді болып жікке бөлінуі беки түседі, қоғам ыдырайды.**

Ең бастысы, қандай әліпби қабылдамайық, біздің тіліміздің дыбыстық жүйесі қаз қалпында сақталуы тиіс.

Қазақ фонетикасын зерттеуші А. Байтұрсынұлы, Ж. Досмұхамедов, Қ. Жұбанов ана тілінің дыбыс жүйесін

⁴⁹Сонда. 502-бет.

⁵⁰Сонда. 349-бет.

көкірек көзімен түйсіну әдісін қолдана отырып, қазақы фонетика ғылымының негізін салды⁵¹. Бұл жолда үшеуі де аянбай күресті. Мысалы, Қ. Жұбановша: “Үндестік заңы ...дыбыстардың ...ымыраласуы”⁵². Ол қазақ тілінің іргелі үндесім заңдылығын сақтауға атсалысты: “...объявление войны против сингармонизма, как часто поступают ученые мужи из ВЦКНА (Всесозный Центральный комитет нового (латинизированного) алфавита — Б. Х.), равносильно объявлению войны против агглютинативного строя так называемых урало-алтайских языков”⁵³, — деді.

Қазіргі фонетистер Қ. Жұбановтың қазақ тілі мен буын тілге жатады деген пікірі түркологияға қосылған жаңа үлес ретінде бағалауда⁵⁴.

XX ғ. соңғы ширегінде үндесім фонетикасы қалыптасты.

Қазіргі жаңа әліпби ауыстыру тұсында қазақ тілінің дыбыс құрамының ғылыми сипаттамасы жасалды, үстем тілдер теориясының ықпалынан құтылу мүмкіндігі туды. Жаңа әліпби социолингвистикалық тұрғыдан, әсіресе социофонетикалық негізде жасалуы тиіс.

Қазақ ғалымы үндіеуропа тілдері ғана емес, басқа тілдер жанұясына жататын ондаған тілдер материалдарын, тіл тарихымен байланысты материалдарды молынан пайдаланып, жаңа пайымдаулар ұсынды. Сондықтан да жаңа мыңжылдықтың салыстырмалы-тарихи тіл білімі Жұбанов зерттеулерімен үндес.

Қорыта айтқанда, Жұбановтану ғылымы жоспарлы түрде дамуы тиіс, өйткені ол тіл білімінің тарихи дамуының әдіснамалық негізін салуға, қазақ лингвистикасының қазақ тілінде дамуына бір ғасыр толған тұста тіл туралы білім үлгілері (парадигмасы) ауысуының себептерін анықтап, ұлттық тіл мен мәдениеттің байланысу үдерісін дұрыс пайымдап, қоғам қажеттілігіне қаншалықты байланысты екенін, қоғамның тілді пайдалануын саналы түрде үйлестіруге септігін тигізсе керек. Бұл үшін студенттер мен магистрант, докторанттар ғалымның еңбектерін түпнұсқадан оқуы тиіс. Отандық білім мен ғылым, қажеттілікке сай, қазіргі кезде жүйеге түсірілуде.

⁵¹Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. 7-бет.

⁵²Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 2010. 365-бет.

⁵³Сонда. 537-бет.

⁵⁴Жүнісбек А. Введение в сингармоническую фонетику. – Алматы: Арыс, 2009. 46-бет

Қ.Қ. Жұбанов еңбектері арқылы алдыңғы аға буын қалай тәрбиеленсе – кейінгі толқын жаңа заманның толық тұлғасына солай айналмақ.

Қ. Жұбанов идеялары ықпал етпеген бұрын-соңды қазақ тілі білімпаздары болмаса керек. Ал тіл теориясы бойынша оған оның тұтастары да, кейінгі буын тілшілер де қарыздар десек, еш артық айтқандық болмайды.

Қазақ “сын түзелмей, мін түзелмейді” дейді. Қ. Жұбанов идеяларымен қаруланған бүгінгі ұрпақ әлемдік тіл теориясына қазақ тілі материалдары негізінде өз үлесін қосары анық.

Турасын айтсақ, Қ. Жұбанов еңбектері үнемі “Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер” деген атпен жариялануда. Бұл — дұрыс емес. Ғалымның өзі айтпай ма: “... Мұндағы жазылғандар ... қазақ тілі, оған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін тексерген жұмыстардың... қорытындысы” еді . Ендеше, Қ. Жұбановтың келесі еңбектер жинағы “Қазақ тілі және жалпы тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер” деп аталуы тиіс. Ғалымның келесі жинағында қолжазбалары мен қолтаңбалары (автографтары) толық қамтылуы тиіс, соның негізінде “Қ. Жұбанов тілі сөздігі” жарияланса, кәне!

XIX ғасырдың басынан (1816 ж.) жаңа бағытта даму бағытын анықтаған әлемдік тіл білімі өткен ғасырда жаңаша қарқын алды, ал ХХІ ғасырда білім үлгісі (парадигмасы) ауысуы барысында жан-жақты дамуда.


Қазіргі білімнің бастауында болған ғалымдардың үлесі оқу-ағарту, ғылым саласында қаншалықты екенін анықтау талап етіле бастады. Міне, осы тұрғыдан келгенде қазақ тіл білімінің дамуына өз үлесін қосқан ғалым — Құдайберген Қуанұлы Жұбанов. Қазіргі отандық тілшілер қауымы “Қ.Қ. Жұбанов қосқан үлестің көлемі, салмағы, маңызы қандай?” деген сұрақ қойса, қане. Жауап дамыған инстинкт, объективті ғылыми білімге негізделуі шарт. Біріншіден, лингвистикалық ілімнің даму тарихында тіл зерттеудің стратегиялық бағыттары анықталуда, дәстүр мен жаңалықтар негізінде “Қазіргі тіл білімі” ұғымы нақтылануда. Тілтанымның өз алдына ғылым ретіндегі даму барысында көптеген жаңа бағыттар пайда болуда, олар саралануы тиіс.

Баршаға аян, ХХ ғасырда ұлттық тіл білімінің ғылыми негізін салған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов отандық жалпы

тіл білімінің көзін ашты және оның пайымдаулары ХХІ ғасыр тілтанымына тамырын жайды. Ғалымның салыстырмалы-тарихи лингвистикалық пайымдаулары тарихи ұстанымға негізделген **лингвистикалық компоративизм** парадигмасына, керек десеңіз, қалыптасу үстіндегі **жүйелі-құрылымдық** парадигмаға дәп келеді. Ғұлама еңбектері қазақ тілі, түркі тілдері мен шетел тілдері материалдарына негізделген пайымдауларға мол қаныққан, оның **біртұтастық** пен **жүйелілікке** құрылған еңбектері — осы тұжырымымыздың кепілі. Сонымен қатар Қ. Жұбановтың пайымдаулары мен атауға байланысты тұжырымдары бүгінгі әлем тіл білімінде белгі бере бастаған **когнитивтік парадигмаға** ұласады. (Айта кетелік, бұған ғалымның “Тіл дыбыстарының табиғатын қалай танып келдік, қалай тануға тиіспіз?”, “Тіл дыбыстарын бұлай танып келуіміздің себептері” деген дәрістері толық дәлел бола алады).

Ғалымның **әлеуметтік лингвистикалық** сынды пайымдауларына, іс жүргізу сияқты ғылыми-практикалық мәні зор ескертпелеріне де назар аудармақ керек.

Қорыта айтқанда, Қ. Жұбановтың теориялық пайымдаулары **лингвистикалық ілімдер тарихына** енгізіліп, қазіргі тіл теориясы елегінен өткізілуі тиіс.



1.2. ҚЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ГРАММАТИКА ТЕОРИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.Н.Аитова

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе

университетінің доценті,

филология ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы Ақтөбе қаласы

nurly72@mail.ru

Қазақ тіл білімін әлемдік тіл білімінің іргелі теорияларымен ұштастықта әрі оның ұлттық негізін терең де тұщымды қарастырушы ірі теоретик лингвист-ғалым ретінде Қ.Жұбанов артына құнды мұра қалдырды. Оған дәйекті біз ғалымның зерттеу еңбектерінен табамыз. Әсіресе, жалпы грамматика мен фонетика/фонология саласында жасаған зерттеу жұмыстарының тіл теориясы аспектісіндегі мәні жеткілікті зерттелмеген.

Қ.Жұбанов қазақ тілі жөнінде зерттеулер жасай отырып өзінің теориялық тұжырымдауларында әлем тіл біліміндегі ауқымды да жаңа теориялық көзқарастарға өз пікірін білдірумен шектелмеді. Егер зерттеушінің ғылыми тезистеріне зерделей қарасақ, оның кейін америка мектебі, еуропа тіл білімдарларының еуропаөзектік тіл білімі тұрғысынан ашқан жаңалықтарының шетін өз зерттеулерінде түйіндегеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл секілді пікірлерді қазіргі қазақ ғалымдары да айтып жүр. Мәселен ғалым М.Малбақов «Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулері көп уақыт бойы құрылымдық лингвистика тұрғысынан қарастырылып келгендігі белгілі. Алайда ғалымның қамшының сабындай қысқа ғұмырында қалдырып кеткен мұраларына тереңірек үңіле қарап, қазіргі тіл білімінің даму бағыт-бағдары, ұстанып отырған концепциялары тұрғысынан көз тастасақ, бүгінгі ғылыми ой-тұжырымдардың «мен мұңдалап» жатқандығын аңғарамыз... Қ.Жұбанов еңбектеріндегі функционалды грамматика нышандары сипатталып, паралингвистика, психолінгвистика, гендерлік, әлеуметтік, коммуникативті-прагматикалық лингвистика, стилистика, тіл мәдениеті салаларына қатысты ой-

тұжырымдары бүгінгі тіл білімінің теориялық жетістіктері деңгейінде жаңа қырынан қарастырылды», - дейді [1].

Қ.Жұбанов өз тұсындағы еуропаөзекті тіл ғылымы теориясының жаңа бағыттарына сәйкес функционалдық лингвистика мен формалды лингвистика (формашылар – Қ.Жұбановша) өкілдерінің теориялық тұжырымдарына өз көзқарасын білдіреді.

Алдымен грамматика теориясы бойынша пайымдауларға зер салайық. Негізгі грамматикалық зерттеулер қазақ тіл білімінде еуропалық дәстүрде қалыптасты. Соның негізгісі – жүйелік-құрылымдық грамматика. Зерттеушілердің құрылымдық тұрғыдан тілді зерттеу тіл табиғатын толық ашып беруге жарақты бола бермейтінін айтып, кезіндегі құрылымдық лингвистиканың кемшіліктерін ашып көрсетуі негізінен антропоөзектік парадигманың белең алу кезеңіне қатысты белсенді жүре бастады. Оның өзі отандық ғылымның жүйелік-құрылымдық лингвистика ыңғайында ұзақ аялдап қалуымен байланысты. Мәселен, А.А.Солтанбекова «Бүгінгі таңда көш ілгері дамып келе жатқан елімізде тіл білімі саласына да үлкен мән беріліп, үлкен бетбұрысқа ие болды. Ал грамматиканы құрылымдық тұрғыдан зерттеу тілдің табиғатын ұлттық тұрғыдан заманға сай анық ашып бере алмайды. Сол себепті тіліміздің құндылығын жоғалтпайтын, өміршендік қасиетін жоғары бағалайтын, бір деңгеймен қатып қалмай, тілдің барлық деңгейін мазмұннан формаға дейінгі бағытта қарастыратын функционалды грамматикаға бет бұрамыз», дейді [2,3-6.]. Ал қазақ ғылымында үнемі қазақ тіл білімінің дәстүрлі лингвистикасын қалыптастырушылардың бірі ретінде танылса да, шындығында функционалдық грамматиканың мәселелерін зерттеп, еуропалық, ресейлік зерттеушілердің пікірлеріне үн қосып, өз ұстанымдарын білдіргендердің алғашқы легінде Қ.Жұбанов тұр. Оның өзіндік себептері де бар еді.

Ғалым бірнеше парадигма алмасымындағы әлемдік грамматика теориясы проблемаларымен таныс болды. Оның ішінде тарихи-салыстырмалы грамматика, құрылымдық бағытта дамыған формалды және функционалды грамматика теориялары. Құрылымдық грамматиканың функционалды және формалды грамматикалық теориялары бірінен-бірі туындаған

әрі кей мәселелерінде бірін-бірі жоққа шығаруға ұмтылған тілдік ілімдер болатын. Сондай-ақ олардың әрқайсысының әдіснамалық негізі, ұстанымдары әртүрлі. Қазіргі грамматикадағы қайшылық осылардың белгілі бір шегінің ажыратылмай немесе құрылымдық грамматика шеңберінде басқа теориялар идеясымен аралас пайымдау жасауларымен қатысты болып отыр. Тіпті ол грамматика шеңберіндегі ілімдер ғана емес, одан өзгесінде де орын алған көптеген жайттардың болуы мүмкін. Ол теорияның жараксыздығынан, оның ішінде тілдің мүмкіндігін теориялаудағы мүлт кетушіліктердің негізінде, табиғи тілді жетік түсінбестен өгей теорияға ыңғайлау салдарынан туындайды. Қайта өрлеу дәуірінен кейінгі тілдің логика-философиялық мазмұнына ден қойған универсалды грамматикалық теория бірден терістелгенмен оның түп мәні құрылымдық сападан антропоэзектік сапаға мойын бұруға америка лингвистері үшін (генеративтік грамматика үшін) дерек болғаны белгілі. Посткеңестік тіл ғылымы белгілі деңгейде мәні материяға негізделген грамматикалық теориялар шеңберінде дамығандықтан ол мәселеден айналып өткен. Құрылымдық лингвистика ыңғайындағы тілді құрылыс, және құрылыс материалдары секілді пайымдау көп кемшілікке орын беретініне қазақ ғалымдары ішінде алғаш дабыл қаққан да Қ.Жұбанов екенін білсек керек, ол дегеніміз – тілді зерттеудің формашылдықтан арылып, жаңа бағытта дамуына (функционалды) ықпал етуі. Тілдің әлеуметтік мазмұнының мәні, тілдің сөйлеу жағдаятынан ажырамай өмір сүруі туралы да пікірлері ілгері: «Тіл элементі атау қызметін өтесе, сөз болғаны; егер хабар беру қызметін өтесе, сөйлем болғаны», деп бір мезгілде әрі тіл әрі тілдесім элементі ретінде жұмсалатынын білдіреді. Одан әрі «Бұл келтірілген екі түрлі өзгеше қасиет барлық сөздерге де тән, өйткені олар әрі номинативтік, әрі коммуникациялық қызмет атқарады. Сөздің бір басында екі функция (қызмет) болады: бірінші - хабар беру қызметі, коммуникация функциясы; екінші - таңбалау қызметі, норматив функция не сигнификация» дегендегісі – тілдің функционалды қырын есепке алып айтқаны [3,99] Қ.Жұбанов грамматика нысаны болатын сөзге төмендегідей анықтама береді: *Сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің*

өзінің білген затының, білген құбылысының ғана аты. ...білінген нәрселерге қойылған атты сөз дейміз. Бұдан көретініміз – ұлттық/ халықтық/ адамзаттық немесе өркениеттік/ зарыштық шеңберде танылатын түсініктерге орай сол көрсетілген шеңберге лайық деңгейдегі грамматика теориясы шеңберінің де сызылатындығы немесе бар болатыны. Бұл Қ.Жұбановқа жүгінсек, *тіл ілімінің өмірмен байланыспай, таза ілім болуымен* қатысты сараң жүзеге асып жүр. Басқаша айтқанда тілдің, «таза өзі үшін және өз ішінде» қарастылуының өмірден тыс (тілдің қызметтік жағы, семантикалық қызметі туралы – Н.А.) қалуына сеп болмақ. Прага лингвистикалық үйірмесінің функционалистері айтқан «Ешбір тіл вакуумда өмір сүрмейді, тіл өзіне таңылған коммуникативті және экспрессивті қажеттіліктерді өтеу үшін тілдік ұжымда өмір сүреді» тезисіндегі идеямен Қ.Жұбановтың жоғарыдағы пікірі сай түседі.

Тіл грамматикасы теориясы – жалпы сипаттағы абстракт дүние. Құрылымдық жүйе жекелеп, бөлшектеп қарауға келгенмен, тілдің семантикалық кеңістігі тұтас бір бүтіндік, монолитті сипатымен ерекшеленсе керек. Оның арғы жағында тілдік жағдаяттағы сөйлеуші мен тындаушы арақатынасында көрінетін тілдік қолданыс семантикасы да бар. Құрылымдық жүйеде әр жеке тілдің өзіндік болмысы ерекшеленеді, әртүрлі тілдердің құрылымдық типін ескеру де оның ортақтықтан гөрі ерекшелігінің барын байқаудан, бақылаудан туып, жіктеу жасауға негіз болған болатын. Ал сол элементтердің қызметі жалпы тілдерде мейлінше ортақ, әмбебап сипатқа ие. Егер осыдан тұжырым жасар болсақ, әр тілдің құрылымдық жүйесі жеке ұлттық құрылысқа жүгініп, функционалды жүйесі жалпы тілдердің әмбебап мазмұны арқылы негізделетін теориялық сипатта болғаны жөн. Осы жерде А.Байтұрсынұлының ұлттық тілдің болмысына сай құрылымдық жүйесін дөп танып, ұлттық дәстүрлі грамматиканың негізін салғаны баршаға аян. Ал Қ.Жұбановты жалпы тіл біліміндегі грамматика теориясының негізін қалаушы десек артық па? Тілдің функционалдық қырын зерттегендіктен де профессор Қ.Жұбанов әлемдік тіл теориясы кеңістігіне шығып, оған өз көзқарастарын білдірді. Профессор Б.Хасанов: «Қ. Жұбанов идеяларымен қаруланған бүгінгі ұрпақ әлемдік тіл теориясына

қазақ тілі материалдары негізінде өз үлесін қосары анық», дей келіп, «Турасын айтсақ, Қ. Жұбанов еңбектері үнемі “Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер” деген атпен жариялануда. Бұл — дұрыс емес. Ғалымның өзі айтпай ма: “... Мұндағы жазылғандар ... қазақ тілі, оған жақын тілдерді, жалпы тіл ғылымы жүйесін тексерген жұмыстардың... қорытындысы” еді. Ендеше, Қ. Жұбановтың келесі еңбектер жинағы “Қазақ тілі және жалпы тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер” деп аталуы тиіс»,— дейді жоғарыдағы өз зерттеуінде. Бұл тек зерттеу бағытының жалпы мазмұнына ғана қатыстысы. Бұған қосарымыз, өз еңбегінде Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» тарауында 1-бөлімді *«Сөздің жалпы құрылысы» (Жалпы морфология) (1936 ж.)* деп атауы да оның жалпы тіл білімі шеңберіндегі зерттеу жасауының дәлелі, алайда біз оны әлі күнге жеке тіл білімі саласын қарастырды деумен шектеліп жүрміз. Бұл — бір. Екіншіден ғалымның грамматиканы ғылым ретінде түсінуі мен түсіндіруі өзгеше: ***Сөз бұйымының қалай құрылатынын, сөз материалының сыр-сыпатын білдіретін ғылым грамматика аталады.*** ... «Грамматика — грек халқының сөзі. Мағынасы — жазу танытқыш деген. Бұлай аталу себебі — ерте кезде грамматика тек жазылған сөзді оқып түсінуге ғана кілт болған. Бүгінде грамматика жазылатын сөзді де, айтылатын сөзді де дұрыс құруға, дұрыс түсінуге үйрететін ғылым болып кетті» [З. 149-150 бб.]. Бұл жерде көңіл бөлетін нәрсе — грамматиканың тіл грамматикасы және тілдесім (сөйлеу) грамматикасы ретінде бөлінуі туралы ишараның берілгендігі. Қазіргі грамматикада кейін бұл екеуінің аражігінің ажыратылмай тұтастырылып жүргендігі байқалады. Бұл туралы кейінірек тағы айтамыз. Үшіншіден, Қ.Жұбановтың грамматика мен оның нысаны туралы ойлары тосын да соны, нақтырақ айтқанда құрылымдық деңгейде тұжырымдаудан басқарақ. Ол үшін грамматика теориясы, оның қазіргі кездегі анықталуы туралы айта кету керек.

Грамматика өз тарихында түрлі мектептер/бағыттар сапында зерттеу теориясы ретінде ұзақ дамуды басынан кешірді. Соның ішінде ілкісі құрылымдық лингвистикаға дейінгі грамматикалық зерттеу нәтижелері бойынша қалыптасқан — дәстүрлі грамматика. Ф.де Соссюр

қалыптастырған құрылымдық лингвистика алғаш зерттеу нәтижелері жария болғаннан-ақ өз қолдаушыларын тауып, еуропада, ресейде дамытушы өкілдері белгілі болды. Алайда олар өздерінің негізгі тілді зерттеу бойынша ұстанымдарына қайшы пікірлерге де бой алдырып отырды. Осының салдарынан оның ішкі бағыттары пайда болып, әртүрлі мектептер ретінде дами бастады. Осы бағыттардың грамматика туралы түсініктеріне, зерттеу принциптеріне, категорияларды топтастырудағы ойларына қатысты уақытында өз зерттеулерінде ащы да әділ сын-пікірін білдірген қазақ ғалымы – Қ.Жұбанов (қараңыз аталған еңбек, 83-бет). Сол кезден ақ маңдайын түзеп алмағандықтан әлі күнге дейін грамматика кемшіліктен арылмай келеді. Сол күйі дамуда болған грамматика түрлі аспектілерде қарастырылып, жіктелулердің нәтижесінде қазір мынадай грамматика түрлері қалыптасты: дәстүрлі грамматика, құрылымдық грамматика, формалды грамматика, функционалды грамматика, танымдық грамматика, генеративтік грамматика, т.с.с. Кім кімнің баласы дегендей, осылардың қайсысы қайсысын дамытады, қайсысы дербес, қайсысының атауы бөлек, заты бір, қайсысының заты бір, аты басқа дегендерге әлі оқу әдебиеттерінде жарытымды жауап болмай жүр. Оның осындай кемшін екенін мектеп бағдарламасындағы грамматикалық білім бір басқа, жоғары мектеп бір бөлек, академиялық білім бір төбе болуы-ақ көрсетіп тұр ғой. Атап айтсақ, мектеп бағдарламасы құрылымдық-жүйелік грамматиканы қамтиды, жоғары мектепте филологиялық мамандықтардан өзге мамандықтарда оқылатын «Қазақ тілі» пәні оқу бағдарламасында коммуникативтік лингвистика мазмұны қамтылса, филологиялық мамандықтарда жүргізілетін «Қазақ тілі» бойынша оқу бағдарламалары мазмұны тіпті қойыртпақ: 1) «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі» («Жай сөйлем синтаксисі», «Құрмалас сөйлем синтаксисі» («филология» мамандығында оның бірі міндетті компонент, бірі таңдау ((таңдалса?))), «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», қалған салалары да да бар, алайда грамматика саласы ретінде емес. 2) Қай *қазіргі* қазақ тілі? Мазмұны кеңес дәуірі кезінде жүйелік құрылымдық, ішнара функционалды грамматика бойынша құрылған, сөзжасамы білім бағыты бойынша «қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығында құрылымдық, «филология» бакалавры үшін функционалды. Фонетика грамматика саласы ретінде емес. *Қазіргі* болса, оның ішінде неге танымдық грамматика, функционалды грамматика, генеративтік грамматика т.б. сала ретінде аталмайды. Біз қазіргі тіл білімі десе ғана теориялық грамматиканы атап, қазіргі қазақ тілі десе жүйелік-құрылымдық немесе дәстүрлі лингвистика деп қабылдаймыз. Осыны да ескерген дұрыс. Академиялық грамматика өз зерттеулерін жаңа арнаға бұрып кетті. Әу бастағы жүйесіздіктен *үздіксіз білім беру* астарында үздіккелі қашан?! Текшелеп жиып, өкшелетіп оқытпағаннан соң сылдыр сұрақтардың жауабы ретінде тест жаттап әлек білім алушыларымыз. Бұлардың бәрі де бір екшеуге зәру әңгіме.

Тілдің құрылымдық бағытынан бастау алған теориялық зерттеулер тілді зерттеу әдісіне қарай екіге ажыратады: формализм (тұлғалық) грамматика, функционализм (жұмсалымдық) грамматика. Осы жерде айта кету керек, бұл грамматикалар да өзінен бұрынғы грамматикалық дәстүрлерден бастау алады, тек ұстанымын сипаттау, әдісін нақты көрсетуі арқылы айырықшаланды. Олардың әрқайсысының өздері мойындаған тілдік құрылымдарды анықтау әдістері, яки түсіндіру негіздері болуына қарай ерекшеленеді. Табиғи тілдің грамматика теориясы бақыланған деректерді дұрыс түсіндіре алатындай, басқаша *айтқанда табиғи тілде кезікпейтін деректерді түсіндірумен айналыспайтындай* болуы тиіс. Оның ішінде таңбалық ерекше жүйе ретінде әр тілдің өз мүмкіндігі мен этномәдени шеңбері астарында қолданыстағы грамматикалық теория түсіндіре алмайтын тұстары да барын ескеру керек. Осыны шешу бағытында пайда болған антропоэлектік парадигма шеңберіндегі грамматикалық теориялар (когнитивтік грамматика, дискурс теориясы т.с.с.) саласында да тіл мен тілдесім фактілерін ажыратпаушылықтар кездесіп жатады. Мұның өзі ол ғылымдардың тоғыспалы ғылымдар немесе экстралингвистикалық ғылым салалары болуына байланыстырылып, атүсті түсіндіріліп жүр. Дегенмен бұл түйткілдерді шешу үшін алдыңғы теориялық ілімдер мазмұнына жіті зерделеудің қажеттігін білдірсе керек. Ең

алдымен грамматика саласына қай ғылымдар енеді дегенді анықтап алмақ керек. Төмендегі кестеге қараңыз:

№1-кесте:

№2 кесте

ЖАЛПЫ ГРАММАТИКАДА				
Дәстүрлі	Ф.де Соссюр (құрылымдық)	формашылдар	функционалды	генеративтік
фонетика	лексика	морфология	фонология	синтаксис
морфология	морфология	синтаксис	морфология	семантика
синтаксис	синтаксис		синтаксис	фонология

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген дәстүрлі грамматикаға сай Қ.Жұбанов та, А.Байтұрсынов та грамматика салаларын қарастырған. Қазақ тілінің грамматикасында (Қазақ тілінің грамматикасы, 2002) фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис салалары бар[4]. Мұндағы сөзжасам – қазақ тіліндегі кейінгі зерттеулер (профессор Н.Оралбаеваның сөзжасамдық зерттеуімен байланысты) жемісі.

Қ.Жұбанов грамматика тараулары туралы айта келіп, грамматика құрылымында:

• **Фонетика. Морфология** (әрі мағына жағынан, әрі форма жағынан). **Синтаксис** - абстракт (Жұбанов, 2010, 84-б), деген тұжырым жасайды.

Жоғарыда ғалымның тіл мен сөйлеу грамматикасына қатысты ишарасын берген едік. Шегініс жасап ойымызды өрбітсек, тілдік жүйеге қатысты *тіл грамматикасы* деген түсініктің анықталуы қажет пе?! Біздіңше, тіл мен тілдесім теориясына қатысты грамматиканың екі ұшының басы ажыратылмағандықтан да шатыстырушылық орын алған тәрізді. Грамматиканың құрылымдық компоненттері әуелі қай грамматика туралы сөз болып отырғанына байланысты ажыратылуы керек. Тілдесім тілсіз мүмкін емес. Оның өзі *тіл мен тілдесімнің* арақатынасынан туындайды. Ол – тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметін зерттеуге ден қоятын тіл грамматикасы және сөйлеу техникасына қатысты тілдік

таңбалардың орнын, құрылымын, сөйлеу амалдарын айқындайтын *тілдесімдік* грамматика. Оның бастауы Ф.деСоссюрдің тіл лингвистикасы және сөйлеу лингвистикасын бөлуінде жатыр. Қ.Жұбановтың өзі оны «грамматика сөз құраудың (речь) техникасын, әдісін қарайды» (Жұбанов, 2010, 91-б.) және «грамматика процесті қарайды» дегенде екі түрлі грамматика туралы мензейді, алайда әуелде оның алдында қалыптасқан дәстүр ыңғайымен кеткендіктен *тіл* мен *тілдесім* мәселесіне қатысы барлығы айқындалмайды немесе ескерілмеген секілді. Сонымен бірге ғалым оны бір нәрсенің екі жағы ретінде яғни тілдің сөйлеу үшін қажеттігін, бір-біріне мәні болмайтындығын баса есепке алғандықтан болған. Оның үстіне Қ.Жұбановтың Ф.де Соссюрдің фонетиканы грамматика саласы ретінде танымайтынына, оның орнына лексиканы грамматикаға қосатынына сын айтуы осы мәселе бойынша ара жігін ашуды сол уақытта-ақ көтергенін білдіреді.

Функционалды грамматика тұрғысынан келгенде тіл грамматикасының «таза лингвистика теориясын» жасау идеясынан басталып, ақыры тіл бірліктерінің қызметіне ден қоя зерттеуге айналған, семантиканы алдыңғы қатарға шығарып *тілдік тұлғадан мағынаға* принципін *мағынадан тілдік тұлғаға* ауыстыра қарап сол тілдің қолданыс теориясына, болмаса тілдесім (сөйлеу) теориясына ұласып, екі теорияның категориялары, грамматикалық салаларының араласуынан әрі ұқсас, әрі өзгеше зерттеу әдісін тудыруға себеп болды, сөйтіп Ф.де Соссюрдің әу бастағы тіл лингвистикасы мен сөйлеу лингвистикасын бөліп *таза лингвистика* ретінде *тіл лингвистикасын* қарауды мақсат еткен теориясын дамытудан тіл мен сөйлеуді біріктіре қарап, мағынаны дәріптейтін, тілдің қарым-қатынастағы жұмсалымдық қызметін зерттеуге ден қоятын функционалды теория пайда болды. Соның есебінен осы күнгі мәтін теориясы, дискурс теориясы дегендердің де аспектілік тұрғыдан аражігі ажыратылмай келеді, мәтінді де дискурс ретінде қарастыру фактісі тіл біліміндегі дискурс теориясы бойынша зерттеулерге тән боп отырғанын айтқанбыз. Оны айтып отырғанымыз дискурстың өзі әуел бастан диалогтарды, тілдесім фактілерін синхронды әдіспен талдаудан туындағанмен (М.Фуко, Р.Барт,

Гивон, Э.Бенвинист т.б.) қазіргі зерттеушілер дайын мәтіндерді сөйлеу жағдаятымен ұластырып, адам санасымен байланыста қайта туындаған процесс/ өнім/ нәтиже/ құбылыс т.с.с деп талдайтындығы куә. Ол негізі функционалды лингвистикадан туындап, тілдесім деректерін синхронды зерттеу арқылы тілдің қолданбалы сипатындағы өзгерістері мен адам/этнос санасымен қатысын нысан ететін ғылым саласы ретінде пайда болған. Бұл – жіті зерттеуді қажетсінетін басқа бір тақырып. Біздің қазіргі мақсатымыз грамматика және олардың салаларын немесе компоненттік құрылымдарын дұрыс межелеу болғандықтан оған әзір тоқталмаймыз. *Тіл грамматикасының* орнын тілдесім грамматикасы ауыстыруы функционалды грамматика теориясының дамуымен байланысты. Оны қазір екіге ажыратудың мәні қаншалықты деуге де болар. Алайда бір кезде басым теория ретінде дәуірлеген, таза тілді зерттеумен айналысқан құрылымдық лингвистиканы жоқ санатына қоса алмаймыз. Оның үстіне осы бағыттағы зерттеу нәтижелері кейінгі лингвистикалық бағыт үшін азық болғаны тағы бар. *Тілмен тілдесімнің* ерекшелігі олардың объективті және субъективті, ұжымдық және жеке т.с.с. сипаттары болумен байланысты ажыратылып, *тіл және сөйлеу лингвистикасы* деген атау – алуы [5] грамматиканың екі түрлі саласының айқындалуына да себеп. Оның өзі табиғи тіл мен сол тілдің қолданыстағы күйіне байланысты ажыратылмақ. Оны ажыратудың басын бастаған данышпан ғалым Ф.де Соссюр екенін тағы да еске сала кетейік. Біз тек оның қазіргі күнде ат таңылып, айдар беріліп ажыратылмай қолданылуынан пайда болған олқылықтардың орнын толтыру мақсатында пікір білдірмекпіз.

Тіл ғылымындағы салаларға жіктеу жасау негізінен жаратылыстану ғылымындағы жаңалықтармен байланысты ажыратылып келгенін жоққа шығара алмаймыз. Оның бір себебі – тілдің нақты ғылымдар қатарына тартылатын бірден-бір гуманитарлық ғылым саласы болуы. Заманында морфология (биологиямен қатысты), фонетика (физикамен, физиологиямен) және олардың ғылыми түсініктері тіл ғылымына жаратылыстанушылық көзқарас тұрғысынан пайым жасау салдарынан туындағаны белгілі. Қ.Жұбанов «20 ғасырда табиғат ғылымдарының, техниканың өсуі тіл іліміне де мықтап

әсер етті. Математика, физика саласындағы нақтылы танымдар сияқты тіл құбылыстарын білуге де дәл өлшеуіштер керек деген көзқарастар қалыптасты», - деп осы үрдістің болғанын мойындайды. Осы әдісті лингвистика секілді қарт ғылымға қайта қолдансақ, әлем грамматикасы тәжірибесінде болмағанмен мақсатымызға жетуде оңтайлы болар деген үміт жоқ емес. Нақтырақ айтсақ, математиканың әрбір саласы (арифметика, алгебра) бір-бірімен жүйелі әрі бірізді даму сатысымен тығыз байланыста қарастырылады, олардың бәрінің үстінде ең күрделісі жоғары математика тұр. Грамматикада да бұл сияқты салалар жүйеленген. Бірақ олардың басын түйістіретін теория негізделмеген. Зерттеу нысаны – тіл және тілдесім грамматикасы мәселелері (оның бер жағында графика грамматикасы да бар) болатын грамматика жоғары грамматикатеориясы десек, ғылымның мақсатынан туындайтын анықтамасы – грамматикалық бірліктердің қызметін, грамматикалық процесті, тілдесім/сөз құраудың (речь) техникасын, әдісін айқындайтын грамматикалық теория. Және ол жаңадан пайда болған теория емес, бұрыннан бар, тек математиканың тіл білімі тарихында анық болған теорияларының басын біріктіріп, әрі қарайғы дамуында оңтайлы болар деген мақсатта ұсынылған жаңа терминдік ұғым ғана. Ал нақты нені қалай қарайды дегенге келсек, әуелі оның салаларын және осы салаларға қатысты грамматика компоненттерін түгелдеп алуымыз керек. Әзірше былай:

№3 кесте

Жоғары грамматика теориясының негізгі салалары, құрамдас компоненттері (ілкі дамуында)



Тілдің макропарадигмалық теориялары деп орыс тіл білімінде лингвистикалық компаративизм, жүйелі-құрылымдық, коммуникативтік-прагматикалық парадигмалар аталып, соңғы қалыптасушы бағыт ретінде дискурсивті-прагматикалық парадигма аталады [6,19]. Мұнда да парадигмаларды жүйелеу әртүрлі топтастырылады, зерттеу аспектілері де сан алуан. Ал егер біз жоғарыдағы ретте жіктеп алсақ, қазақтың теориялық тіл білімінің көшбасшысы Қ.Жұбановтың осы ілімге қатысты пікірін дамытып қана қоймаймыз, мейілінше оң нәтиже беретіндей зерттеулер жасаудың ыңғайы да қалыптасады. Көкейдегі көп сұрақтар шешімін тауып, ең болмағанда тілді жүйе ішінде және жүйеден тыс экстралингвистикалық (қолданыс аясында) талдаудың, ішкі және сыртқы лингвистика нысанын дұрыс топтаудың, әр салаға сай зерттеу әдістерінің дұрыс сауатты қолданылуының, зерттеу аспектілеріне сай технологияларының екшелуінің жағдайы жасалар деген пікірдеміз. Мәселен тілдік термин ретіндегі *мағына* мен *мәнді* алайық, негізі *значение* – *мағына*, *смысл* – *мән*. Аударма жасауда, термин ретінде қолданыста кейде олқылықтар кезігіп жатады. Осы сөздердің мағынасы қабылданған түсінікке сай тұрақталып та қалған. Бірақ екеуін мағыналас етуден тіл табиғатына кері салдар да бар: *сөз* – тіл грамматикасының нысаны ретінде қарастырылғанда ол *мағынаға* саяды, ал тілдесім грамматикасы *сөзді* нысан еткенде сөйлеу меңзеледі де, ол *мәнге* саяды. Себебі *сөздің мәні* дегенде *сөйлеудің мәні* туралы меңзеп тұрмыз ғой. Әрине, бұл ретте әркімнің таласы болар, оның үстіне терминнің уақыт талабымен байланысты қосымша мағынаны жүктеп кететіні де бар. Біз тек ұлттық танымына байланысты атаудың тіркесімдегі, грамматикалық мағына тудырудағы ілкі мазмұнынан шығатын қызметін ескеріп отырмыз. Мағына (*значение*) мен мәнің (*смысл*) айырым белгісі туралы тіл білімінде біршама зерттеу жасалғаны да белгілі [7].

Зерттеу аспектілері дегенде танымдық грамматика мәселелері туралы да осы жерде айта кеткен жөн. Тілдің танымдық мәселелерін қарастыру тіл табиғатын танудың әдісі болғандықтан оны жоғарыда көрсетілген тіл грамматикасына да, тілдесім грамматикасына да қолдануға болады. Ескеретін жағдай объективті тіл мен субъективті тілдесім

проблемаларын зерттеуде оның осы қалпы үнемі назарда болуы шарт. Бұл тұрғыдан келгенде тілдің мейілінше тұрақты әрі баяу дамуы мен сөйлеудің жедел әрі өзгеріске бейімділік сипаты оны зерттеу техникасының іріктелуіне де әкелетіні белгілі. Қ.Жұбанов өз еңбегінде лексика мен синтаксистің байланысына қатысты сөз өзгешелігі мен оның қызметін жақындық-аулақтық тенденциясы бойынша екшеп сызбаға түсіреді (қараңыз Қ.Жұбанов, 2010, 103-107 бб). Онда грамматика құрылысының шабан өзгеретінін айта келіп, «Демек, грамматика дегеніміз – тілдің бір қалпының белгілі уақыт ішінде тұрақталуы, орнығуы. Осы арқылы ол дыбыс құрылысының өзгеруіне де кедергі болады» деген пікір білдіреді(Қ.Жұбанов, 2010, 103 б.). Назар аудартатын тұс – *тілдің бір белгілі қалпының белгілі уақыт ішіне орнығуы*. Олай десек, берілген анықтама тіл грамматикасына жарақты да, тілдесім грамматикасы оның аясынан шығып кетеді емес пе? Сол үшін де екі грамматика шеңберіндегі/ шеңберінен тыс дүниелерді анықтап алудың қажеттігі туады. Ал ол аз уақытта орындалатын дүние емес.

Жоғары грамматика теориясы – шартты атау. *Грамматика теориясы* деген дәстүрлі атауды алуға да болар еді, бірақ ол термин ретінде бұрыннан лингвистикада пайдаланылып жүрсе де оның аясындағы зерттеулерде тіл мен тілдесімге байланысты грамматика салаларының ара жігі ажыратылмай қолданылатындықтан бәз баяғы қалпында түсініліп кетуі мүмкін деп шартты атауға сүйендік. Сондай-ақ *тілдесімнің (речь) сөйленім, сөйленіс (высказывание)/ сөйлеу* деген қолданыстары қабаттаса жарысып пайдаланылып жүргенін ескерген жөн. Ол терминдердің қайсысының тұрақтандырылу негізділігі басым деген мәселе де бөлек қарауды қажет етеді. Себебі осының төңірегінде ғалымдардың пікірлері әртүрлі.

Енді жоғарыдағы кестеге келсек, ішкі грамматиканың дәстүрлі тәжірибесінде «*тілді өз ішінде, өзі үшін қарастыратын*» ішкі жүйедегі іргелі теориялық зерттеу салаларын қамтитын тіл грамматикасы ірі классикалық теорияға негізделеді. Оның салаларын тәжірибемен орныққан түсінігіне сай бөліп құрылымдық грамматика аясында қарастыруға болады. Тәл грамматикасының құрылымдық

парадигмасында Соссюрше негізінен морфология, синтаксис салалары зерттелді, лексика форма ретінде алғашында сала құрамында болып, кейінгі дамытушылары тарапынан алынып қалды. Фонетика да кейін қосылды. Сөзжасам мүлдем айтылмады, кейін академик В.Виноградов зерттеулерімен байланысты дамыды және функционалдық сипатта болды [8]. Содай-ақ жалпы грамматика теориясының алғашқы даму кезеңдері мен қазіргі макро-микрорадигмалар аясында дамуында ерекшеліктер көп.

Ф.де Соссюрдің фонетиканы емес, лексиканы грамматика саласы ретінде тануы фонетиканың *«таза лингвистика»* емес, сыртқы лингвистика (тілдесімдік грамматика – Н.А.) деп тануымен қатысты болатын. Ал грамматиканың фонетика, морфология, синтаксис саласына бөлу ежелгі грек тіл білімі дәстүрінен бастап бар. Біздіңше, фонетика тілдің емес, сөйлеу грамматикасының саласы ретінде қарастырылуы қажет. Ал фонология тіл дыбыстарының қызметін қарастыратын ғылым ретінде функционалды грамматика саласы болып табылды. Қараңыз: *Біз сөйлеу дыбысы туралы ілімді фонетика, ал тіл дыбысы туралы ілімді фонология деп атаймыз* (ерекшелеген біз –Н.А.)[9].


Генеративтік грамматика құрылымдық-жүйелік және функционалды грамматикадағы зерттеулерге сүйеніп дамыды. Оның практикалық қажеттіліктен туындағаны белгілі. Мұнда осы кездегі шетелдік тәжірибелердегі қолданбалы тіл білімінің нәтижелері осы сөйлеу грамматикасы аясында нақты эксперимент нәтижелерінен туындап отыр. Оның өзі жаһандану жағдаятында тілдесімде болып жатқан күрделі интеграциялық, интеркаляциялық құбылыстардың бақылануы шеңберінде жүзеге асып жатқаны белгілі. Ал осы ретте тілге келетін нұқсан мен тіл грамматикасының, тілдік жүйедегі өзгерістер, ұлттық тілдің болмысына байланысты ізденістер негізінен табиғи тілді сақтау, ұмыт құрылымдарды тірілту, ұрпақ санасына жаңғырту ақпараттарының жиі салынуы жағдайында іске асырылуы аса қажет. Аз ғана мысалмен нақтыласақ, қазақ тілінде жыл мезгілінің келуіне қатысты етістіктер қолданысы қазір ұмыт бола бастаған тәрізді. Орыс тілі әсерінен *жаз келді, қыс келді, күз келді, көктем келді* немесе *басталды* тәрізді тіркесімдермен калькалап ой

білдіруде шектеліп жатамыз. Тілге бай қазақ жыл мезгілдерін ежелде төрт түрлі етістікпен тіркесте қолданғанын біреу біліп, біреу біле бермейді де. Бұл турасында ғалым М.Арын еңбегінде айтып кетеді [10]. Ол төмендегідей: **көктем туды, жаз шықты, күз түсті, қыс келді**. Бұл ерекшелік кез келген тілде кездесе бермейді де. Етістік құрылымдарының тіркесімдік қабілетін қазақ тілінде өзгеше бір жүйеде көрініс табады, оның ұмыт бола бастауы тілдесімдегі сыртқы әсерлерден туындап жатады. Осы жағдайда қазірде тырнағын қиды (дұрысы - алды), қаламы құлап қалды (дұрысы - түсіп қалды), үй апатты жағдайда тұр (дұрысы – құлайын деп тұр) т.с.с. қолданыстардың тіл қолданысында, тіпті әдеби қолданыста да орын алуы (соңғы мысал баспасөз материалынан алынған – Н.А.) тек интеркаляция құбылысы ғана емес, ол – тіл грамматикасы табиғатының ұмыт бола бастауының да көрінісі. Тігінен өздігінен тұра алмайтын нәрсенің құлап қалмайтынын, түсіп қалатынын білмегендіктен оны осылай қазақ ұлттық танымынан алшақ түсінікпен байланыстырудан туындап тұр. Мұндай мысалдар өте көп. Оны арнайы зерттеулер де бар, тек тағы да ұмыт болған нәрсе – оны тілдің қолданыс грамматикасы шеңберінде екшеп, тілдің төл табиғатындағы грамматикалық қалыптарға салынып қайта ұсынылмауы. Демек, тіл мен тілдесім грамматикасы арақатынасындағы және қазіргі лингвистикалық парадигма бойынша ұлттық грамматикаға жаңа тыныс беру үшін де соның бастау деңгейіндегі проблемалардың түпкілікті шешіліп алғаны керек.

Грамматика теориясының қазіргі даму бағытын есепке ала отырып жоғарыдағы кестені қайта толтырсақ, төмендегідей жіктелер еді:

№4 кесте

Жоғары грамматика теориясының қазіргі парадигмалары, қалыптасқан бағыттары (қазіргі дамуында)



Кестеде қазіргі зерттеу бағыттарының негізгілері ғана басшылыққа алынып жіктелді. Бірінен-бірі өрбіген ұсақ бағыттар баршылық. Кейбірі тілдің дәстүрлі жүйесінен бастау алып, лингвофилософиялық мазмұнда, тарихи-салыстырмалы жүйедегі тіл фактілерін есепке ала зерттейтін деңгейде, яғни синхронды, диахронды әдістерді қолданауымен де ерекшеленетіндері бұл кестеге енгізілмеген. Этнолингвистика антропологиялық лингвистика шеңберінде даму тарихы ілгеріде, ал синергетикалық жаңа теориялар әлі жетік емес, әлеуметтік лингвистика дәстүрлі тіл білімінен бастау алады, лингвомәдениеттаным басы этнолингвистикамен, тіл мәдениетімен байланысса да, қазіргі күйі когнитивтік лингвистика жемісі іспетті. Бұлардың бәрі нені қай аспектіде, қалай қарастырудан туындайтын дүниелер. Кестені де қатып қалған жүйелеу деп тануға болмайды. Егер осы негізде жүйеленсе, онда осы бағыттарда зерттеу жасаудың бүтіндей әдіснамалық жүйесінің де қалыптандырылуы қажет болмақ. Негізі толығынан тілдің зерттелу тарихынан көз жіберсек, лингвофилософиялық-логикалық бүтін, тұтас нысаннан басталып, түрлі тармақ бағытында екшеліп, бөлшектеле-бөлшектеле келе, қайтадан тұтастырушы бүтін нысанға антропоэздік деген атаумен қайту үрдісін басқа қырынан бастан кешіріп жатқандай. Сонда антропоэздік бағыт

бұрынғы лингвофилософиялық танымнан бастау алатын атауы басқа, заты өзгеріске түскен өзіне сай түсе ала ма? «Адасқанның алды жон, арты соқпақтың кері» де.

Тіл білімінің бөлімдері, салалары, тілдік элементтері т.б. сан қилы бөлшектерге мүшелену дәуірінде тіл ғылымын дамытам деп белсеніп, бәрі үшінгі бір болуларына тура келген қазақ тіл ғылымының білгірлеріне аса қиын жауапкершіліктер артылғаны осыдан-ақ көрінер еді.

Қалай болғанда да осы шартты бөлулердің астарында белгілі бір уақытта жаппай дерлік үрдіс болып, соның ішінде ықпалды теориялардың лингвистика тарихы сахнасына шығуы, соған байланысты әлем тіл біліміндегі зерттеу ілімдері ретінде кең таралуы жатыр. Ежелгі дәуір тіл білімінен (Аристотель, Платон, Панини, Конфуций, де Карт, т.с.с.) бастап ерекше назар аудартқан тіл бірліктерінің тұтас болмысын сипаттаудан, табиғатын бүтін қарастырудан құрылымы мен жүйесі, функциясы мен материя ретіндегі тұлғасын бөлшектеп саралауға, ол бірліктерге атау таңуға, одан диахронды әдіспен салыстыруға, одан құрылымдық типтеуге, тілдік құрылыстың тұлғалы-мағыналық қатынасын талдаудан қазіргі тілді тұтастай тануға бет бұрған зерттеулер легі бағыт ретінде қаншалықты бір-біріне қатысты дегенде де пікір бірлігі жоқ. Тіпті қазіргі зерттеулерді, мәселен бір антропоэлектік парадигма шеңберінде дамыған деу үшін де оған нақты сандық-сапалық дерек қажет, басқаша айтқанда қазіргі бір ғана, айталық қазақ тіл білімі аясында зерттеу жасаушылардың зерттеулерінің әдіснамалық, тақырыптық-мазмұндық қырларын есепке ала отырып арнайы статистика жүргізер болсақ, оның өзі бір арнаға тоғыса алмайды, тіпті бір зертеушінің жазған еңбектерінің өзі белгілі бір бағыт арнасына әдіснамалық тұрғыдан тоғысуы екіталай. Сондықтан осындай болжамдар жасағанда ойдеректі болып қалатын шарттылықтар шеңберіндегі айтыстардан негізгісін есепке алғаннан басқа шара да қалмайды. Ал ірі бағыттар ішінен салаланып шыққан ілгеріде айтылған үшеуі тіл зерттеудегі тұсбағдар іспетті.


Тіл ғылымы алдымен философия ғылымынан бөлінбей филология саласы ретінде кейін александрия мектебімен қатысты ғылым саласы болып бөлінгенін есепке алсақ,

тілтанушылық зерттеу бағыттарындағы төмендегі үдерісті байқамау мүмкін емес.

Тілді зерттеу әдістерінің даму кезеңдері: 5-кесте

1-кезең

2-кезең



Айтағымыз, осы уақытқа дейін тіл іштен сыртқа қарай философия-логикалық деңгейінен арыла, құрылымы, тұлғасы мен тұлғалық-мағыналық қатынастары шегінде көлденең-тік, сатылы жүйеде дамып, енді екінші қайту кезеңіне өтуде: құрылымдық, тұлғалық-мағыналық байланыстардағы тілдің өз жүйесімен тікелей қатынаста болатын адам санасы тұтастығына қарай, яғни ішке бейтарап қалыпта тіл-ғалам-адам тұтастығына бет бұру кезеңінде.

Өрине, бұған келіспейтіндер де табылар. Алайда енді тіл зерттеулерінің болашақ бағыты алуан түрлікте кең ауқымда нақты ірілі-ұсақты ұстанымдар ыңғайында дамиды деп ойлаймыз. Бірақ бәрінің мақсатының түбінде тілдің шынайы табиғатын тануға деген ұмтылушылық, тілдесімдік әрекеттің аса маңызды әрі қарапайым тетігін түсінуге деген қызығушылықтар барлық зерттеу кезеңдеріне тән болғанындай өзгеріссіз қала бермек.

Кез келген жаңа идея жаңғырған көне астарынан өрбитіні мәлім. Осы қалыпта біз Қ.Жұбановтың пікірін жаңғырта отырып грамматика саласына қатысты өз қозқарасымызды білдірген бұл зерттеу кіріспе десек те болады. Басқаша айтқанда, жоғары грамматика теориясына кіріспе сынды. Ал оның әрі қарай екшелуі уақыт еншісінде.

Қорыта айтсақ, Қ.Жұбановтың грамматикалық зерттеулері өзінің шынайы бағасын алуы үшін үлкен зерделеуден өткізілуі тиіс. Оның жүзеге асырылуы қазақ тіл біліміндегі зерттеулер аясында емес, тіл теориясы тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін. Оны жоғарыда профессор Б.Хасанов та жеткізе айтқан болатын. Функционалды грамматикалық ізденістерінің мазмұнын өзімен тұстас және ілгерідегі жалпы грамматикалық теориялар шеңберіндегі ірі зерттеулермен сабақтастықта

қарастырғанда ғана жемісті болмақ. Мұның өзі қазіргі парадигмалық ауысым жағдайындағы тілдік зерттеулер үшін мынадай мәселелердің басын ашуға септігін тигізеді деп санаймыз:

- 1) Грамматиканың тілдік және тілдесімдік аспектілеріне қатысты зерттеулердің екшелуіне;
- 2) Грамматика салаларын топтастыруды қалыптандыруға;
- 3) Грамматикалық білім беруді біріздендіруге;
- 4) Тіл теориясы аясындағы қазақ ғалымдарының еңбектерін әлемдік деңгейін көтеріп, кең көлемде насихаттауда.

Біздің осынау үлкен теориялық мәселе бойынша кіріспеміздің ғылыми талқылауға түсуі, ғылыми айналыста өз жетістіктері бағаланып, кемшін тұстары бойынша орында сынға түсіп, қазақ ұлттық грамматикасының дамуына, сәл де болса алға жылжуына түрткі болса, мақсатымыз да қанағат таппақ.

Әдебиеттер:

1. Малбақов М. Ұлы дала тұлғалары топтамасымен жарық көретін «профессор Құдайберген Жұбанов» атты кітап хақында//Жұбанов тағылымы –VIII» Қазақстан түркі өркениеті мен тарихы тоғысында» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. Ақтөбе, 2014.
2. Солтанбекова А.А. Функциональды грамматикадағы шақтық локалдылық категориясы. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 200б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. 2010.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 2002
5. Соссюр Ф.де. Курс общей лингвистики/<http://login.ru/books/kurs-obsheiy-lingvistiki-sossyur-f-de-professii/>
6. Алефиренко Н.Ф. Современные проблемы науки о языке. – 2-е изд. – М.:Флинта: наука. 2009. -416 с.
7. А.А.Потебня Собрание трудов Мысль и язык/<http://classes.ru/grammar/147.Potebnya/>
8. Виноградов В.В. Избранные труды. Исследования по русской грамматике. — М.: Наука, 1975.

9. Трубецкой Н. С. Основы фонологии. М [2000, DjVu, RUS]. ... Переводчик: пер. с немецкого А.А.Холодовича /<http://rutracker.org/forum/viewtopic.php?t=3538216>
10. Арын М. Бес анық. Алматы, 1996.

1.3. ҚЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫ

Н.Ә.Садуақас

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты
Қазақстан Республикасы
Ақтөбе қаласы
sadu_ngd@mail.ru*

Қазақ фонетикасы мен фонологиясы мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу ісінің алғы легіндегі есімі елге танылған ғалымдардың бірі Құдайберген Жұбанов еді. Ол дыбыс пен фонеманың арасын ажырата қарап, оларға анықтама беріп, қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонетикалық және фонологиялық тұрғыдан зерделеді. Қ.Жұбановтың еңбек еткен кезеңінде фонетика мен фонологияның жігі ашылып, тіл дыбыстарының мағына айқындауға қатысын анықтауға баса назар аударыла бастаған еді. Әсіресе, фонема теориясы туралы көзқарастар тіл дыбыстарын фонологиялық жағынан тексеруге жол ашты. Біз Қ.Жұбановтың осы кезге дейін келіп жеткен еңбектерінде қамтылған мәселелердің жан-жақты әрі сүбелілігіне, шым-шымдап тереңге тартқан өзекті пікір-тұжырымдарының сонылығына, ғалымдық көрегендігі мен аз сөзге көп мағына сыйғызып айта білген тұңғыық ойдың адамы екендігіне ден қоямыз. Ал кезінде *“Қазақ тілі жөнінен зерттеулер”* деген он кітаптан тұратын серияның тек орысша жазылған екі бөлігі (*“Из истории порядка слов в казахском предложении”* және *“Заметки о сложных вспомогательных глаголах”*) ғана жарияланып, қалған сегізі, мұның ішінде фонетикаға қатыстысы да бар, солақай саясаттың құрбаны болып, баспадан жоғалса, *“Материалы к научной грамматике казахского*

языка”, том I, “Фонетика” деп аталатын көлемі 30 баспа табақ монографиясы да, “Қазақ тілінің грамматикасы” оқулығының синтаксиске арналған II бөлімі де баспа қоржынында жатып, автордың репрессияға ұшырауына байланысты жарыққа шықпай қалғанын ойласақ, қазіргі қазақ тілі қаншама қазынасынан айырылғанын жобалауға болады.

Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша іргелі ғылыми еңбектер қалдырды десек, солардың ішінде фонетикаға қатысты зерттеулерінің маңызы ерекше зор деп білеміз. Біз Қ.Жұбановтың өзінен бұрынғы тіл дыбыстарына қатысты еңбектерге сын көзімен қарай отырып, қазақ тілі фонетикасының ғылыми курсын жасап, сөздің дыбыс құрылысына талдау жасау барысында жалпы фонетиканың да кейбір мәселелері туралы соны пікір айтқанын білеміз. Қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін жасап, фонетиканың одан әрі зерттелуіне елеулі үлес қосып, орфография, терминология саласындағы жұмыстарға да белсене араласты.

Ғалым өзінің алдындағы А.Байтұрсынов еңбектерін де теориялық жағынан қайта қарап, жетілдіріп, фонетикамыздың ғылым саласы ретінде қалыптасуына күш салды. Қ.Жұбановтың қазақ фонетикасы саласындағы алғашқы зерттеулері кейінгі ғалымдардың ізденістеріне жол ашты. Қазіргі кезде фонетикаға қатысты еңбектерден Қ.Жұбанов зерттеулерінің нәтижесінде қалыптасқан терминдер қолданылып жүргендігін, сонымен қатар, ғалымның теориялық тұжырымдары мен пайымдауларының әлі күнге өз мәнін жоймағанын көреміз. Оның еңбектеріндегі ғылыми қағидалардың өміршеңдігі, уақыт сынынан мүдірмей өтуі Қ.Жұбанов зерттеулерінің теориялық маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан да ғалымның ғылыми еңбектері қазақ тіл білімінің асыл мұрасы, алтын қазынасы болып табылады. Ол өзіне дейін қазақ тілін алғаш зерттеуші Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, Н.И.Терентьев, В.В.Катаринский, И.Лаптев, Е.Д.Поливанов және қазақ ғалымы А.Байтұрсынов еңбектерін ерекше бағалаған. Қ.Жұбанов 1933 жылы шыққан “Политехникалы мектеп” журналында жарияланған “Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар” атты еңбегінің бірінші бөлімінде қазақ тілінің фонетикасы туралы өзінің ғылыми тұжырымдарын

баяндады. Қазақ тілінің ғылым жолымен зерттеліп, тіліміздің ішкі заңдылығын жете білуде ғалымның 1934 жылы жарияланған *“Буын жігін қалай табуға болады?”* деген еңбегінің де маңызы зор еді. Қ.Жұбанов *“К постановке исследования истории фонетики казахского языка”* деген мақаласында фонетикаға қатысты зерттеу әдістері мен оның методологиясы туралы өз көзқарастарын білдірді. Ғалым қазақ орфографиясы мен алфавит мәселелерін де тіл заңдылықтарымен байланысты қарап, оған ерекше көңіл бөліп отырды. 1935 жылы жарияланған *“Қосар ма, дара ма?”* атты еңбегі теориялық жағынан ғана емес, тіліміздегі дыбыстардың саны мен сапасына барлау жасап, орфография, алфавит мәселелеріне қозғау салған практикалық ерекшелігімен де маңызды еді. 1936 жылы шыққан *“Қазақ тілінің грамматикасы”* оқулығының фонетика бөлімі де қазақ фонетикасы тарихындағы жаңалықтардың бірі болды. Оның ғылыми зерттеу еңбектерінің барлығы да кезінде жарияланып үлгірді деуге де болмайды. Осындай, әлі баспа бетін көрмей, соңғы кезге дейін қолжазба күйінде жеткен /Ғалымның 100 жылдығына арнап шығарылған жинаққа енген - Н.С./ еңбектерінің бірі *“Қазақ тілінің жсогаргы курсының бірқатар жжинақтары”* деген топтамасында отыз тақырып бар.

Ғалымның бірқатар еңбектері жинастырылып, 1966, 1999, 2008 жылғы *“Қазақ тілі жсөніндегі зерттеулер”* атты кітабында қайтадан басылды. Қ.Жұбановтың *“Термин сөздердің спецификасы жсөнінде”*, *“Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы”*, *“Қазақ тілінің емлесі мен әліппесіне кіргізілетін өзгерістердің жсөбасы”*, *“Қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптері”* деген т.б. мақалаларындағы термин сөздерге қатысты ғылыми тұжырымдары оның қазақ терминологиясын қалыптастыруға көп үлес қосып, термин жасау ісіне де белсене араласқанын айғақтайды. Ғалымның осы еңбектері мен қазақ тілінің алфавиті, орфографиясы, терминологиясы мәселелеріне арналған басқа да мақалалары қазақ тілі фонетикасының ғылым ретінде іргесі қаланып, теориялық тұрғыдан зерттеліп, қалыптасуына игі жағдай туғызды. Қ.Жұбановтың қазақ тілі дыбыс жүйесі саласындағы еңбектеріне талдау жасау барысында оның қазақ тілі дыбыстарының әлеуметтік

қызметіне, жалпы фонетика заңдылықтарымен сабақтастығына ерекше көңіл бөлгендігіне көз жеткіземіз. Құдайберген Жұбанов өз еңбектерінде фонема, фонология деп атын айтып анықтама бермесе де, оның зерттеулеріне зер салғанда фонетика мен фонологияның өзіндік ерекшелігін дәл танып, фонологиясы мәселелерін терең тани білгендігіне куә боламыз. Кезінде Н.Трубецкой фонетика мен фонологияның өзара бірлігі мен ерекшелігіне назар аударып, “Мы называем науку о звуках речевого акта фонетикой, науку о звуках языка - фонологией”, - деген еді [1.7]. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салған орыс және поляк тілін зерттеуші И.А.Бодуэн де Куртенэ болып табылады. “Некоторые отделы сравнительной грамматики славянских языков” (1881ж.) деген еңбегінде фонема ешбір бөліктерге бөлінбейтін сөздің бөлшектері екенін айтады [2.121-122]. Ол “Опыт теории фонетических альтернатив” деген (1894 ж. поляк тілінде) еңбегінде: “Фонема - единое представление, принадлежащее миру фонетики, которые возникают в душе посредством слияния впечатлений полученных от произношения одного и того же звука - психический эквивалент звуков языка”, - дейді [3.32]. Ал “Введении в языковедение” (1917 ж.) еңбегінде: “...постоянно в нашей психике существующее представление звука, т.е. одновременного сложного комплекса произносительных работ и получаемых от этого представлений, мы будем называть фонемой”, - дейді [3.32].

Фонеманың сөзді және форманы айыра білу қызметін Бодуэн де Куртенэнің шәкірті Л.В.Щерба мәселе етіп көтереді. Л.В.Щерба “Русские гласные в качественном и количественном отношении” (1912 ж.) деген еңбегінде “Фонемой называется кратчайшее общее фонетическое представление данного языка, способное ассоциироваться со смысловыми представлениями и дифференцировать слова и могущее быть выделяемо из речи без искажения фонетического состава слова”, - дейді [4.14]. “Фонетика французского языка” деген еңбегінде: “... в живой речи произносится значительно большее, чем мы это обыкновенно думаем, количество разнообразных звуков, которые в каждом данном языке объединяются в сравнительно небольшое число звуковых типов, способных дифференцировать слова и их

формы, т.е. служить целям человеческого общения... Мы будем называть их фонемами”, - дейді [5.18]. Л.В.Щерба фонема жөніндегі теорияны жасады. Ол фонетика мен фонологияны бір-бірінен бөліп қарауға қарсы болып, бұлар бір мәселенің екі аспектісі екенін айтады. Л.В.Щербаның айтуынша, сөзді және сөздің тұлғасын ажырататын дыбыс типі, дыбыстың айтылуы түрі көп, шегі жоқ, бірақ олар орайласып бір дыбыс типін құрайды, оны фонема деп ұғамыз. Оның теориясында сөзді және сөз формасын анықтауда дыбыстың мағынаға қатысы қаралып қана қойған жоқ, фонема мен оның реңктері туралы да сөз қозғалды. “В изучении Щерба особенно важен также и второй момент, а именно связь смысловразличительной функции с конкретным звучанием, т.е. учение об оттенках фонем”, - дейді М.И.Матусевич [3.34]. Егер дыбыс фонетикалық жағынан екі түрлі көріністе айтылса да, мағына айқындау кезеңі жоқ болса, онда екі түрдегі көрінісі де бір фонема болады. Ал сөз мағынасын өзгертіп тұратын фонологиялық кезеңі бар, акустика-артикуляциялық жағынан әртүрлі дыбыстар фонема болып табылады. Щерба фонеманың варианттары жөнінде дербес теория жасады. Фонемалар тілде дербес қолданылмайды, тек сөзде ғана қолданылады десек, сөз дыбыс тіркесімінен құралады. Сөз ішіндегі орнына т.б. мәселелерге байланысты дыбыс әртүрлі реңкте айтыла береді. Демек, фонеманың әртүрлі варианттары болатынын, мағына фонемалар бірлігін қамтамасыз ететінін, фонеманың бөлінбейтінін, фонеманың құрамы өзгередітінін де айтқан. Сонымен қатар, формасы бірдей сөздердің жұптары кездесетінін, кірме сөздердегі фонемалар ролі, фонемалар жүйесі туралы, дыбыстардың жуан-жіңішке болып коррелятивті топ құрайтынын атап өтеді. Ленинград фонология мектебі Л.В.Щербаның фонема туралы жоғарыда аталған идеяларын тіл дыбыстарын қарастыруда басшылыққа алып отырады. Бұл мектеп Қ.Жұбановтың зерттеулеріне де өзінің қолтаңбасын түсірген. “Қ.Жұбановтың лингвистикалық мектепті Ленинградта Бодуэн-Щерба идеясының дәуірлеп тұрған кезінде өткендігінің арқасы болу керек, ғалым еңбектерінің өн бойынан “тілдік қызметі бар дыбыстарды ғана зерттеу керек” деген қағиданы аңғарып отырамыз”, - дейді Ә.Жүнісбеков [6.192-193]. Р.И.Аванесов фонема туралы: “Из

сказанного следует, что фонемой является кратчайшая звуковая единица как независимая по своему качеству величина и потому сама по себе достаточная для различения звуковых оболочек словоформ”,- дейді [7.24-25].

Айтылуы кезінде дыбысты кейде қарама-қарсы қоюға болмай қалады. Себебі күшті позициядағы фонема айналасындағы дыбыстарға бағынышты болмай, мағына ажыратуға қызмет етсе, әлсіз позициядағы фонема көрші дыбыстардың ыңғайына тәуелді болып, өзгеше дыбысталып қана қоймай, мағына ажырату функциясын да атқара алмауы мүмкін. Сондықтан тілдегі фонеманың санын білу үшін тек қана күшті позицияға көңіл аудару керек болады. Фонеманың бұл ерекшелік белгілері де ғалымның назарынан тыс қалмаған. Фонема тілдің жеке мағыналы сөздерін, сөз бөліктерін жасауға қажетті, артикуляциясы жағынан тұрақталған арнаулы мағыналы дыбыстық элементтердің жүйесі ретінде, тілдің дыбыстық құрылысының ары қарай бөлуге келмейтін ең кіші мағыналық бөлшегі болғандықтан жеке сөздерді, олардың грамматикалық формаларын құрастырушы ретінде маңызды функциясы бар дыбыс болып табылады. “Фонема это исторически сложившаяся мельчайшая линейно неделимая единица языка, противопоставленная всем другим фонемам, могущая иметь самостоятельное значение, входящая в состав звукового облика слов или их форм и способная их дифференцировать; она существует в речи в различных оттенках в зависимости от их фонетического положения”, - дейді М.И.Матусевич [3.41].

Қ.Жұбанов “Бір сөзді екінші сөзден айырғанда, екеуінің дыбысталуында бір айырмашылық болғаннан айырамыз”, - деп, сөз бен сөзді айыратын негізгі белгі ретінде дыбысталуды және дыбысталудың мағынамен байланысын айтады [8.167]. Демек, фонема теориясы дыбыстарды мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қоятынын ескерсек, Қ.Жұбанов “маңда”, “таңда” деген сөздердің екі басқа сөз болуының негізгі белгісі дыбысталуында деп дұрыс айтқан. Ғалым бұл пікірі арқылы тек қазақ тілінің ғана емес, жалпы фонетика мәселелерін сөз еткен деп білеміз. Ол фонема заңдылықтарын қалай терең меңгерген болса, өз ойын да шебер жеткізе білгенін көреміз. “Бір сөз екінші сөзден өзге

болу үшін біреуінің бір-ақ бөлшегінің өзгеше дыбысталуы жеткілікті, түгелімен өзгеше дыбысталуы шарт емес”, - дейді де, “*таңда*”, “*маңда*” сөздеріндегі *м*, *т* дыбыстарынан басқа дыбыстары бірдей, яғни бұл екі сөздің ішіндегі бөлшектерінің көбі бірдей дыбысталатындығынан ұйқасып тұрғандығын айтады [8.167]. Демек, бір сөзді екіншісінен өзгеше етіп, мағынасын өзгертуде фонеманың сапасы негізгі роль атқаратынын және бір ғана фонема өзгеше болуы сөз мағынасын түбірімен өзгертетіндігін де фонема теориясына сүйене отырып түсіндірген. Ол дыбысқа төмендегідей анықтама береді: “Біреуі ғана өзгерсе де сөзді өзгертіп (я сөз қылмай, я басқа сөз қылып) жіберуге жарайтын сөз бөлшектерін *дыбыс* дейміз” [8.168]. Ғалымның бұл пікірі лингвистикада дыбыстың атқаратын қызметін дәл біліп, анықтай алғанын көрсетеді. Сондай-ақ, “Дыбыстары бірдей сөздердің көбінесе мағыналары да бірдей болады”, - деп, дыбысталу мен мағына тығыз бірлікте болатындығын білдіреді [8.168]. Сонда, қазақ тілінде дыбыстары бірдей жағдайда, фонематикалық кезеңі де жоқ болса, бірдей сөздердің мағыналарында да айырмашылық болмайтынын ескертеді. Ғалым “Сөз мүшелерінің дыбыстары бірдей болғанда, мағынасы әр түрлі болуы сирек кездеседі”, - дейді де, *ат* деген бір сөздің *ат* (*жылқы*), *ат* (*біреуді атайтын сөз*), *ат* (*мылтық ат*) деген үш мағына беретінін, бірақ “мұндайлар көп кездеспейді” дегенді айтады. Ал кездесе қалса, “екі кісінің аты бір болғаннан шатасып қалмайтынымыз сияқты, екі сөздің дыбыстары бірдей болғаннан да шатаспаймыз” дейді [8.168]. “Сөз тұлғасына қарап, я сөз алқасына қарап, қай мағынада екенін ашып аламыз” дегенді айтады. Бұл мысалда “*ат*” деген сөздегі “*а*” фонемасы үш сөзде де акустика-артикуляциялық жағынан алғанда бірдей, сол сияқты “*т*” дыбысы да үшеуінде де бірдей болғандықтан мағына өзгертетін кезеңдер байқалмайды. Демек, ғалым дыбыстардың сөз ішіндегі тіркесуінде белгілі заңдылықтармен қатар, сәйкестіктер болатынын аңғарған дейміз. Сондықтан да болар, ол: “Бір сөз болу үшін дыбыстары да, мағынасы да бірдей болу керек”, - дейді [8.168]. “Дыбыстары бірдей болғанмен, мағынасы бірдей болмаса, бір сөз болмайды”, - деп, “*ат*” сөзінің мағыналары әртүрлі болғандығынан бір сөз болмайтындығын, сондай-ақ,

“Мағыналары бірдей болғанмен, дыбыстары әртүрлі болса да, бір сөз болмайды”, - деп, мысалға *адам*, *кісі* деген сөздерді келтіреді [8.169]. Дыбыс пен фонема туралы көзқарасын былай жеткізеді: «*Қайыр-хайыр* дегендегі *қ* мен *х* екі дыбыс болғанмен бір фонема. *Файзолла* мен *Пайзолла* да солай, *п* мен *ф* бір сөзді екінші сөзден айыру үшін тұрмағандықтан оларды дербес фонема демейміз [9.50].

Қ.Жұбанов “Бір ғана дыбысы басқа болса да, бір ғана дыбысы артық я кем болса да, немесе, бір дыбысы да басқа, я артық-кем болмай-ақ, дыбыстарының тек тізілу тәртібі басқа болса да, сөздер бірінен-бірі басқа болады”, - дейді де, оған *зат-сат*, *ат-сат*, *сат-тас* деген сөздердегі дыбыстардың саны мен орналасуындағы ерекшеліктерді бір-бірімен салыстыра отырып, мағынаға әсері туралы баяндайды [8.169]. Қандай сөз болса да бірнеше фонемадан құралады. Сөздегі фонема саны да түрліше болады. Демек, тіл дыбыстарын лингвистикалық аспекті тұрғысынан қарағанда, сөзден сөздің өзгеше болуы үшін оның құрамындағы барлық дыбыстың сапасы өзгеше болуы шарт емес, тек бір дыбысының сапасы өзгеше болуы, немесе бір сөз бен екіншісінің құрамындағы дыбыс саны, дыбыстардың тіркесу тәртібі өзгеше болуы жеткілікті екендігін айтып, яғни тіл дыбыстарының табиғатын тани білуде фонология заңдылықтарына сүйенген. “Дыбыстардың саны бар да, сапасы бар. Дыбыстың сапасы бірдей бола тұрып, саны әлденешеу бола береді”, - дейді [8.169]. Ол “*баба*”, “*бөле*” деген сөздерде төрт-төрттен дыбыс болса да, “*баба*” сөзінде сапасы екі түрлі, “*бөле*” сөзінде сапасы төрт түрлі дыбыс бар екенін айтады. Фонема - тіл дыбыстарының мағына айқындайтын кезеңін қарастырады десек, тіл дыбыстары мағына айқындау жағынан бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Демек, ғалым фонема заңдылықтарын тап басып, тани білгендігін көрсетеді. Ғалымның дыбыс табиғатына байланысты айтқан пікірлері тек қазақ фонетикасына ғана емес, жалпы фонетикаға да ортақ мәселелер деп білеміз. Ол былай дейді: “Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қиыры жоқ, бірақ оның бәрінің бірдей сапасы әртүрлі бола бермейді. Сапасы әртүрлі болатын дыбыстар белгілі мөлшерде ғана болады да, көп болмайды” [8.169]. Фонетиканың ең басты мәселесі - тілдің

фонемалар жүйесін, фонемалар құрамын айқындау болса, бұл бағытта Қ.Жұбанов тілде дыбыстардың айтылу түрінің ұшы-қиыры жоқ болса да, олар сапасына қарай белгілі бір дыбыстар типіне жинақталып, топтасатынын айтып, фонема заңдылығын терең танғандығын байқатады. **Фонема**— сөз мағынасына әсер ететін, артикуляциясы жағынан тұрақталған, *сөз таныту*, *сөз жасау* (конститутивті), *сөз айыру* (дистинктивті) қызметін атқара алатын фонологияның одан әрі бөлшектеуге келмейтін мағыналы кіші бірлігі. Фонемалар мағына айқындау жағынан бір-біріне **қарама-қарсы** (оппозиция) қойылады. Адамның санасында сақталған дыбыстың бейнесі, типі фонеманы танытады. Фонема — **дыбыстар қоры**, фонема бірнеше дыбыстардан құралады, яғни фонеманың құрамында дыбыс саны біреу ғана емес, одан көп болады. Фонеманың қызметін сөйлесім үдерісінде бірнеше дыбыстар атқарады, олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы дыбыстарды фонеманың **позициялық түрлері** дейді. Барлық позициялар екі үлкен топқа бөлінеді: әлді(күшті) позицияда фонема өзінің сапасын өзгертпейді, ал әлсіз(күшсіз) позицияда фонема өзінің сапасын өзгертуге бейім тұрады. Фонеманың құрамындағы әр дыбыс(яғни, позициялық түрі) нақты бір позицияда ғана кездеседі. Мысалы, **саз — сөз — сөз — сөз** деген төрт түрлі сөздегі дыбыстарды қарама-қарсы қойып, айтылым-жасалым (акустика-артикуляция) жағынан салыстыра қараймыз: бірінші сөздегі «с» дыбысы — жуан езу, тілдің артқы базасымен жасалған, екінші сөздегі «с» дыбысы — жіңішке езу, тілдің ортаңғы базасымен жасалған, үшінші сөздегі «с» дыбысы — жуан ерін, тілдің артқы базасымен жасалған, төртінші сөздегі «с» дыбысы — жіңішке ерін, тілдің ортаңғы базасымен жасалған, ал бірінші сөздегі «с» мен үшінші сөздегі «с» дыбыстары бір жерден, яғни тілдің артқы базасымен жасалғанымен, біреуі — жуан езу, біреуі жуан ерін болып, бір-бірінен ажыратылып тұр. Екінші және төртінші сөздердегі «с» дыбыстарын да осылай бір-біріне қарама-қарсы қойып, ажыратамыз. Осы төрт сөздегі «с» дыбысының айтылым-жасалым (акустика-артикуляция) жағынан өзгешелігі болғанымен, төрт түрлі әуезінің мағынаға әсері жоқ, сондықтан төрт түрлі айтылымның фонологиялық кезеңі жоқ, олар өздігінен дербес қолданылмайды, төрт түрлі

реңк бір ғана «с» дыбыс типінің әр түрлі көрінісі болып табылады. Ал мағынаға әсері бар «с» **дыбыс типі** инвариант фонема деп аталады. **Инвариант фонема** – сөздің мағынасын өзгерте алатын, әлді позициядағы бір фонеманың құрамына енетін негізгі дыбыс(негізгі позициялық түрі). Тілде неше инвариант фонема болса – сонша фонема болады. Демек, осы төрт сөздің екінші, яғни, «а», «е», «о», «ө» дыбыстарының фонологиялық кезеңі бар болғандықтан, оларды өздігінен дербес қолданылатын фонема (инвариант фонема) деп білеміз. Жоғарыдағы сөздердегі «с» дыбысының төрт түрлі реңктері инвариант фонеманың вариациялары деп аталады. Фонема деп атын осы терминмен атап айтпаса да, фонеманың өзіндік ерекшеліктері Қ.Жұбанов еңбектерінде жан-жақты талданып берілгенін атап көрсетуге болады.

Қ.Жұбанов: “Дауысты дыбыс әнделеді де, дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс әнделмейді”, - деген анықтама беріп, қазақ тілі дыбыстарын үш түрлі артикуляция-акустикалық топқа бөледі. Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі дыбыстарды үш топқа топтастыра отырып, “Дауысты дыбыс болатын - *а, е, о, ұ, ы, ұу, ый* - жетеуі”, - дейді. “Дыбыстардың әрқайсысы әртүрлі бола тұрып, бірінің дыбысталуы біріне өзгелерінен гөрі жуықырақ болып отырады. Мысалы, дауысты дыбыстардың әрқайсысы өз алдына бір дыбыс бола тұрып, барлық дауыстылар бір-біріне өзге дыбыстардан гөрі жуықырақ болады. Сондықтан дыбыстарды үйір-үйір қылып топтауға болады”, - деп, дыбыстау түріне қарай дауысты дыбыстарды төмендегіше үшке бөледі:

1. Толық дауыстылар
2. Келте дауыстылар
3. Қосынды дауыстылар [8.171].

Ол толық дауыстыларға *а/ә, е, о/ө* дыбыстарын, келте дауыстыларға *ы, і, ұ, ү*, ал қосынды дауыстыларға *ұу/үу, ый/йй* дыбыстарын жатқызған. . Қ.Жұбанов он тоғыз дыбыстың он екісін дауыссыз, қалған жетеуін сонор дыбыстар деп, бөлек-бөлек қарастырған. “Дауыссыз дыбыстың бәрі де егіз болады. Егіздің бір сыңарының дыбысы тек салдыр болады да, бір сыңарының дыбысында сол салдырға болар-болмас үн қосылған болады. Дыбысы тек салдыр болып шығатын

сыңарын үнсіз дауыссыз дейміз. Дыбысында салдырға үн аралас болатын сыңарын үнді дейміз”, - дейді [8.173]. Қ.Жұбанов **дауыссыз** дыбыстарға қазіргі қатаң, ұяң дыбыстарды жатқызады да, үнді дауыссыздарды **сонор** дыбыстар деп атап, оларды дауысты мен дауыссыз дыбыстардан бөлек қараған. “Үні мен салдыры тең бірқатар дыбыстар бар, оларды **сонор дыбыстар** дейміз”, - деп, **у, й, р, л, м, н, ң** - **сонор дыбыстар** екенін айтады. “Сонорлар дауыстылардай әнделмейді, дауыссыздардай егізделмейді”, - дейді. Дауыссыз дыбыстарды дыбысының созымды-созымсыздығына қарай **үздікті** (**қ, к, т, п, ғ, г, д, б**), **үздіксіз** (**ш, с, ж, з**) деп екі топқа бөледі. “Үздікті дауыссыздар үздік-үздік шығады да, созымға келмейді. Үздіксіздер шұбатылып шығады да, созып айтуға келеді”, - деп, дауыссыздарды айтылуына, яғни ауаның шығу жолына қарай топтастырады. “Дауыссыздар бір жерден шыға тұрып та әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, **т** дыбысы да, **с** дыбысы да тілдің ұшының үстіңгі күрек тіске не жабысқан (соқтыққан), не жуысқан салдырынан пайда болады. Бұл екеуінің екі түрлі болуы - жабысқандағы салдыр мен жуысқандағы салдырдың екеуі екі түрлі болғаннан, **т** дыбысы шығарда тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске жабысып қалады; ал **с** дыбысы шығарда тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске жабыспайды, тек жуысады”, - деп, дауыссыздарды артикуляциялық белгісіне қарай **жабысыңқы** және **жуысыңқы** деп екіге бөледі [8.174]. “Ауыздың екі жері бір-біріне жабысып ашылғаннан пайда болған дыбысты жабысыңқы дауыссыз дейміз. Жабыспай тек жуысқаннан пайда болған дыбысты жуысыңқы дауыссыз дейміз”, - дейді [8.174]. Ол: “Үздікті дауыссыздар, жасалу түріне қарай, жабысыңқы болады. Үздіксіз дауыссыздар, жасалу түріне қарай, жуысыңқы болады”, - дейді [2.174]. Сонда үздіктілерге **қ, г, к, з, т, д, н, б** - дыбыстары жататынын еске алсақ, олар әрі үздікті, әрі жабысыңқы дауыссыздар деп аталатын болады. Ал үздіксіздерді (**с, з, ш, ж**) - жуысыңқы дауыссыздар деп білеміз.

Қ.Жұбанов дыбысының созымды-созымсыздығына қарай дауыссыздарды **үздікті-үздіксіз** деп екі топқа бөлсе, осы топ дыбыстарды айту кезіндегі артикуляциялық ерекшелігіне

байланысты **жабысыңқы** және **жуысыңқы** дыбыстар деп те жіктеген.

Ғалым “Қазақ тілінің дыбыстарының *е*-ден басқалары бірде жуан, бірде жіңішке болып екі түрлі айтылады”, - деп, *сыз-сіз, ор-өр* сөздерін мысалға алады. “*Сыз* деген сөздің дыбыстары жуан, ал *сіз* дегенде сол дыбыстар жіңішке айтылып тұр” дейді. “Қазақ тілінде бір дыбыстың өзінің жуан түрі бір дыбысқа, жіңішке түрі бір дыбысқа татиды”, - дейді де, бір дыбыстан екінші дыбыстың басқа түрлі айырмасы болмаса да, жуан-жіңішке болуына қарай бір сөз екінші сөзден айрылатынын айтады [8.187-188]. Ол *ор-өр, сыз-сіз* - сөздеріндегі дыбыстар өзара салыстырғанда бірдей екендігін айтса, шынында да, олардың жуан-жіңішке түрлері лингвистикалық қызмет атқаратыны, фонология тұрғысынан алғанда, қазақ тілінде бір дыбыстың жеке басы бөлініп шығып, жуан-жіңішке бола алмайтыны, жуан-жіңішке болатын буын екендігі белгілі. Сонда бір дыбыстың жуан-жіңішке түрлері екі дыбысқа татиды да, бір сөз екінші сөзден айрылады дейміз. Ғалым “дыбыс біткеннің бәріне бірдей жуанына бір әріп, жіңішкесіне бір әріп жазатын болсақ, онда әліппеміздегі барлық әріптің саны ... осы күнгіден екі есе көп болар еді” деп, дауысты дыбыстардың ғана дифференциальді таңбалануын “бүтін буынның жуан-жіңішкелігін көрсетуге қойылған қарақшы” деп метафоралы түрде баяндайды [8.189]. Қ.Жұбанов бір буынның құрамында дауысты, дауыссыз, сонор дыбыстардың қайсысы бар-жоғына, қайсысы қай орында тұруына қарай қазақ тіліндегі буынды алты түрге бөледі:

1/ жалаң буын (дауысты буын);

2/ Ашық буын (дауыссыз не сонор + дауысты);

3/ Жеңіл тұйық буын (дауысты + дауыссыз не сонор);

4/ жеңіл бітеу буын (дауыссыз не сонор + дауысты + дауыссыз не сонор)

5/ Ауыр тұйық буын (дауысты + сонор + дауыссыз);

6/ Ауыр бітеу буын (дауыссыз не сонор + дауысты + сонор + дауыссыз). Қ.Жұбановтың буын типологиясы туралы көзқарастары қазір де ғылыми маңыздылығымен құнды. Ол қазақ фонетикасында буынның жылысуы мен кірігуі, буынның жуаны мен жіңішкесі туралы мәселелерді де алғашқы болып сөз етті.

Қ.Жұбанов еңбектерімен танысу барысында оның тіл дыбыстарын фонология тұрғысынан қарастырғанына көз жеткіздік. Ә.Жүнісбеков сөзімен айтқанда, “Дыбыстың жеке басын алып емес, оны буын құрамында алып қарау - қазақ тілі фонологиясының өзіндік сөлін тап басқан зерттеушінің ғана қолынан келетін жай” [6.195]. Қ.Жұбанов “Қазақ тілі - буыншыл тіл” дей отырып, қазақ сөздерінің буынға негізделгенін айтып, дыбыстың фонологиялық қызметін буын заңдылықтарымен байланыста қараған. Қазақ тіліндегі дыбыстардың нағыз фонологиялық қызметі буын деңгейінде көрінетіндігі Ә.Жүнісбеков зерттеулерінде де жан-жақты пайымдалғанын білеміз, яғни үнді-европа тілдерінде дыбыстардың басын біріктіріп, сөз етіп ұйыстыратын сөздік екпін болса, ал түркі тілдерінде – сингармонизм екендігі дәлелденді. [10]. Сингармофонологиялық бағыттағы Ә.Жүнісбековтің жаңалықтары М.Жүсіпұлының [11], Ж.Әбуовтың [12] зерттеулерімен толығырақ түсті. Қорыта айтқанда, Қ.Жұбанов кезеңінен бастау алған фонологиялық зерттеулер бүгінгі күні жаңаша ізденістермен [13] жалғасын тапты.

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу – адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Ғалым Ә.Қайдаров айтқандай, әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу- өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз.

Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің сан саласынан іргелі-іргелі зерттеулер жаза отырып, сол тұстағы көкейтесті мәселелердің бірі болған қазақ жазуы мен әліпбиі бойынша белгілі фонетист

ғалым ретінде құнды-құнды пікір айтып, ғылыми маңызы зор еңбектер жазған. Қ.Жұбановтың әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастарын оның «Әліппеміз бұқарашыл болсын», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Қосар ма, дара ма?», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка», «Выступление К.К.Жубанова на научно-орфографической конференции в г. Қзыл-Орде» /2-4. 1929г./ т.б. мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінен байқауға болады. Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулері негізінен қазақ әліпбиін жасау, бөгде тілдің графикасын қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне бейімдеудің тиімді жолдарын іздестіру, жүйелі жазу емлесін құрастыру, оны жетілдіру, орфоэпия мен орфографияның өзіндік белгілеріне сай қазақ тілі дыбыстарының ерекшеліктерін көрсету, қазақ тіліне енген терминдердің жазылу заңдылықтарын бір жүйеге келтіру, қазақ орфографиясының жетекші принципін анықтау, т.б. бағыттарда болды. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады десек, графиканың басты қағидаларының бірі - белгілі бір әріп бір ғана фонеманың таңбасы болуы керек. Сондықтан да Қ.Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру үшін алфавит құрамына енуге тиісті әріптердің санын қазақ тіліндегі белгілі бір фонеманың іс жүзіндегі қажеттілігіне қарай белгілеуді мақсат еткен. Дыбыс жазуы дыбысталған сөздің сол қалпындағы көшірмесі емес, оның басты қызметі ой мен сезімді жеткізу болғандықтан, дыбыс жазуында фонетикалық қоршауға тәуелді, фонологиялық жүктемесі жоқ, небір дыбыс құбылыстары ескерілмейді. Қ.Жұбанов та фонологиялық жазудың ерекшелігі бойынша фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық қоршауға тәуелді реңктері ескерілмейтінін басты нысана етіп ала отырып, дыбыстық қоршауға тәуелді кез-келген дыбыстық құбылысты жазуда таңбалай беру ультра-фонетик бағытқа бой ұру болатынын айтады. Ғалымның айтуынша, қазақ жазуы фонетикалық принципті ұстануы тиіс, себебі бұл принцип қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келеді дейді. Қ.Жұбанов бұл жерде фонологиялық принцип туралы айтқан, себебі ол кезде

“фонология” термині қолданыста болмағанын және ғалымның сөз дыбысталуына жақын жазылуы керек деген сөзін ескеруіміз керек. Сөздің дұрыс жазылуы, айтылуы сол тілдің ішкі ерекшеліктерінен туындауы керектігін айта келіп: “Емле негізіне қожа сол тілдің жаратылыс заңы болуға керек. Тіліміздің жаратылысына қарасақ, емле дыбыс негізді болуға керек”, - деп түйін жасаған [9.498].

Қ.Жұбанов тіліміздің фонологиялық ерекшеліктерін дөп басып тани білген ғалым қазақ тілі дыбыстарын буын құрамында қарастырып, дауыстылардың таңбасы “буынның жуан-жіңішкелігін білдіретін қарақшы” деген дәлелді пікір айтады. Кезінде *ұу, үу, ый, ій* - қосынды дыбыстар екендігін көрсете отырып, оларды жазуда жалаң *у, и* әріптерімен таңбалау туралы айтқан ұсынысы жазу сауаттылығын жақсарту бағытындағы сол алғашқы ізденіс кезеңі үшін маңызы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, латын графикасына негізделген алғашқы дауысты дыбыстар қазақ әліпбиінде 13 әріп (17 таңба) арқылы белгіленген болса, ғалым енді оны қазақ тілінің ішкі мүмкіншілігін ескере отырып, 7 әріппен таңбалауға болатындығын көрсетеді [9.521]. Латын графикасын қабылдауда кеткен кемшіліктер мен олқылықтарды түзеу жөніндегі жұмыстарға Қ.Жұбанов белсене ат салысты. Қазіргі таңда латын графикасына көшудің маңыздылығы туралы мәселе көтеріліп жатырса, бұл жөнінде де ғалым есімі еріксіз ойға оралады.

Қ.Жұбанов емле жасау жөнінде өз ойларын былайша тұжырымдайды: “Қазақтың әдеби тілінде ұстап-тұтынылатын сөздердің бәрі де дұрыс жазылып, әрқайсының өзіне меншікті тұрақты таңбасы болуы керек те, сол тұрақты түрден айнып, басқаша жазылған жазудың бәрі де қате делінетін болуы керек. Бірақ ол үшін мына сөз “таза қазақша”, мынаның “тегі жат” деп, - сөз-сөздің тегін қосып жатудың қажеті жоқ: тегі қайдан шықса да бәрі бір, қазақ тіліне кірген сөздің бәрі де қазақтың өз сөзі делінуі керек”, - дейді [9.337]. Ол ереже жасауда негізгі есте болар жай, “емле жеңіл болу үшін ереженің санын да, ережеге көнбейтін одағай қалыптардың санын да құр тек “аз ету” шарт емес, қайта тілде бар, емлеге керекті қалыптардың бәрінің түгел тексеріліп, ереже болып қорытылып шығуы шарт”, - дейді [9. 340].

Басқа тілден енген сөздерді дұрыс жазу үшін олардың дыбысталу қалпын бұзбау қажет, яғни алфавитке сол тілдің дыбысын дәл жеткізе алатын таңба болуы керектігін айтып, халықаралық мәні бар сөздерді дұрыс таңбалау мақсатында қазақ әліпбиіне **ф, х, һ** әріптерін енгізу туралы да ұсыныс жасайды[9.510].

Қ.Жұбанов қазақ әліпбиіне и,у әріптерін ұсына отырып: «**ұу, үу, ый, йй**-лердің әрқайсысында екі-екіден дыбыс бар деушілердің екінші әрі бар күшті дәлелі-бұл қосар әріпті ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздан құралған екі дыбыс болған деседі. Мұнысы дұрыс: «су» сөзі бұрын бірде» «сұу», бірде «сұғ» түрінде болуы рас. Бірақ бұрын сондай болушылығының өзі осы күні сондай екендігінде, немесе, осы күні қосар таңбамен жазудың дұрыстығына дәлел бола ала ма?» деп, олардың бұрын қос дыбыс болғандығына келісе тұрып, қазіргі кезде қос әріппен таңбалауға қарсылық білдіреді[9.345] Бұған дәлел ретінде кейінгі зерттеушілер пікірін алға тартады: “Қазақ тілінің грамматикасын ең жақсы тексерген профессор П.Мелиоранский де осы Радлов пікірінде болып, **ұу, йй**-лерді жалаң әріппен таңбалаған. Бұл дыбыстардың татар тіліндегісі мен қазақ тіліндегісінің ешбір айырмасы жоқ. Ал татар тіліндегісін эксперименталь түрде тексеріп келіп, Ғалымжан Шарап бұлардың жалаң дыбыс екенін ашты. Татар, түрік тілдерін эксперименталь фонетика жөнімен көп зерттеген оқымыс Богородикий “О корневом вокализме в турецком языке” деген еңбегінде ана Радлов пікірін қуаттап, бұларды жалаң дыбыс деп шығарды”,-деп, жалаң әріппен таңбалауды жақтайды[9.347-348] Осындай танымал ғалымдар пікірлерінен кейін олардан басқаша ой қорытып, тұжырым жасауын Ә.Жүнісбеков зерттеуінің құндылығының бір қыры деп түсінеміз. Себебі Ә.Жүнісбеков бұл **и, у** әріптерінің әрқайсысы дауысты+дауыссыз қос дыбыстың таңбасы екендігін, қазақ тілінде дауысты **и, у** дыбыстары жоқтығын ғылыми тұрғыда дәлелдеді [10.11].

Қ.Жұбанов қазақ әліпбиін жасаудағы А.Байтұрсыновтың мұрасына да құрметпен қараған. “Алфавит құрудың математикалық формуласы” туралы Н.Ф.Яковлевтің еңбегі

шын мәнінде А.Байтұрсыновтың қазақ әліпбиін жасауда қолданған амалы екендігін айтып, оны заңсыз иеленуді ғылыми плагиат деп ашық сынаған да Қ.Жұбанов болды [9.507]. Осы мәселеге байланысты сөзінде А.Мектептегі: “Құдайберген Жұбановтың ащы шындықты тіке айтуы ол кезең тұрғысынан жүрек жұтқандық, ерлік еді”, - деп бағалайды [14.166]. Қ.Жұбанов әліпби және жазу мәселесін шешу бағытында өз тілімізбен қатар басқа тілдердің де тарихын зерделеп, салыстырып, салғастырып пікір айтады: “Қырғыз тіліндегі секілді ұзындық-қысқалық қазақ дыбыстарында жоқ” [9.346]. “Наши алтайские языки в древности, вероятно, не дифференцировались по признаку звонкости и глухости звуков, как уйгурской письменности, где *п* и *б*, а также *к* и *г* обозначаются одной и той же буквой. Это все нам показывает, что в сознании тогдашних тюрков, которые писали на этом алфавите, эти буквы не отличались так друг от друга. ...Сейчас чувашский язык, например, не знает различие глухих и звонких. Глухие звуки в открытом слоге превращаются в звонкие, а в закрытом-глухие” [9.502]. “Наша письменность, можно сказать, имеет значительно древнюю историю. Еще в VI-VII веках тюрки имели письменность” [9.499].

Ғалымның бұл пікірлерінің тек фонетикалық жағынан ғана емес, фонологиялық, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан да құндылығын танимыз. Әлем лингвистикасына жүгінер болсақ, фонологиялық танымдар алфавит жасау проблемасымен астасып жатқанын байқауға болады. Бұған дәлел ретінде А.Байтұрсыновтың қазақ әліпбиі мен жазуы туралы ізденістерін айта аламыз. Демек, бұл бағыттағы А.Байтұрсыновтың ізденістерін Қ.Жұбанов жалғастырғаны, латын алфавитіне көшу, жаңа әліпби бойынша жазу заңдылықтарын жетілдіру мәселелері де тіліміздің фонологиялық табиғатына сай ізденісті қажет еткені аян.

Ғалым жазу, орфография мәселесін барлық уақытта да сингармонизммен байланыста қараған. Мәселен, латынға көшу кезінде араб жазулы қазақ алфавитінің жетістіктерінің бірі дәйекшіден бас тарту дұрыс еместігін, себебі қазақ тілінің табиғатында *е*, *к*, *г* дыбыстарынан басқасы жуан-жіңішке болып екі түрлі дыбысталатынын, сондықтан, оларды бір

таңбамен белгілеу мүмкіндігінен айырылып қалатындықтарын айтты[9.504]. Араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуындағы дәйекшінің артықшылығын Қ.Жұбанов өте жоғары бағалаған. Ол 1912-1930 жылдар аралығында 18 жылдай қазақ сөзі А.Байтұрсынов жасаған әліпби арқылы жазылғанын айтып, араб алфавитінің табиғатына тән кейбір ерекшелігі болмаса, бұл жазудың еш кемшілігі байқалмағанын, сондықтан одан бас тартып, латынға көшу мәселесі жоғары жақтың қысымы екендігін ескертеді [9.506]. А.Байтұрсыновтың өзі де латынға көшуге қарсы болмаған. Ол араб графикасынан латын жазуының артық екендігіне анық көз жететін болса, онда латын графикасына деген қарсы ой болмайтындығын білдірген еді. Қ.Жұбанов жазу мәселесіндегі теориялық зерттеулерінде орфография мен орфоэпия мәселесінің ара жігін ашып, жазу емлесін жасау барысында, әсіресе, түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың айтылуы мен жазылуына сингармонизм заңдылығы тұрғысынан жете көңіл бөлген[9.208-213]. Әр тілдің өзіндік табиғаты, дыбыстар тіркесімі болуы заңды жағдай болып табылады. Соған орай әр тілдің өзіндік орфографиялық ережелері болуы шарт. Бұл заңдылық сақталмаған жағдайда тілге қиянат болады. Осы орайда, тіл заңдылығын терең түсіне білген Қ.Жұбанов: *“Білек, тыраш, ыстаған (мес)* сияқты қазақ сөздері, осылай, басқы ашық буында келте дауысты *ы,і*-лермен жазыла тұрып, *пленум, трактор, стахановшы* сияқты сөздер *ы,і*-лерсіз жазылатын болса, жеңіл соғар ма еді?”,-деп дыбыстарының тіркесу заңдылығы тіліміздің табиғатына сай емес орыс тіліндегі сөздерді көрсетіп, оларды жазудың тиімді жолын іздестіреді[9.137]

Ғалым сауатты жазу үшін ана тіліндегі сөздермен қатар, басқа тілден енген сөздердің де тіліміздегі жазылу заңдылықтары туралы ереже шығару үшін әуелі әліппе мен емле мәселесін шешу керектегі туралы өз ойын төмендегіше білдіреді: “Халықаралық терминдердің емлесі де үзілді-кесілді шешілген жоқ. Орысша жазылуынша болсын деген жалпы бағытқа ешкімнің көріне дауы жоқ сияқты. Бірақ жалпы бағыт бар да, ереже бар. Бұл екеуі бір емес қой. Нағыз толық ереже беру мәселесі әліппе мен емлені түгел қарастырмай шешілмек емес”[9.137] Қазақ жазуы үшін қандай принципті басшылыққа

алу керек деген мәселені шешу бағытында Қ.Жұбанов тарихи жазбаларға да назар аударады. “У нас, например, *лар* пишется *лар, лер, дар, дер, тар, тер*. Вуйгурском алфавите *лар* писалось только через *а*, в чагатайской письменности *-лр*” – дей келіп, қазақ тілінің табиғатына сай жазу бағытын таңдау керектігін айтып: “Казахское*лар* имеет 4 начертания, мы не можем отказаться от них и перейти к (лр). Это затруднит обучение первоначальной грамматике, а в дальнейшем также самую грамотность” [9.348] деген тоқтамға келеді. Қазақ орфографиясын қалыптастыру бағытындағы Қ.Жұбановтың көзқарасын білу үшін өз сөздеріне назар аударып көрейік: “Әріп қатар екен деп дыбысы қосар бола бермей, дараланып қалып, жазу мен айтудың екеуі екі жаққа кеткенін көреміз (француз, ағылшын, армян әліппелері)”[9.347]. “Біз емлені ермекке түземейміз, оңайласын деп түзетеміз”[9.348]. «Чтобы не писать безграмотно, начертание должно быть приближено к произношению» [9.348]. “...Что такое казкхский язык данного периода и куда он идет в своем дальнейшем развитии. Выяснение этого вопроса было необходимо, так как орфография казахского языка данного периода должна была создаваться по образу и подобию языка именно этого периода” [9.516].

Қазақ терминологиясын жасау, қалыптастыру жұмыстарының алғашқы қиын кезеңінде Қ.Жұбанов терминдерді жазу мәселесіне ерекше мән берді. Ол психологияны - жан жүйесі, геометрияны - пішіндеме деп жазуды сынап, бұлардың бәрі термин емес, тек терминнің лексикалық мағынасын қазақшалау екендігін, бірақ сол аудармалардың өзі термин мағынасын жеткізіп бере алмайтынын ескертті [9. 524]. Ғалым қазақ орфографиясын жетілдірудегі негізгі талап - қалың көпшілікке түсінікті, игеруге жеңіл болуы деп көрсетті. Орфографияны жеңіл жасаймыз деп, жадағайлатып жіберілгенін, соның нәтижесінде бір сөзді бірнеше вариантта жазуға жол берілгенін, сауатты жазудың орнына бәрі сауатсыз жазуына әкеліп соқтыратынын сынады. Ғалым ғылыми пәндерде орыс тілінен енген “техника”, “физика” сияқты сөздерді өзгертпей жазу туралы пікір айтып, осындай көзқарастағы Қ.Кемеңгеров сияқты ғалымдарды қолдады [9. 503]. Алфавиттегі әр әріптің өзінің

аты бар. Дауысты дыбыстар көбіне сол өздерінің дыбысталуы түрінде айтылса, дауыссыз дыбыстарды алдына не артынан бір дауысты дыбыс қосып айтамыз. “Мысалы: *балалар* деген сөздің бас дыбысы (*б-ны*) бөлек айтпақ болсақ, *бы* деп, *ыб* деп қана айта аламыз. Осы балалар деген сөздің соңғы дыбысы (*р-ды*) бөлек айтамыз десек те, не *ыр* деп, немесе *ры* деп қана айту мүмкін. *бы*, *ры* деп айтқанда *б* мен *р*-дың соңынан, *ыб*, *ыр* деп айтқанда, алдынан дауысты *ы* дыбысын қосып отырмыз. Өйткені дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс алдынан, не артынан бір дауысты дыбыс қоспай, өздігінен бөлек айтылмайды”, - деп Қ.Жұбанов текке айтпаса керек[9.196]. Ал мектепте қазақ тілін оқыту барысында қазақ алфавитіндегі дыбыстардың атауы *бе, ве, ге, эн, эс, эр, те* түрінде орысша үйретіліп келеді. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Қ.Жұбановтың буын туралы тұжырымдары мен Ә.Жүнісбековтің сингармотеориясына сүйеніп, қазақ дауыссыз дыбыстарының жалаң айтылмайтынын ескере отырып, алдынан не артынан бір дауысты қосып қазақша айтамыз. Ғалым ұсынған ойлардың бәрі де өз кезінде шешімін таппағанмен де, оның өміршең идеялары мен теориялық тұжырымдары қазақ тіл білімінің ғылым биігіне көтерілуіне үлес қосты.

Қазақ жазуы алғашқы кезеңде араб графикасына негізделсе, 1929 жылдан бастап латын әліпбиіне көшірілді де, 1940 жылы кирилл жазуына ауыстырылды. Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында бірнеше жазу үлгілерін пайдаланғаны мәлім. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі қазақ халқының мәдени тарихында, рухани өмірінде, түркітануда, жалпы тіл ғылымында үлкен мәні бар белес болды. А.Байтұрсыновтың сингармофонологиялық зерттеулерімен таныса отырып, оның қазақ алфавитін құрастырып, орфография принциптерін жасауда ғажайып білгірлік танытқанының куәсі боламыз. Жазу, орфография мәселесіне байланысты жұмыстарда А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың еңбегін ерекше атаған жөн. Араб графикасына негізделген жазу А.Байтұрсынов есімін еріксіз ойға алдырса, латын графикасын қазақ жазуына икемдеу істерінде Қ.Жұбановтың орны ерекше. Сондықтан да, қазақ жазуы мен орфографиясында, жалпы, қазақ жазу мәдениетін арттыруда осы қос ғалымның қосқан үлесі зор. Қ.Жұбанов қазақ әліпбиі мәселелерін талдау барысында


жалпы тіл білімі деңгейіндегі ғылыми ізденістерге, белгілі ғалымдар еңбектеріне, басқа тілдің кейбір экспериментальды зерттеу деректеріне арқа сүйей отырып, грек, ағылшын, француз, неміс, орыс, армян, грузин, араб және туыс түркі тілдерінің ерекшеліктерін жетік біліп, оларды қазақ тілімен байланыстыра, салыстыра баяндағанын көреміз.

Әдебиеттер

1. Трубецкой Н.С. Основы фонологии. - Москва: Изд. иностранных литератур, 1960. - 372 с.
2. Бодуэн де Куртэнэ. Избранные труды по общему языкознанию. Т.1. Москва: Издат. "АН СССР" 1963. - 383 стр.
3. Матусевич М.И. Современный русский язык. Фонетика. - Москва: Просвещение, 1976. - 288 с.
4. Щерба Л.В. Русские гласные в качественном и количественном отношении. - Ленинград: Наука, 1983. - 155 с.
5. Щерба Л.В. Фонетика французского языка. Изд. 7-е. - Москва: Высшая школа, 1963. - 309 с.
6. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасының ғылыми курсы жасаушы // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі / Ғалымның 90 жылдығына арналған жинақ. - Алматы: Ғылым, 1990. 191-196-б.
7. Аванесов Р.И. Русская литературная и диалектная фонетика. - Москва: Просвещение, 1974. - 287 с.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1966. - 362 б.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 581 б.
10. Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке. - Алма-Ата: Наука, 1987. - 92 с.
11. Джусупов М. Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим (на материале казахского и русского языков) АДД.- Алматы, 1992. с. 38.
12. Абуов Ж. Сингармонические основы восприятия речи (теоретическое и экспериментально-фонетическое исследование). // Автореф. докт. дис. - Алматы, 1998. - 50 с.

13. Сәдуақас Н.Ә. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері. КДА. -Алматы, 1999.-24 б.

14.Мектеп - тегі А. Қазақ жазуының қасиеті мен қасіреті // “Жалын журналы. №1, 2. Алматы: 1996. 152-170 б.



2. ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ және ОНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҰШТАСТЫҒЫ

2.1.Қ. ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТІЛ МЕН МӘДЕНИЕТ ТҮТАСЫМЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ж. Сұлтан

*С.Бәйішов ат Ақтөбе университетінің
доценті, филология ғылымдарының
кандидаты*

*Қазақстан Республикасы
Ақтөбе қаласы
zh.sultan.kz@gmail.com*

Бүгінгі таңда еліміздің саяси-экономикалық, мәдени дамуын ғаламдану және интеграция құбылыстарымен сабақтастықта қарастыру үрдісі кең қанат жаюда. Қазақстанның саяси егемендігі, қоғамдағы демографиялық өзгерістер зиялы қауымға тәуелсіз қазақ елінің ғылыми негізделген, біртұтас шынайы тарихын анықтауды жүктеді. Қазақстан ғылымының негізгі бағыттары қазақ халқының рухани қазынасын қайта жаңғырту мәселесімен тікелей байланысты. Сондықтан түркітануда, оның ішінде қазақ тіл білімінде де қоғам өмірін ұлттық тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен, өткен тарихымен, даму кезеңдерімен, салт-дәстүрімен ұштастыра зерттеу ісі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Тіл мен мәдениет арасындағы өзектестік философия, социология және лингвомәдениеттаным сияқты ғылымдардың бірігуі арқылы ғана анықталатын пәнаралық проблема.

Лингвомәдениеттаным пәні ХХ ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды деп есептеледі. Алайда, сол аталған уақытқа дейін лингвомәдениеттанымға қатысты ізденістер, зерттеулер болмаған деп айту қате. Тілдегі мәдениет деректерін тексеретін бұл ғылым саласы ХІХ ғасырдың өзінде-ақ В. Фон Гумбольдттің «Адамзат тілі құрылысының ерекшелігі және

адам тегінің рухани дамуына оның әсері туралы» («Ява аралындағы кави тілінің» кіріспесі) еңбегінде сөйлеу тілі мен халық болмысының арасындағы шарттылықты танытатын *антропологиялық парадигманың* негізінде пайда бола бастады.

Лингвомәдениеттаным деп аталатын бүгінгі тілтану тәсілінің өзекті мәселелері бойынша Еуропа және Америка ғалымдарымен қатар, ресейлік және қазақстандық лингвистер де белсенді зерттеулер жүргізу үстінде. Мысалы, орыс фразеологиялық мектебінің өкілдері – В.Н.Телия, Ю.С.Степановтардың, А.Д.Арутюнова, В.В.Воробьевтің, В.Шаклеин, В.А.Маслованың және қазақ лексикологиясы мектебінің өкілдері Ж.Манкеева, Н.Уәлиев, т.б. ғалым-тілшілердің лингвомәдениеттаным бойынша жарық көрген зерттеулері бүгінгі таңда жалпы жұртшылыққа танымал.

В.А.Маслованың «Лингвокультурология»¹ атты оқулығында қазіргі Ресейдегі лингвомәдениеттаным жайлы зерттеулердің бағыттары нұсқалады және аталған ғылым саласының әдіснамалық негізіне қатысты мәліметтер келтірілген. Автор лингвомәдениеттанымның «лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысуынан дүниеге келген лингвистикалық сала» (астын сызған біз – С.Ж.) деп, оның пәнаралық сипатын атап көрсетеді. Сондай-ақ оған: «тілдік қарым-қатынас барысында көрініс беретін халықтың ұлттық тірі тілге дарыған материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін гуманитарлық ғылым», «мәдениеттану мен тіл білімінің, этнолингвистика мен мәдени антропологияның зерттеу нәтижелерін өз бойына жинақтаған тоғыспалы білімдер аясы» деген мазмұндағы анықтамалар береді [2, 3, 4, 5 б.].

Осымен қатар, лингвомәдениеттанымның теориялық және әдіснамалық негіздемелері В.В. Воробьевтың «Лингвокультурология: теория и методы» [Воробьев 1997] атты еңбегінде де мазмұндалған. Автор *гумбольдтшылдық* дәстүрін басшылыққа ала отырып, тіл тұтасымындағы мәдени танымдарды Сепир-Уорф гипотезасы негізінде зерттеу әдісін ұсынған [6, 4 б.].

«Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология» атты теориялық шолу еңбегінде В.В.Красных та осы тақылеттес міндеттерді шешуге ұмтылады. Лингвомәдениеттанымды бұл

ғалым «мәдениеттің тіл мен дискурсқа (тілдесуге) етене сіңісіп, оның бойында сақталатын және сол тұтастық арқылы көрініс беретін ұлттың *болмыс бейнесімен* («картина мира» ұғымының тікелей ағылшынша мағынасына сүйене отырып (Welt build) *болмыс бейнесі* деген қолданысты дұрыс көрдік. Сондай-ақ кей ғалымдар (мысалға, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев) “әлем бейнесі”, “дүние бейнесі”, “ғалам бейнесі” деген тіркестерді қолдануды жөн санайды – С.Ж.), халықтың тілдік санасымен және тілдік, ділдік комплекстер ерекшелігімен тікелей байланыстыра зерттейтін пән» деп атайды [6, 12 б.].

Тіл білімінің лингвомәдениеттаным сипатындағы ізденістерге жүгінуінің мәнін біз зерттеушілердің “мәдениет тіл арқылы беріледі” деген ұғымды тереңірек түсінуге тырысушылығынан деп білеміз. Бұл төңіректе, ең маңыздысы, тіл мәдениеттің *нендей фактілерін* танытатындығында емес (бұл жағдайда бар болғаны қолданбалы лингвомәдениеттанымның бір ғана саласымен шектелуге де болар еді), әңгіме мәдениетті таңбалау үшін тілдің *қандай тәсілдері* іске қосылатындығы турасында болмақ. Осыған сәйкес, лингвомәдениеттаным мақсатты түрде тіл мен мәдениеттің семиотикалық табиғатына зер салады [7] және философиялық антропологиямен, халықтың рухымен, дінімен және ұлттың психологиялық ерекшелігімен, бірегей характерімен байланыста болады.

Лингвомәдениеттанымдық зерттеулер бүгінгі кездегі дәстүрлі лингвистиканың жалпы даму тенденцияларынан көп аса ауытқымайды, сөйте тұра өз дамуы барысында «ішкі», «имманенттік», «құрылымдық» тілтанымнан – сыртқы, яки тілдік құбылыстарды адам ойымен, оның рухани-тәжірибелік әрекетімен тығыз бірлікте қарастыратын *антропологиялық лингвистикаға* өту бағытымен үндеседі [8]. Басқа бір тілді үйрену барысында сол бөгде ұлтқа тән мәдениеттен хабардар болмайынша, тікелей тілдесу арқылы толыққанды қарым-қатынас орнату әсте мүмкін емес. Ол үшін әуелі сол халықтың тілдік жүйесі мен мәдени негізі қалайша және қай тұста тоғысатындығын аңдап білу қажет болады. Лингвомәдениеттанымның лингво-елтану мен этнолингвистикадан айырмашылығы – оның «өз нысандарындағы тіл көріністерін бейнелейтін мәдениет

құндылықтарын тілдің салыстырмалық теориясы негізінде (Э. Сепир-Б. Уорф гипотезасына сәйкес) әр тілдің (әр халықтың) лингвомәдени ерекшелігі бойынша контрастивтік анализ жасай алу қабілеттілігі мен өкілеттілігінде [9] болса керек.

Бұл ғылыми пәннің міндетіне тіл және мәдениет арақатынасымен қатар, тіл мен ұлт, тіл мен халық менталитеті арасындағы байланыстарды сипаттау міндеті де енеді. Мұндай ұстаным Бенвенистің «тіл, мәдениет және адам тұлғасы» деген үштік формуласының негізінде қалыптасқан. Осы формулаға сәйкес, зерттеуші этностың лингвомәдениет арқылы дүниәуи және рухани болмысын тану мүмкіншілігіне қол жеткізеді.

Дүниенің біртұтастығы – оның салаларының, бөлшектерінің әр түрлі жақтарының іштей тығыз байланысты, бір-бірімен шарттас екендігін, бір-біріне әсер ететіндігін көрсетеді. Материалдық әлемнің әр түрлі қырын тануды көздейтін ғылымдардың идеялық бірлігі де осыдан байқалады. М. Бахтин ғылыми айналымға енгізген “үлкен уақыт шеңбері” жайлы ұғымға сәйкес, қоғамдағы барлық ғылым атаулы бір-бірімен тығыз араласа, бірін-бірі айқындап, бірімен-бірі етене байланыста өмір сүреді. Демек, белгілі бір ғылымның шынайылығы оның өзіне ғана байланысты емес, сонымен бірге басқа ғылым салаларымен де байланыс орната алу қабілеттілігінде болмақ.

Тіл – қоғам тарихының барлық дәуірінде де оның күресі мен дамуының құралы, қоғам мүшелерінің рухани өмірінің, тіпті бүкіл мәдениетінің тұтқасы деуге болар еді. Осымен байланысты, тіл – ең әуелі мәдени болмыстың тірегі, өркениеттің алғашқы сатыларында маңызды роль атқарған өлшем бірлігі.

Мәдениеттің өмір сүру шарты – оның бір ұрпақтан екінші ұрпаққа мирасқорлықпен беріліп отыруында. Мәдени-рухани байлықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, жалғастырып отыратын дәнекерші құрал – тіл.

Мәдениет тарихының әрбір сатысының өзіндік қайталанбас ерекшеліктері болады. Мысалға, алғашқы дәуірдегі адамдардың өзара қарым-қатынасының бірден-бір құралы – ауызекі тіл болды. Ауызша сөзге негізделген қауымдық өмірде адамдар тек акустикалық кеңістікте өмір сүреді.

Негізгі коммуникация құралы *тіл* болғандықтан, тілдесу процесіне – ауызекі сөзге негізделген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мифтер синкреттік мәдениет ретінде қарқынды дамып, ұрпақ жалғастығының негізіне айналды. Коммуникация құралы қызметінде тіл – адамның тікелей қатысуын (айтуын, естуін) қажет ететін болғандықтан, адамдар ұжымы өзара ұйымшыл, ажырамас берік бірлікте болды.

Жазу-сызу мәдениетіне қолы жеткеннен кейін адамзат бұрын құлақпен ғана еститін дыбыс акустикасы кеңістігін игерумен шектелмей, көзге көрінетін (визуал) көрнекілік кеңістігіне де жол ашты. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан өсиет, даналық ой, көпжылдық тәжірибе нәтижесі ендігі жерде тікелей ауызекі түрде ғана таралмай, хатқа жазылған, көзбен көріп, оқуға келетін мәтін түрінде де жететін болды. “Қаздың қауырсынынан жасалған қаламсап енді ауызекі тілдің деректерін жазу таңбалары арқылы шалғай кеңістікке, әрі кейінгі замандарға жеткізе алатын болды. Таңбаның пайда болуы сәулет өнері мен қала ғимараттарын, жолдар мен қарулы әскерді, қоғамдағы бюрократияны дүниеге туғызды. Ол сананы тылсым көлеңкеден жарыққа шығарып, өркениетке бастама болған түбегейлі метафораға айналды” [10, 21 б.].

Коммуникация құралдары күрделене келе адамның ойлау жүйесіне, дүниетанымына, іс-әрекетіне, менталитетіне тың өзгерістер енгізді. Адамдар бірте-бірте о бастағы қауымдастық, бірлестік үрдістерінен қол үзе бастады. Жазу-сызудың пайда болуымен орайласа уақыт пен кеңістіктен тәуелсіздену процестері Еуропадағы тұңғыш баспа станогінің дүниеге келуімен үдей түсті. Христиандық Еуропада XV ғасырдың II жартысында Иоганн Гуттенберг өзі ойлап тапқан баспа станогін іске қосты. Канадалық әлеуметтанушы, әрі мәдениет тарихшысы М. Маклюэн айтқандай, “Гуттенберг галактикасының” баспагерлік ісі – нағыз ақпараттық төңкеріске әкеп соқты. Гуттенберг галактикасының арқасында конвейерленген тұңғыш бұқаралық тауар – кітап басылымдары дүниеге келді. Ол бұрын мүмкін болмаған көптеген жетістіктерге жол ашты. Жазу-сызуды білмейтін кезде ұрпақтан-ұрпаққа ұласатын рухани тәжірибе тек ру басыларының зердесінде сақталып, қоғам мүшелері үшін мәні зор қағидалар солардан ғана таралатын болса, енді әрбір адам

жалғыз өзі отырып-ақ, кітапты оқып білу арқылы өткен замандардағы ата-бабаларының даналығынан, зияткерлік мұрасынан үлгі алып үйренетін жағдайға жетті. Осы негізде әрбір индивид өзінің жеке тұлға екендігін түйсіне бастады. Өзінің басқалардан ерекшеленетінін, өзіне ғана тән таным деңгейі, машығы, білімі, бірегей қасиеті бар екендігін ұғынған адамзат өмірінде индивидуалистік сенім пайда болды. Бұның өзі мәдениет тарихындағы қарым-қатынастың кезекті сатысы болатын.

Қатынас құралдарының өзгерісіне қатысты туатын мәдени кезеңдердің біреуінен екіншісіне өту барысында көптеген үйреншікті мәдениет дағдыларының жоғалуы немесе өзінің әуел бастағы мағынасынан айырылу мүмкіншілігі туады, бірақ оны ешқашан күйреу, дағдарыс нәтижесі деп қарауға болмайды. Ондай құбылыстар жалпы прогрессивтік идеямен астасады деп есептелінеді.

Соңғы кезең – аудио-визуалды кеңістік заманы жаңа қарым-қатынас құралдары: телеграф, радио, телефон, теледидар, интернет және т.б. ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін ала келді. Осының нәтижесі ретінде баспа өнімдері және соған негізделген басқа да мәдениет институттары (әдебиет, театр, кітапхана т.с.с.) дағдарысқа ұшырай бастады. Бұл – кітапханадан оқушы, театрдан көрермен, әдебиеттен ақын-жазушылар кеткен заман болды. Эпистолярлық жанр үлгілеріндегі күнделіктер, хат, өмірбаян, естеліктер жазу қажеттілігінің зәрулігі кеміп, олардың орнына ұялы телефонмен қысқаша хабар алысу (немесе sms), электронды хат (e-mail) т.б. қатынас құралдары жедел дами бастады.

Ұзақ уақыт ойланып-толғану, индивид санасының шапшаң рефлексстерін қажет ететін процестер бірте-бірте баяулай берді де, адамдардың менталитеті өзгере бастады. Ақпараттың эскалациялық еселенуі электрондық дүниені тұтастай қамтуға мүмкіндік бермеді. Жаңа заманда ештеңені қалт жібермей еститін саққұлақтық пен еш нәрсені мүлт кетірмей аңғаратын көрегендік қажет болды. Осы екеуі түгел болғанда ғана тасқын селдің қарқынындай ақпараттар ағымының экспанциясына төтеп беру мүмкіншілігі туады. Бүгінгі таңда дүниені түгел торлаған электрондық байланыс біздің планетаны бейне бір

“үлкен ауылға” айналдырды десе болғандай. Индивидке тән жекешілдіктің орнын альтруистік “елжандылық”, “ұлтшылдықтың” орнын “космополитизм”, “монологтың” орнын “диалог” алмастыратын кезең бағыт ала бастады.

Баспа станогы кезінде дүниетанымға иек артқан өзіндік көзқарасы бар көрерменді, зерек оқырманды дүниеге әкелсе, электрондық техника бет-пішіні беймәлім жалпы жұртты, бұқарашылдықты туғызды. Бұл – мәдениеттен таңдаулы зиялылықтың, яғни элитаның кетіп, бұқаралыққа жол ашылғандығының белгісі еді. Рухани әлемдегі мұндай өзгерістер тікелей тілдің қатысуымен жүзеге асады. Тілдің өміршендігінің тағы бір көрінісі осы болмақ.

XX ғасырдың II жартысында Батыс ойшылдарының арасында мәдениетті тілмен теңдестіре қарау үрдісі кең өріс алып, ғалымдардың барлығы бір ауыздан дерлік: *тіл* – адам тіршілігінің негізі, маңызды атрибуты деген тоқтамға келді. Алайда қазіргі кезде тіл – коммуникацияның негізгі құрал ғана емес, адамның бүкіл болмысын, оның мәдениетін аңғартатын бірден бір көрсеткіш. Ал фрейдизм, феноменология, экзистенциализм, аналитикалық философия, герменевтика, структурализм, семиология, т.б. ағымдар мен мектептердің бәрі бір ауыздан мәдениет дегеніміз тілдік қарым-қатынастың нәтижесі деп таниды. Тіпті мәдениеттің өзін де бейне бір *метатіл* ретінде қарастыратын жаңа ағымдар оның бойындағы коммуникативтік мүмкіншіліктерді анықтау барысында лингвистикаға назар аударуды заңды әрекет деп санайды. Жаңа дәуірден бастап, XIX ғасырдың соңына дейінгі ғылымда мәдениеттен көрініс беретін тілге көп көңіл бөлінген жоқ-ты. Тіл – сана мен ойдың, рухтың құралы ретінде ғана қосалқы бөлшек есебінде қарастырылып келді. Тек, XIX ғасырдың басында ғана философияда, мәдениеттануда тілге деген жаңаша бетбұрыс байқалды. Соның нәтижесінде тіл – адамзат болмысының, оның өмір сүру мүмкіндігінің ең негізгі шарты екендігі айқындалды. Өйткені сана әрдайым нақты бір *тілдің* негізінде өмір сүреді, сөйтіп сол тілмен бірге дамиды. Тіл дыбыс түрінде де, жазу белгісі түрінде де тіршілік етеді. XIX ғасырдың басында пайда болған батыс лингвистикасы дыбыс тіліне көбірек көңіл бөлсе, XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастап тілдің мәніне деген көзқарас күрт өзгереді. Тілдің негізі

және алғашқы түрі – жазу, жазбаша тіл деген түсінік фонологияны ығыстыра бастады. Мишель Фуко, Роллан Барт, Жак Деррида сынды философтар да аталған мәселеге өз үлестерін қосады. Олардың концепциясы бойынша тілдің негізін жазудан немесе таза белгіден, таңбадан іздеу керек. Жак Дерриданың пікірінше: “Тіл түсінікті сөз ретінде ауыздан шықпай тұрып-ақ, жазбаша түрде немесе таза таңба ретінде тіршілік еткен, болмыс құрған” [11, 59 б.].

Кейіннен фоноцентристер үшін тілдің мәні ауызекі сөйлеуде, айтылуда болса, семиологтар үшін тіл дегеніміз белгілі бір *таңба*, белгілер жиынтығы болып есептелген. Тіршілік ортасын түгелдей дерлік қоршаған таңбалар әлемі адамзатты бір мезгілде әрі таңбаны жасаушы, әрі оны тұтынушы етеді. Тілдің таңбалық табиғаты сөз болғанда, бүгіндей тілдің және оның элементтерінің шынайы болмысы, сондай-ақ онымен жанама түрде байланысу дәрежесі де ескеріледі. Тіл единицаларының таңбалық қызметіне оларды адамның танып-білу әрекетінің нәтижелерін жалпылап білдіру *қасиеті* мен адамның қоғамдық-тарихи тәжірибелерінің қорытындыларын тіркеу және сақтау қабілеті де (кумулятивтік қызметі) енеді. Ал тілдің таңбалық сипатына тілдік элементтердің мағыналарға ие болу нәтижесінде белгілі бір ақпаратты білдіруге бейімділігі, қатынас жасау процесінде коммуникативті және экспрессивті міндеттерді атқару қызметі кіреді.

Сонымен, тілдің өн бойында әр алуан халықтардың тарихы, оның өмір сүру салты мен шаруашылығы, мәдениеті мен өнері сақталады. Тіл мәдениетпен сөзсіз байланысты, бірақ екеуін бір деп теңестіруге де болмайды. Егер мәдениет идеологияның, яғни қондырма құбылыстардың қатарына жатса, тіл – қоғам мүшелерінің қатынас құралы ретінде әрдайым жалпыхалықтық сипатта болады да, ескі қоғамға да, жаңа қоғам өкілдеріне де бірдей тең қызмет атқара береді.

Тіл өзіндік *мазмұны* мен *мағынасы* арқылы ғана адам өмірін одан тысқары ортамен байланысқа түсіреді, сонысымен маңызды. Тілдік танымдардың негізінде белгілі бір *әлеуметтік мәдениеттің* мазмұны қамтылады. Күнделікті қарым-қатынас тілін жете меңгеру үшін де сол тілдің өн бойында қалыптасқан тілдік емес факторлар жиынтығын санаға сіңіру керек. «Тіл

мен мәдениет» проблемасына көпшілік тарапынан қызығушылықтың күн өткен сайын артуы осы салаға қатысты ұғымдар мен терминологиялық жүйені нақтылау қажеттігін де үдете түседі.

«Тіл және мәдениет» концепциясы аясында барша адам туралы ғылымдардың арнасы тоғысады, сол себептен ендігі кезекте адамды оның тілінен ажыратып алып зерттеу бос әурешілік екені дау туғызбайтын болды. Тіл – ұлт мәдениетінің болмысы мен көрінісінің негізгі формасы. Бұл жөнінде Э. Сепир былай деген: «Мәдениет – қоғамның не істеп, не ойлайтындығы. Тіл – оның қалайша ойлайтындығының белгісі» [12].

Лингвомәдениеттанымдық анализдің негізгі әдіснамалық ұстанымы, метатілдік құралдары лингвомәдени материалды зерттеу барысындағы қалыптасу мезгілімен де, уақыт қиындысы аралығында да – сөз етулі антропологиялық парадигма ауқымында туындаған қосынды салалардың ішінде өзгелерінен гөрі дүниеге ертелеу келген *этнолингвистиканың* әдістерімен біте қайнасады. Себебі этнолингвистикаға қатысты танымдар – лингвомәдениеттанымның зерттеу нәтижелерін тексеруге қажетті метатіл құралдарының қалыптасу кезеңінен де, әралуан уақыт шамаларының аралығында күн тәртібіне қойылуы ықтимал міндеттерге сәйкес туындауы мүмкін қосалқы факторлардың қандайынан болса да бұрынырақ дүниеге келеді. Бірақ солай бола тұра, лингвомәдениеттаным сипатындағы талдауларға негіз болатын әдіснама ұстанымдарының түбегейлі принциптері этнолингвистиканың іргелі әдіс-тәсілдерімен етене бірлікте болады.

Бүгінгі таңдағы ұлттық мәдени таным мен таңбалар жиынтығын зерттеу және сипаттау – лингвомәдениеттаным айналысатын нысандардың алғашқы сапынан табылады. Этнолингвистика диахрониялық аспект бойынша тіл деректері негізінде мәдениеттану, этнопсихология, т.б. нысандардың тілдік көрінісін қайта жасақтайды. Контрастивтік ізденістердің нәтижесі *дүниенің қарапайым көрінісіндегі (наивная картина мира)* этникалық логикамен пайымдалады. Алайда этнолингвистикалық және контрастивтік зерттеулер лингвомәдениеттанымның іргесін қалыптастырушы құрамдас компонент сипатымен де танылады. Мұның өзі тіл мен

мәдениет арасындағы табиғи байланыстың белгісі; “тілдік таңбалардан көрініс беретін мәдени дүниетаным ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, этностың өзін қоршаған дүниені мәдениет тұрғысынан тану процесінде қалыптасқан жаңа қоғамның санасына жетуі тиіс” [13, 16 б.].

Лингвомәдениеттаным ілімінің мақсаты – әр алуан типтегі тілдік таңбаларды *концепт* ретінде қабылдап, өзара байланысқа түсетін мәдениет коннотацияларын сипаттау арқылы лингвомәдени ортаға тән субъектілерге жүктелетін мәдени-тілдік міндеттерді айқындау болып табылады.

Бұл саланың өзіндік орны мен мәртебесі әлі түбегейлі анықталып болған жоқ. Бізге белгілісі – лингвомәдениеттаным тілтану мен мәдениеттанудың ұштасуы нәтижесінде дүниеге келген пәнаралық лингвистикалық сала екендігі. Аталмыш салаға қатысты көпшілік ғалымдардың қызығушылығы уақыт сайын арта түсуде. Бұның өзі – лингвомәдениеттаным ілімінің келешегі зор екендігін көрсетеді.

Тіл – халықтың тұрмысы мен мәдениетінің куәгері ретінде өз бойына толып жатқан рухани байлық пен асыл қазыналарды сіңіріп, оны келесі ұрпақ игілігі үшін сақтап, жеткізуші қызметін атқарады. Тіл арқылы халықтың рухани тағылымы келер ұрпаққа мәдени мұра ретінде сақталып жететіндігі тіл мен халықтың арақатынасынан да білінеді. Тілдің дамуына қатысты халық мәдениетінің әсері турасында өткен ғасырдың 30-жылдарының өзінде-ақ ғалым Қ. Жұбанов құнды пікірлер айтып кеткен болатын.

Қ. Жұбановтың сол кездердегі тілді *мәдениет*, *қоғам* және *индивид* тұрғысынан қарастырып зерттеуі негізінде бүгінгі таңдағы ұлттық тіл біліміміздің жаңа, жалпы лингвистикалық бағыттарын, уақыт талабына орайласа өмірге келіп жатқан соны әдіс-тәсілдерді жатырмамай қабылдауына, оған қоса қазақ тіліне қатысты өзекті мәселелерді *антропологиялық парадигма* аясында зерделеудің алғашқы үлгілерін көрсетіп, сара жолын салып берді деп сенімді айта аламыз. Әрине, Қ. Жұбанов өмір сүрген заманда аталған ұстаным дәл қазіргідей *антропологиялық* (немесе антропоцентристік) *принцип*, болмаса *лингвомәдениеттаным* деп аталмаса да, ғалым ұсынған негізгі қағида осыған сай болатын.

Ғалым өзі қалдырған ғылыми-зерттеу мұраларында тіл мен ұлт мәдениеті бірлігін жан-жақты қарастырған. Ол тілді «халық мәдениетінің бір формасы» деп білген. Соның дәлелі ретінде лингвист-ғалымның ұлт мәдениетінің үлкен саласы – қазақ музыкасы жайында арнайы жүргізген мейлінше терең зерттеу жұмыстарын атап кетуге болады. Ғұламаның тіл және тарих деректеріне сүйеніп жазған «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайынан» деген белгілі еңбегінде көптеген музыкалық ұғымдар мен терминдерге *лингвомәдениеттанымдық-этимологиялық және тілдік палеонтологиялық* әдістер бойынша талдау жүргізеді.

Бұл очерк бірқатар тарихи лексемаларды қамтитын, атап айтқанда қазақ музыкасы терминдері бойынша алғаш жүргізілген этимологиялық-лингвомәдениеттанымдық талдау үлгісі болып табылады. Қ. Жұбановтың бұл мәселемен айналысуының екі түрлі мәні бар деп білеміз: *біріншіден*, бұл кезеңде ғалым (1933 жылдан бастап) қазақ терминологиясының қалыптасу мәселелерімен белсенді айналысты; *екіншіден*, атам замандар бойы қазақ мәдениетінің түп тамырынан нәр алып келе жатқан музыка терминдері тіл мен ойлаудың диалектикалық бірлігін байыптауға, тіл философиясының өзекті арналарының көзін ашуға мүмкіндік беретінін анық меңзеді.

Академик Н.Я. Маррдың алғашқы қазақ аспиранты, оның тікелей шәкірті болған Қ.Жұбанов тіл мен мәдениет тарихын ұстазының «яфет теориясы» («тіл туралы жаңа ілімі») аясында да сараптаған. Бұл ілімнің түпкілікті өзегі – глоттогоникалық процестердің заңдылықтары мен тілдердің сатылап дамуын қуаттайтын екі теорияға негізделген тіл біліміндегі *«палеонтологиялық әдіс»* болатын. Академик Н. Марр ұсынған ілімнің сыңаржақты идеологиялық сипаты басым болғанымен, қойылған мәселеге байланысты анализдеу әдістерінің ғылыми құндылығы даусыз еді.

Қ. Жұбанов қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайындағы очеркті орындау барысында яфеттік үйірме мүшелері болып табылатын көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болған мынадай қағидаларға сүйенеді:

а) тілдік фактілерді қоғам тарихымен және тіл субъектілерімен тікелей байланыста қарастыру;

ә) белгілі мәдениеттерді бірін-бірінен жоғары қою не төмен санаудан бас тарту (үндіеуропалық ұстанымға С.Ж.). Бұл орайда тілші-ғалым: «Әңгіме бір елдің мәдениетке қабілеттілігінде, мәдениетті жақтағыштығында, ал енді бір елдің мәдениетке дұшпандығында, оны дамытуға қабілеті жоқтығында емес» [26, 277 б.] – дейді;

б) тілдерді кең ауқымда салыстырып-салғастыру қажеттілігі.

Қ. Жұбановтың кейбір көзқарастарының аталмыш мектеп өкілдерінің ұстанымдарымен қайшы келетін тұстары да аз емес [14, 58 б.]. Алайда ол өз алдына басқа мәселе.

Лингвист ғалым қазақ тіліндегі *күй, толғау, жыр, бақсы, қобыз, сыбызғы, домбыра* секілді мәдени лексемалардың, басқаша айтқанда лингвокультуремалардың құрылымына мәдениет пен этнография салаларының кең спектріндегі материалдарын қатыстыра отырып, кәсіби деңгейде талдау жасайды.

Атап айтар болсақ, ғалым халық музыкасының бүгінгі симфониялық музыкаға жақын таза инструменталды жанры – *күйдің* шығу тегін зерттеуді мақсат ете отырып, мынадай проблеманы көтереді: «Қазақ – жазба тарихы жоқ ел. Қазақтың мәдениеті де, тарихы да жазылмаған. Сондықтан күйлердің қалай шығуы, қалай пайда болуы, дамуы жайында тарихтың бізге жазып қалдырған деректері жоқ. Бұл жағдай күйдің тарихын зерттеуді қиындатады. Алайда, бұл мәселе жөнінде үмітсіздікке түсуге болмайды, тексеру методы дұрыс болса, қолда бар материалдарды дұрыс пайдалана білсек, бұл жөнінде талай қараңғылықты жарыққа шығаруға болады» [15, 274 б.] – дей келе, төмендегі мәселелерді шешуді ұсынады:

«...*біріншіден*, біздің музыкамыз жайында түрлі мәдениетті елдердің жазып қалдырған тарихи деректерін шолу;

екіншіден, халықтың музыкаға байланысты тарихи идеологиясын анықтау;

үшіншіден сол идеологияның жаршысы болған *тіл материалдарын* зерттеу;

төртіншіден, музыканың өз материалдары, халық музыкасы шығармаларының, күйлердің өзіндік ішкі құрылысын тексеру;

бесінші – осы жоғарыда айтылған материалдарды топтағаннан кейін, қазақтың халық музыкасы шығармаларын басқа жұрттың шығармаларымен салыстырып, солармен арасындағы байланысын, бір-біріне жасаған ықпалын, бір-бірімен араласып айқасқанын тексеру» [15, 275 б.].

Жоғарыда санамаланған мәселелердің ішінде ғалымның әсіресе *үшінші* мәселеге, яғни идеологияның жаршысы болған тіл материалдарына ерекше мән беруі көңіл аудартады. Қ. Жұбанов тіл материалдарын “түрліше музыка терминдерін, олар мен басқа сөздердің мағынасының арасындағы байланыстарды сараптау” деп түсіндіреді.

Мәдениет тарихының зерттеушісі ретінде ғалым Шығыс пен Батыс елдерінің жазба деректерін ізерлеу арқылы музыка әлеміне егжей-тегжейлі шолу жасап (шығыстан Махмут Қашғари, Әбдіқадыр Мурағи мен Фитрат /Абдурауф Абдурахимоглы/, Оганезашвили, батыстағы Александр Кизеветтер, Виктор Беляев, Виктор Успенский материалдары көмегімен), өзбек, ұйғыр, түрікпен, әзірбайжан, сонымен қатар анадолы түріктерінің тілдік, әрі мәдени фактілерін келтіре отырып, дүйім музыкатанушыларға, бүтін өнертанушылар мен мәдениет зерттеушілеріне тың деректердің сырын ашып береді.

Зерттеуші ғалымның айтуынша, «Қазақта күй түрінде айтылған сөз шағатай, ұйғыр тілдерінде, анадолы түріктерінің тілінде «көк» болып айтылуы тиіс. Қазақтың «и» дыбысының бірқатары шағатай тілінде, ескі ұйғыр тілінде, түрікпен, әзірбайжан, анадолы тілдерінде «к», «г»-ге айналады. Қазақша *бай-ла-мақ* деген сөз оларша: *багламақ* болады. Қазақша *тимек* деген сөз – оларша *текмек* болады; қазақша *би* деген сөз оларша *бек* болады, қазақтың «*би-бек*» (салыст.: “*бекзада*”) деп екі айырып айтатыны осындай нормадан туған. Сондықтан *күй* сөзінің ежелгі формасы «*көк*» болуы заңды» [15, 275 б.] деген ұйғарымға келеді. “Әбдіқадір Мурағи кітабынан біздің көретініміз, – дейді Қ. Жұбанов, – *күй* сөзінің қазақ халық болып құралмай тұрған кезде, XIV ғасырларда да болғандығы, оның үстіне бұл өнер хан сарайында, жоғарғы таптың қолында болған музыка түрі екендігі. Оның (Ә. Мурағидың) кітабында аты аталған 9 күйдің ішінде осы күнгі қазақ күйлерімен аты ұқсас келетін ешқайсысы көрінбейді. Бірақ, ішіндегі *ұлұқ көк*,

құтатқу сөздеріне қарағанда, бұлар ұйғыр тілінен екендігі, ескі ұйғыр тілі мен осы күнгі ұйғыр тілінің арасындағы бір айтылым түрі екендігі аңғарылады”, – деп жазады ғалым одан әрі [15, 276, 277 б.].

Қарастырылған материалдар аспапты музыка түрі – күй жанрының пайда болуы бағзы замандарға барып тіреледі деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Себебі XIV ғасырдың өзінде-ақ күй мен жыр-толғаудың (дола) ара-жігі ажыратылып, алғашқысы таза «аспаппен ғана орындалатындығы», ал соңғысы адам дауысымен «өлеңдетіліп айтылатындығы» мәлім болған, яғни бұл уақытта күй синкреттік сипаттан арылып, дербес жанр ретінде қалыптасып болған деген кесім айтады. Ғалым синкретизмді адамзаттың ойлау жүйесінің архаикалық сипатында болғандығымен байланыстыру арқылы жоғарыда аталған вокалды музыка мен аспапты музыка айырымдарының ертеден бар екендігін тілге тиек ете отырып, қазақ халқы музыка мәдениетінің жоғары деңгейде дамығандығын сенімді түрде баяндайды. Бір көңіл аударатын мәселе – Қ. Жұбанов күйді (көк) алғашқыда «көңіл көтеру, сауық көтеру ісі» емес, ежелгі адам мен космостың арасын байланыстырушы магиялық, культтік қызмет атқарған *каста* өнері дейді (түркілер үшін «аспан» мен «көк» космонимдерінің мәндес болуы осы тұста да ескерілуі тиіс секілді – С.Ж.). Қ. Жұбановтың айтуы бойынша: «Алғашқы әзірде адамзат қоғамы табиғатпен арпалысқан шағында түрлі табиғат күштерін өздеріне бағындырмақшы болған. Табиғатты өзіне бағындырудың алғашқы түрі турадан-тура балталап бұзып өзгерту, турадан-тура өңдеу болса, кейінірек олай қара күшпен өзгерту емес, *магия* әрекеті арқылы табиғаттың жасырын күштерімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, *арбауға* тырысады [15, 278 б.].

Коммуникативті-танымдық әрекеттердің таңбалық концепциясы негізінде, сондай-ақ антропология мен этнологияның, өнер тарихының деректеріне қарағанда, «*өнер тілі*» пайда болуының адамзат тарихындағы салыстырмалы хронологиясы мен генеалогиялық классификациясын айқындау мүмкіншілігін мүлде жоққа шығаруға болмайды; би, музыка, бейнелеу өнері, шешендік сияқты мәдениеттің шартты таңбаларына семиотикалық сипаттама беру рухани

күндылықтардың мәнісін тереңірек түсіну үшін де ерекше маңызды. Қ. Жұбановтың жоғарыда аталған негізді пайымдауына сүйенсек, діни рәсімдер алғашқы әзірдегі семиотикалық процестер болып табылады. Діни, мифологиялық процестер дүниетаным мен тілдесудің негізі болған. Ерте палеолит дәуіріндегі неандерталдықтарда сөйлеу тілі әлі қалыптаспаған, бірақ қарым-қатынас пен ақпарат алысуды *homo sapiens*-ке дейінгі бұл кездегі қауым ритуалдық ым-ишарамен, би, протомузыка, жарға бейнелеу арқылы жүзеге асырған.

«...Қазақтың өзінің түрлі күйлері, әндері жайындағы сөздерін алып қараған уақытта музыкаға артықша баға бергендігін, оны табиғаттан тыс күштерге ие қылып қойғанын көреміз. Халық танымында *ботасына қарамазан нарды күй тартып жүйесін босатып, идіріп жібереді. Қырғыздың жомоқшылары “Манасты” жырлағанда тоғыз қанат ақ орда шайқалып кетеді-міс. Жошы баласының өлгенін күймен естірткені үшін хан ашуланып, домбырашыны айдаһардың інінің аузына апарып тастағанда, домбырашы айдаһарды күймен елітіп, айдаһар інінің түбінен ат басындай алтын әкеліп береді.* Осының бәрінен көретініміз – музыка алғашқыда тек көңілашар, сауық-сайран үшін әуестенетін нәрсе болмаған, табиғаттан сыртқары тұрған ірі күштер мен адамның астарласуына керек болған бір *магиялық* элемент қызметін атқарғанын көреміз. Олай болса, біз музыканың алғашқы кезде пайда болуы мен даму жағдайын осындай тылсым күштердің маңынан іздеуіміз керек» [15, 280 б.] – дейді ғалым. Ол: *күй-көк, қамыс → сыбыс (сыбызғы) → абыз → қобыз* лексемаларында сақталған фонетикалық дыбыс алмасу процестерінің тіліміздің табиғаты үшін заңды құбылыстар екендігін дәлелдеуге тырысады. Мәселен, көп халықтарда кездесетін *домбыра* (*думбыра* – өзб., башк., *думбурак* – тәж., сондай-ақ автор өзі келтірген: *домра* – еж. орыс, *тамбур* – араб., *тамыр* – бенг., *тамир* – грек.) музыкалық терминін музыка атаулының бастау көзімен, “пірімен” байланысты деп есептейді. Аталған сөздер де, аспаптардың өздері де біреуден ауыс-түйіс болып келген нәрселер емес, жалпы афро-еуразия аумағына тегіс таралған, «соның бәрінде де музыка иесі болып саналған, бір *тотемнің* аты болуы керек» деп болжам

жасайды. Музыканың бұл аталған “пірі”, Қ. Жұбановтың ойынша, “ежелгі грек аңыздарында кездесетін Темерис деген соқыр адам болуы да ықтимал” (сілтеме берілген: “Яфетический сборник” – С.Ж.).

Ғалым соған қоса халықтық этимологияға қатысты мәселелерге де тоқталып өтеді. *Қобыз* терминінің түп төркініне зер салу үстінде Қ.Жұбанов лингво-этимологиялық анализ негізінде *сыбыс* — *сыбызғы*; *қамыс-қомыс-қобыз* (сондай-ақ *йомыз*) модельдерінен көрінетін фонетикалық эволюцияға назар аударады. Түркология саласындағы тарихи фонетикабойынша *й/қ* немесе *ж*; *з//с*: *т//д*; *а//о*, т.б. дыбыстарының сәйкесімі – бар нәрсе. Ғалымның өз сөзімен айтсақ, «Қазақша қамыстың бір аты – *сыбыс*, (бірақ) көп жерде бұл сөз сақталмаған. Ұзын бойлы, жіңішке нәрсені таныту үшін сын есім етіп «сидіған» түрінде пайдалану бар. Сүйтіп «сыбыз» деген сөз бірінші жағынан – дыбыс, екінші жағынан – сол дыбысты шығаратын құралдың аты болса, үшіншіден: сол құрал болатын зат – *қамыстың* аты... Ал «а» дыбысын «о» дыбысына айналдырсақ, қырғызша «*қомыс*», бізше «*қобыз*» болып шығады» [15, 282 б.].

«Қобыз» сөзінің бастапқы «қ» дыбысы түсіп қалғанда, «о»-ның орнына «а» дыбысын қолданғанда «абыз» болады. Қазақта ескі кезде шамандарды *абыз* деп атаған. Ру құрлысы дәуірінде олар ру басшылары болғандықтан, рудың аксақалы, үлкені ретінде *абыз* сөзі барлық үлкендіктің аты болып кеткен. «Қ» дыбысы «и» дыбысына айналған уақытта «*иомыз*» болар еді. Чуваш тілінде бақсы, сиқыршы ертеде «иомыз» деп аталды... «Музыка – дыбыс өнері. Ол дыбыс ерте кезде алдымен осындай еңбек мағиі ретінде қолданылғандықтан, бүкіл дыбысқа байланысты ұғымдар, ал бері келе сөзге, тілге байланысты ұғымдар, сол магиялы еңбек деген ұғыммен байланысып жатады» [15, 281 б.].

Музыка терминдеріне жасалған мұндай тарихи-этимологиялық және лингвомәдениеттанымдық анализ халықтың тілі мен оның ойлау жүйесіндегі даму процесін айқындауға, мәдениетаралық және тіларалық байланыстар жөнінде тиісті тұжырымдар жасап, ой қорытуға мүмкіндік беретін, құндылығы жоғары ғылыми топшылаулар. Қ. Жұбанов музыкалық терминдердің әралуандығын адамзат

қоғамының айналадағы дүниені тануы барысында қалыптасқан кәсіби жіктелу эволюциясымен түсіндіреді. Ғалым музыка мен тілді халық мәдениетінің көрсеткіштеріретінде қатар қойып, былайша салыстырады: «Музыка тіл сияқты әр ұлттың, әр халықтың тарихи мәдениет жөніндегі өзгешеліктеріне қарай түрліше болады. Сондықтан әр ұлттың, әр халықтың өз музыкасы болады, өз музыкасы өзіне жақынырақ, ұғымдырақ болады. Жылау мен күлуде бұл жоқ, не жоққа жақын. Осынысымен музыка тілге жақындайды. Бірақ қосылмайды, музыканың тілден қашықтау жері – музыка бейнемен сөйлейді. Музыка әр затты не құбылысты сол зат пен құбылыстың өзіне ұқсас бейнелерімен, болмаса сол әлеумет көзқарасынша ұқсас болып көрінетін абстракциялармен түстеп береді. Судың ағысын салса, ағып жатқан судың дыбысын алдына тартады, аттың жорғасының ырғағын ойнап береді, мұң мен зарды мұңды дауыстар мен мұңды қимылдардың ұласу тәртібімен айтып береді, шаттықты шалқыған көтеріңкі үндермен бейнелейді. Ағын су, жорға жылқы, мұң мен шаттық өз басыңнан бұрын бір кешкен, естілген, сезілген іс болса, сондағы күйің қайта туғандай болады. Музыка тілі – сара тіл емес. Бірден емес, өлшестіріп, салмақтап барып түсінесің, бірақ өткір тіл» [15, 38 б.].

Музикатанушы В.Н. Холопованың айтуынша да “музыка дегеніңіз – өзінше бір *тіл*” [16, 77 б.] екен. Кәдімгі сөйлеу тіліндегі сияқты, музыканың да өзіндік семантикалық единицалары бар. Бұл единицалардың комбинациялану заңдылығы – музыка тілінің синтаксисі іспетті. Ал, жеке бір музыкалық шығарма (семиотикалық мағынада “текст”) музыка тілі мүмкіншілігінің шындық болмысқа айналуы немесе нақты жүзеге асуы болмақ. XX ғасырдың ірі музикатанушыларының қатарындағы Б. Асафьевтің идеяларынан басталып, өнертануда кеңінен тараған көзқарас бойынша, музыка тілінің негізгі мағыналы бірлігі (*лексема* немесе мағынасы бекітілген құрылымдық жүйе ретіндегі) *интонация* болып табылады. Музыкалық интонация қоғамның музыкалық санасының негізгі единицасы. “Тыңдаушының санасында музыкалық шығарма тұтастай образдалмайды, санада музыкалық түйсінудің тек өте күрделі және өзгермелі комплекстері ғана орнығады. Оған ауызекі музыкалық-интонациялық сәттерді

түзетін неше түрлі музыкалық фрагменттер жатады” [17, 357-358 б.]. Музыканың семиотикалық концепциясына орай Чарлз Пирс ұсынған “индекс–көшірме–символ” моделіндегі үштік құрылым бойынша “музыканың негізгі мағыналық единицасы болып танылатын *интонацияның* мазмұндық жағы қандай болмақ?” деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа Ч. Пирстің өзі өнерді “ақиқатқа еліктеу немесе шындық болмыстың көшірмесі” деген антикалық танымға жүгіне отырып, әртүрлі өнердің семиотикасына тән, таңбалаушы мен таңбаланушыға бейімделген “жетекші-таңба нышандары” болады деген жауап айтады [17, 358 б.].

Жоғарыда баяндалған музыка тілі, *би, ритуал, ым-ишара* тілінен гөрі поэзиялық туындылар, эпос, лирика, драма, шешендік өнер түріндегі дыбыстық сөйлеу тілі адамзат тарихында салыстырмалы түрде айтқанда кейінірек пайда болған деп есептеледі. Күй жанрының пайда болуы жайлы сөз қозғағанда өз кезегінде, Қ. Жұбанов әуелі адамзат тарихына көз жібереді де, белгілі бір дінді тұтынушы халық соған сай музыканы да қажет еткендігіне назар қояды және әр түрлі халықтардың мәдениетінен соған лайықты дәлелдер келтіреді. Сондай-ақ, қазақ халқының бақсы-балгерлерінің ем-домының музыкамен тығыз байланысты болғандығын да атайды. Зерттеуші Е. Тұрсынов осыған орай: “Көрнекті ғалым Құдайберген Жұбанов бақсылықтың басында музыка, әнмен, сазбен қатыстылық, тамырластық жатқанын алдымызға жаяды, сөйтіп, сүбелі ойды темірқазық етеді”, [18, 5 б.] – деп атап көрсетеді.

Күй табиғатында ойлау, сезіну, тарих – бәрі астасып жатыр. Домбырада тартылған күйдің жасалу уақыты – адамның табиғатқа құр таңданыспен қараған сәті емес, ол ағаштан түйін түйген шебердің музыка аспабын өмірге әкелу қабілеті жетілген тұсқа сәйкес келеді. Әрине, күйді орындайтын құрал белгілі бір уақыттарда *магиялық тылсым күштің иесі* деп саналғаны да белгілі. Мәселен, үнді еліндегі сыбызғы сазымен жылан арбаған өнерпаздар қазіргі заманда да сол культтік өнерін жоғалтпаған.

Қазақ арасындағы: “күмбірлеген домбыраның үні қамыр илеп, нан жайып отырған қыз-келіншектің сана-сезімін арбағанда, олар не істеп, не қойғанынан жаңылып қалады

екен” немесе “безілдеген қобыз күйінің құдіреті ботасы өліп боздап, суалып кеткен бозінгенді иітіп жіберіпті” дейтін аңыздар да халық өнерінің оның дүниетанымымен, наным-сенімімен астасатындығының айғағы. Осы бір арбаушылық күш-қасиет бір замандарда қоғамға діни ұғымдарды музыкамен уағыздау жолында қызмет еткен.

Қ. Жұбанов өз сөзінде музыка аспабын қасиет тұтып, космос әлемін арбаған шамандар әулеті кейіннен қоғам ішіндегі алуан түрлі зиялылардың аты болып кеткендігін, ежелгі ұйғырларда бұл сөз *оқымысты* мағынасында болғандығын атап өтеді. Ол түркі жұрттарының тілінде мол сақталған *бақсы* сөзі варианттарының этимонын зерделей келе, Гюперлизадеге, Паве-де Куртейль сөздігіне, Парижде сақталған ұйғыр-қытай сөздігіне, түрік жазушысы Сүлеймен әпенді сөздігіне, венгер ғалымы Вамбериге, Березиннің “Хан жарлықтары” кітабына сілтеме жасайды. Осы пайымдауға сүйенген А. Сейдімбек те *бақсы* делінетін сөздің өзге халықтарда *сауатты, дарынды, ұстаз, ақын-жырышы* деген ұғымдарды беретіндігін дәйектейді [19, 106, 123 бб.].

Күй жанрының семантикасын білгірлікпен жіті зерделеген профессор Қ. Жұбанов: *күй, жыр, толғау* бізге жат сөздер емес, мәселен *толғау* дегендегі түбір сөз – *толға* (*тол* – таза түбір, *ға* – жұрнақ). Түркімендердің *толқынды, “толға”* дейтінін ескерсек, бұл сөздің *толқын* ырғағымен, *сумен* байланысты екендігін көреміз. Егер Қ.Жұбановтың *күй* сөзін *көк*-пен байланысты қарастырғанын көңілге түйсек, *көк* – *аспан* және *су* ұғымдарының Ислам діні таралғанға дейін шамандық сенім ықпалында тұрған уақыттарда да түркі тектес халықтар үшін киелі ұғымдар саналғандығын және ескеруіміз керек. Әлі күнге дейін халық санасында *көкке, тәңірге* сыйыну бар, “*көкке қарап қол шошайтпа*” (*созба*), немесе “*су атасы – Сүлеймен*” деген тіркес рәсіміндегі сөздер кездеседі. Ал Қ. Жұбановтың айтуынша: “Бізде барлық табиғат адамнан тысқары күш болып саналған. Музыканың алғаш қолданылу себебі адамның сыртқы табиғатымен арпалысуы, сонымен байланысуы, астарлап араласуы болса, мына *көк* сөзінің өзінің де аспан мағынасында болуы осы пікірді тағы да дәлелдейтін болса керек” [15, 39 б.].

Сонымен, күй сөзінің арғы тегі көк сөзімен байланысты болса, күй жанрының өзі де қазақтарда өте ертеде, шаман дінін тұтынған кезеңде туындағаны анықталады. Қ. Жұбанов: "... әуел баста *эпос, музыка, ән, күй, би* синкретизм қалпында бір жүрген (бұндай синкретизм дәуірінің болғандығын профессор Фитрат еңбегінде келтірілген дейді). Кейіннен қазақ күйінің өз алдына жанр болып бөлініп шығуы – шаман дінін тұтыну дәстүрден қалып, музыка өнері – *каста* өнері емес, халық өнері бола бастағандығымен байланысты болса керек", – деген. Міне, күйдің (*көк-тің*) туындауы және өркен жаюы, жанр ретінде қалыптасу тарихы осыған саяды.

Профессор Қ. Жұбанов бастапқыда синкретикалық түрде қалыптасқан өнер тұтасымының біртіндеп іштей жіктеле тарамдалып, көп салалы мәдениет арнасына айналғандығын айтады. Яғни, *жыр* мен *күй* алғашқы әзірде бір болған, сондай-ақ, батырлық эпоста қара сөзге өлең аралас келетіндігін атап көрсетеді. Мысалы, «“Қозы Көрпеш”, “Шора”, “Алпамыс”, тіпті, шығыс шайырлары туындыларының ішінде бар дәмділерінің қатарынан саналатын Фирдоусидің “Шаһнамасын”, Сағдидың “Гүлстанын” алып қараңыз, бұлардың қай-қайсысында да қара сөзбен әңгімелей келе, кей тұстарында әсірелеп, әсемдемек үшін өлеңге салып төгіп-төгіп те жібереді» – дейді. Қысқасы, алдымен сюжетті эпос-әңгіме айтылады. Қара сөзбен баяндалған оқиғаға тартымды өң беру үшін өрілген өлең төгіледі. “Ақсақ құлан” секілді қою оқиғалы қарасөзді әңгімелей отырып, кей жерін музыкаландырады. Сөйтіп, баста қара сөзбен айтылған шығармалардан әуелі әңгіменің өзі, одан өлең, жыр және күй бөлшектенеді.

Ерекше атап айтатын нәрсе – Қ. Жұбановтың пайымдауындағы қазақ күйлері – халықтың өзі шығарған төл туындысы. Сондықтан, “күйлерді ...басқа жұрт мәдениетінің жұғуынан ғана пайда болған нәрсе деп түсіндірудің ешбір дәлелі, негізі жоқ” [15, 287 б.] – дейді ғалым.

Сөз асылын бойына жиып, халқына ғылым етіп берген біртуар тұлға – Қ.Жұбановтың “Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы” тарихи-лингвистикалық очеркінің тобықтай түйіні мынадай: синкреттік түрде тоғысқан *ән, жыр, би, күй*дің түп негізі эстетикалық таным деңгейіндегі көркем шығарма (аңыз, әңгіме, ертегі түріндегі) болған. Кейін

сол аталған өнер түрлері тармақталып, өз алдарына дербес жанр ретінде қалыптасқан. Музыка материалдарының құрылысын тексеруден басталған бұл зерттеудің басты құндылығы – ғалымның әдебиет арналарын, тіл мен тарих деректерін шынайы ғылым тұрғысынан талдап, тіл мен мәдениет тарихына құштар жұртшылықтың кәдесіне жарата білгендігі.

«Мағынасыз сөздердің мағыналары» (немесе «*Мал шаруашылығына байланысты одағайлар*») атты зерттеу жұмысы Қ. Жұбановтың түркі текті тілдерді зерттеу барысындағы дерек танымының терең екендігін аңғартқан еңбектерінің бірі болатын. Мал шаруашылығына байланысты қолданылып жүрген қазақ атауларын өзге тілдердің материалдарымен салыстыра отырып, Қ.Жұбанов малға қарата айтылатын сөздердің көпшілігінің құрамы күрделі екендігін, оларды құрайтын элементтердің әу баста дербес ұғымды білдірген жеке сөздер болғандығын айқындап берді. Әсіресе автордың асыл тұқымды еркек малдың атын білдіретін сөздердің төркініне қатысты айтқан уәжді пікірлері көңіл аударарлық.

Мәселен, *қошқар* және *айғыр* әуелде екі сөзден тұрған: *қошқар* = *қош*+*қар*, *айғыр* = *ай*+*ғыр*.

“Мұндағы *қош* қой малына байланысты одағай сөз ретінде қазір де айтылады. Ол *қошақан*, *қошқар* деген сөздердің құрамында бар. Қойдың төлін білдіретін *қозы* дегендегі *қоз* да осы сөз. Бұл жердегі *а* редукцияға ұшырап *ы* дыбысына айналған да, қатаң *ш* ұяң *з* дауыссызымен алмасқан. Бұл ыңғайда *қош*, *қозы* дегендерді түрікпен тіліндегі *қой* мағынасындағы *қош* сөзімен салыстыруға болады”, – дейді Қ. Жұбанов.

«*Қошақан*-ның соңғы *қан*-ы: *бұзау+қан*, *бота+қан*, *бала+қан* дегендегі кішірейту мәніндегі қосымшасы. Бірқатар түркі тілді елдерде *қошқарды қоша*, *құша* деп атайды. Бұрын *қой*, *қошқар*, *қозы*, *қошақан* деп ажырату болмаған. Бәрі *қой* атымен жүрген...” [20, 92, 93 б.].

Ал *айғыр* сөзінің бірінші бөлігі *ай* дегенге келер болсақ, мұны Қ. Жұбанов *ат* сөзінің бір нұсқасы деп көрсетеді. Қазақтағы *ат* қыпшақ фонетикасының заңымен жасалған сөз, өзге түркі тілдерде *ай* бұдан өзгереді фонетикалық үлгіде

орныққан. Мәселен, орхон, көне ұйғыр, тува тілдерінде оның *ад*, *аз* деген де нұсқалары бар, хакас тілінде де біздің тіліміздегі – *ат*.

Осы екі сөздің соңғы бөлігіндегі *қар* (*қошқар*), *ғыр* (*айғыр*) бірліктерін де ғалым бір элементтің әр түрлі фонетикалық нұсқалары деп есептейді. Чуваш тілінде жуан айтылатын *ар* сөзі (*еркек*) – қазақ тіліндегі жінішке дыбысты *ер* сөзімен бара-бар. Сонымен, – дейді зерттеуші, – қазақша *қошқар* деген мен *айғыр* дегендегі соңғы элементті малдың еркегін (яғни аталығын) білдіретін сөз деп білсек, *қошқар* сөзі «еркек қой» болады да *айғыр* сөзі «еркек жылқы» («еркек ат») болады.

Одан әрі *өк* (сиыр малын қайтарғанда айтылатын одағай сөз), *маһ* (жылқыны суарғанда, шақырғанда айтылатын сөз), *көс-көс* немесе *кәуіс-кәуіс* (түйені шақыру) секілді одағайларға этимологиялық талдау жасап, тарихи тұрғыдан алғанда мұндағы *өк* дегеннің *өгіз-өкір* дегендермен, *маһ* дегеннің екінші әуендегі қытай сөзі *маа* (жылқы) дегенмен, ал *көс-көс* дегеннің түрікпен тіліндегі *көс+шек=көшек* (бота, тайлақ) сөзімен түбірлес екенін келтіреді. Сөйтіп, бұл сияқты одағайлардың әуелде сол малдың өзінің атын білдіретін зат есімдер болғанын айтады.

Жоғарыда аталған деректер мен келтірген дәлелдер автордың лингвистикалық білімімен қатар, жан-жақты танымының қаншалық терең болғанына, өзі тандап алған тақырыбын, жиған мәліметін ғылыми-теориялық тұрғыдан шебер қорытып, терең мазмұнда түйіндегендігіне көз жеткізе аламыз.

Ұстаз-ғалым өзін “тіл палеонтологы” ретінде де таныта білді. Тіл туралы ой қорытқанда Қ. Жұбанов әсіресе Н.Я. Маррдың тұжырымдарына жүгінген. Ол тілтанудағы «яфеттік бастауды» («яфетическое начало») аса маңызды санай келіп, өмірінің соңына таман күмәні көп, дұдамалдау ілімнің фанаты болған ұстазының жаңсақ теорияларынан гөрі, зерделі тіл зерттеушісіне тән шынайы сөйлеу тілінің заңдылықтарына қатысты айтқан құнды ой-пікірлерінен көбірек сусындаған сыңайлы.

Академик Н.Я. Марр өз кезегінде тілтанымның әдіснамасы ретінде тарихи материализм әдісін қолданбақ болған. «<Маррды> заманында біртуар ғұлама деп, Коперникке,

Дарвин мен Менделеевке теңеді; кейіннен оны тұрпайы космополит, сиқыршы алаяқ деп таныды; біреулер тіл туралы ғылымның негізін салды десе, енді біреулер оның ғылымға тигізген пайдасын «көк тиынға» тұрғысыз деп танығандығын» – келтіреді Н. Маррдың ілімі туралы сыни монография мен бірқатар еңбектердің авторы В.М. Алпатов [21].

Н.Я. Маррдың пікірінше, тіл де өнер (искусство) сияқты қоғамдағы қондырма; тіл қоғамның басқа да қондырмаларының қозғалтқыш күші. Тілдер бір-бірінен тәуелсіз болса да, бәрі де абсолютті бір заңдылықпен дамиды, сондай-ақ, өмірдің әлеуметтік-экономикалық деңгейімен өлшенетін бірегей даму сатысынан өтеді. Сол сияқты, белгілі бір экономикалық өсу деңгейінде тіршілік ететін кез келген халықтың тілі сол деңгейдің даму сатысына сай болады (аморфты, жалғамалы, қопармалы, т.б. типтер). Экономикалық базис ауытқып, сәл өзгеріске ұшыраса, тіл де қондырманың бір бөлігі ретінде түбегейлі өзгеріске түспек, сөйтіп, тілдің сапасы құрылымдық жағынан да, материалдық сипаты тұрғысынан да өзгеше тұрпатқа ие болады деп байыптаған. Сондай-ақ ол “ертегілер және мысалдар арқылы бірнеше мың жыл бұрынғы адамзаттың тарихи өмірін, адамзат қоғамын, жазбаша ескерткіштері болмаса да байқауымызға болады” деген.

Н. Маррдың танымы бойынша, тіл – алғашқы «диффузиялық айқайдан» пайда болған. Оның реконструкциялауы бойынша, алғашқы тілдесу арналары небары төрт лексикалық элементтен бастау алса керек: *SAL, BER, YON, ROŠ*; бұл идеяның авторы әлемнің барлық тілдеріндегі сөздік қордың түпкі төркінін осы төрт элементтен іздегендігі әмбеге аян.

Тілдік категорияларды Марр әлеуметтік құбылыстармен тікелей байланыста қарастырды. Қ. Жұбанов танымына Н.Я. Марр идеяларының позитивті әсер еткен жағы осы деп білеміз.

Қ. Жұбанов *палеонтологиялық* әдіс бойынша тілдік фактілерді ретроспектива жолымен зерттеуді мақсат тұтқан. Ғалымның «К постановке исследования истории фонетики казахского языка» (Бұл еңбек проф.

Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасының тарихы бойынша ҚазПИ-де 1933-34 жылдары оқыған лекциялар желісінің кіріспесі болып табылады. Мақала 1935 жылы *Қазақ ұлт мәдениетін зерттеу*

ғылыми институтының «Еңбектерінде» жарияланған (І кітап). Редакция бұл курстың негізгі бөлігі келесі жинақ сандарында жеке тараулармен шығатындығын хабарлаған. Кейін жинақ 1938 жылы басылып шықты, бірақ курс өз жалғасын таппады – Ж.С.) атты орыс тілінде жазылған еңбегінде *тіл палеонтологиясы* турасында біраз мәселе көтеріп, қазақ тілінің тарихына қатысты көптеген соны деректер келтіреді. Тақырыптың негізгі мәселесіне көшпестен бұрын автор мынадай түсініктеме беріп кеткен: «Бүгінгі тарихқа қайшы қою қаншалықты қате болса, “лингвистикалық палеонтология бүгінгімен байланыссыз” деген тұжырым да соншалықты жаңсақ. Керісінше, тіл палеонтологиясы өзінің бастапқы нүктесін қазіргі тірі тілдерден алады. Ол қолдағы бар фактілерді ат үсті сипаттап өтпей, сөздің құрылымына өңіліп, мүше-мүшесін талдап, оның тарихи өзгерісі мен дамуын басшылыққа алады, өйткені кез келген ілімнің мақсаты – түсіндіруден гөрі, болмыстың өзгерісін анықтаумен байланысты болады. Тіл құрылымын саналы түрде өзгерту үшін сол құрылымның жалпы өзгеру заңдылығынан, ондай өзгеріске әсер еткен тура немесе жанама факторлардан хабардар болу қажет. Тілдің жалпы өзгеру қағидасын ұғыну үшін оның дамуы мен құбылу жағдайын экономикалық және қоғамдық қатынастардағы өзгерістермен байланыста қарау керек. Мұндай байланыс сырттан үстірт бақылау, немесе субъективті қорытынды жасау жолымен емес, нақты тілдердің нақты материалдарын, яғни жеке сөздер мен олардың синтаксистік топқа ұйымдасуын анализдеу негізінде анықталады. Ал бұл үшін әрбір сөзді және сөздердің тұтас тобын тарихи тұрғыдан талдап білмейінше түбегейлі зерттеу мүмкін де емес. *Палеонтология* дегеніміз – тілдің даму жолын сөйленіс материалдары негізінде тарихи шарттылықты ескере отырып, тілдің өз табиғатына тән даму заңдылықтарын басшылыққа алатын негізгі әдіс» [3, 5, 6 б.].

Шынында да, зерттеушінің тіл материалдары жайында жан-жақты терең білімі болмаса, белгілі бір тілдің құрылысын айқындап, оған талдау жасау қиынға соғады. Тіл тарихын танудың бірінші мақсаты – оның өткен дәуірдегі сипатының қандай болғанын білу ғана емес, сонымен қатар тілдің бүгінгі жағдайын түсіндіру, сөйтіп саналы түрде тілге ықпал ету

мүмкіндігін арттыру және тілдің болашақтағы даму барысына жорамал жасайтындай қабілетке қол жеткізу болып табылады.

Сөйленім элементтерінің құрылысы кеңістікпен ғана шектеліп қалмайды, ол уақытпен де өлшенеді. Яғни тілдің әр уақыт кезеңдерінен, әрбір тарихи жағдайдан хабар бере алатын ішкі мүмкіншіліктері болады. Тілді тарихи тұрғыдан зерттеудің де қажеттілігі осында. Сондықтан, ғалымның пікірі *лингвистер тіл құрылысын танудың басты құралы лингвистикалық палеонтология секілді әдістен бас тартпауы тиіс, онсыз зерттеу жүргізу де мүмкін емес* деген ұстанымға тіреледі.

Лингвистикалық палеонтология – тіл тарихының өн бойында сақталған ең көне тілдік элементтерді, сондай-ақ неғұрлым ескі замандардан қалған тілдік сарқыншақтардың сырын ашып зерделейтін лингвистикалық пайымдаулар мен тәсілдердің жиынтығы. Ол тілде сақталған реликттердің негізінде сол тіл иелерінің жазуға дейінгі тарихи кезеңдегі материалдық және рухани тіршілігі туралы мәліметтерге қол жеткізу үшін аса қажет лингвистикалық амал және қосалқы тарихи таным ретінде бағаланады. Лингвистикалық палеонтология ұғымының өзі тілдерді салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі қалыптасқаннан кейін барып пайда болған. Лингвистикалық палеонтологияның бағытын растап, оның дербес әдіс ретінде қалыптасуына септігі тиетін нақты материалдар, ең алдымен, флексияның бір тектес элементтері, яғни тілдерді салыстырмалы-тарихи әдіс жолымен зерттеу барысында қимыл атауы болатын етістіктер екені анықталған. Кейіннен мұндай материалға жұрнақтар санатындағы *ататілдік* тұлғаларды (праязыковые формы) реконструкциялау арқылы қол жеткізілді (Осы тұста Ф. Бопптың үндіеуропа тілдерінің флексиялық құрылымындағы есімдік элементтердің ролі туралы идеясын атауға болады). Лингвистикалық палеонтологияның дүниеге келуіне түрткі болған жағдай – XIX ғ. басындағы жаратылыстану ғылымында ірге тепкен *тарихи-археологиялық палеонтология* болды. Бұл әдіс XIX ғ. орта шенінде тілді организм ретінде танып, оны жаратылыстану концепциясы тұрғысынан сипаттаумен байланысты лингвистикалық концепцияға ауысты (А. Шлейхер, т.б.). Аталған «биолингвистикалық» аналогия тіл

білімінде біраз қарама-қайшылықтар туғызғанымен, жекелеген тұстарда оның пайдасы да жоқ емес еді, әсіресе, лингвистикалық палеонтология үшін бұл концепцияның мәні зор болды.

Кәдімгі палеонтология мен лингвистикалық палеонтологияның зерттеу әдістері жуық болғанымен, нысанаға алған объектілері мүлде басқа-басқа болып келеді, сондықтан әуелі осы екеуінің айырым белгілерін анықтап алу қажеттігі туындайды:

1) лингвистикалық палеонтология тілдік фактілерді тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша талдау барысында ұшырасатын көмескі жайттарды өзіне дейін орнығып болған биологиялық палеонтологияның тәсілдерін пайдалана отырып, мақсатты түрде түсіндіруге ұмтылушылық нәтижесінде пайда болды. Ал биологиялық палеонтология кездейсоқ табылған қазынды жануарлардың қаңқасын зерттеу негізінде қалыптасты.

2) Лингвистикалық палеонтологияға эволюциялық тізбек бойынша әр замандағы тілдік элементтердің әуел бастан-ақ біртұтастығы жайындағы идея жетекшілік етсе, кәдімгі палеонтологияда қазынды организмдер ұзақ уақыттар бойы сақталған бірегей эволюциялық тізбек бойынша емес, оқшау дамыған ағзалардың қалдықтары ретінде қарастырылды.

3) Лингвистикалық палеонтология бойынша тілдік элементке уақыт жағынан (салыстырмалы-хронологиялық) сипаттама беру үшін күрделі де ауқымды еңбек қажет етіледі, ал абсолюттік хронологияға қол жеткізу тіпті де мүмкін емес. Кәдімгі палеонтология болса қазба қалдықтардың салыстырмалы хронологиясын геологиялық қатпарлардың стратиграфиясымен оңай анықтай алады, сондай-ақ осы жолмен абсолюттік хронология жасауға да мүмкіншілік туады.

4) Лингвистикалық палеонтология үшін белгілі бір архаикалық элементтерді тілдің сол бастапқы қалпындағы өзге элементпен байланыстыруы қиынға түседі және одан айтарлықтай нәтиже де шықпайды десек, биопалеонтологияда Ж. Кювьеңізденістерінен бастап бір қазба организмнің екіншісімен байланысар тұсы корреляция заңымен салыстырмалы түрде оңай табылады, соның нәтижесінде белгілі элемент бойынша белгісізді болжауға, ол арқылы тұтас

организмді қайта қалпына келтіріп, яғни толық реконструкциялап шығу ықтималдығы арта түседі.

5) Лингвистикалық палеонтология танымына сәйкес оның объектілері, яғни шығу арнасы бойынша жекелеген дәуірге тиесілі *архаизмдер* көп жағдайда тілдің өмір сүріп тұрған дәуірінде де синхрониялық қолданыста жүрсе, кәдімгі палеонтология объектілерінің кейінірек кезеңдердегі биологиялық ағзаларға қатысы болмайды, олар тек өзі тіршілік еткен көне дәуірлерге ғана тиесілі болады [21, 361 б.]. Жоғарыда санамаланған айырмашылықтар лингво-палеонтологияның ерекше лингвистикалық пән ретіндегі мәртебесін, оның әдістері мен зерттеу мүмкіншіліктерін анықтау жолын жеңілдетеді. Сонымен, “Палеонтологиялық лингвистика – қазіргі қоғамдық ғылымдар жүйесінде ескі сана, әлеуметтік антропология, этногенез, рухани және материалдық мәдениет тарихымен тығыз байланысты” [22, 244 б.] сала болып табылады.

Қазақ тілі тарихына кәсіби лингвист көзімен қараудың белгісі сол, Қ. Жұбановтың өз зерттеулерінде палеонтологиялық және этногенетикалық ізденістерді бір-бірінен ажыратпай, бірлікте қарастырғандығы. Ғалым еңбектерінің қай-қайсысынан да тілді палеонтологиялық зерттеу әдістері мен бүгінгі кезде жиі зерттеліп жүрген этнолингвистиканың да жекелеген тәсілдері нақтылы көрініске ие. Сондай-ақ, осы тұста тілдік материалдарды зерттеудің дәстүрлі жолдары болып табылатын салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық әдістерді де ғалым өзінің зерттеушілік назарынан тыс қалдырмағанын.

Кейінірек, өткен ғасырдың 50-жылдардағы лингвистикалық пікірталастардан соң, Н.Я. Марр іліміне үзілді-кесілді теріс баға берілді. Маррдың тіл мен ой дамуының кезеңдік және тұтастай глоттогоникалық ілімі ғана емес, оның мәдени дүние тарихы мен тілдік танымның өзара байланысы (Н.Я. Марр қисындаған *семантика заңдары*), грамматикалық категориялар туралы түсінігі, сөйлем мүшелері мен сөз таптары жайлы, сондай-ақ лингвистикалық география, лингвистикалық палеонтология, лексикология саласындағы тұшымды ой-пікірлері, тілдердің туыстығы мен ассимиляциясы, тоғысуы, тарихи сатылап даму тенденциясы жайлы көңілге қонымды,

әрі дәлелді ой-тоқтамдарының өзі жоққа шығарылды. Н.Я. Маррдың жазу тарихы, жас және жаңа тілдер мен жазуы жоқ тілдердің деректеріне сүйенген топшылаулары да әділетсіз терістелген болатын.

Қ. Жұбанов зерттеулерінің көпшілігі Н.Я. Маррдың жалпы лингвистикалық концепциясына негізделгендігін аңғару қиын емес. Қазақ ғалымының өз ұстазымен үндес идеялары мынадай аспектілерге саяды: тіл – қоғамға тәуелсіз, өз алдына дербес құбылыс емес, адамдардың қарым-қатынасы үшін іс жүзіндегі қажеттіліктен туындайтын қоғам тарихындағы эволюциялық процесс. Тілді тарихи-материалистік тұрғыдан тану оның негізгі категорияларын: грамматикалық құрылысы мен сөздік қорын *адам, қоғам, мәдениет* факторларымен етене бірлікте қарастыруды талап еткен. Себебі тіл тарихы кездейсоқ, әртүрлі бағыттағы өзгерістердің стихиялық ағымы емес, қоғамдық-тарихи құбылыстардың заңды қозғалыстарымен шарттас, дамудың төменгі сатыларынан бастап жоғары формаларға иерархиялық тәртіппен өрлеу болып табылады. Н.Маррдың пікірінше, “Тіл құрылымының қалыптасу заңдылығы жалпыға бірдей: лексемалардың мағыналық өзгерісі, грамматикалық формалар мен категориялардың динамикасы, тілдік тұлғалар арқылы берілетін ойлаудың деривациялық амалдарына сәйкес сатылай алмасу, т.б.” [23, 74 б.].

Қазақ тілінің даму барысын палеонтологиялық тәсілмен зерттеуде, Қ. Жұбанов салыстырмалы грамматиканың жетістіктерін пайдалана отырып, материалдық, заттық мәдениетті рухани мәдениет деректерімен қаз-қатар қойып салыстыруға ұмтылған.

Осы тұтса қазіргі қазақ тіл білімінде біршама зерттеліп, теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып қалған жаңа бағыттағы зерттеулердің алғышарттары мен нышандарын Қ. Жұбановтың зерттеулерінен таба аламыз” деп тұжырымдайды ғалым Ж. Манкеева [24, 95 б.].

Қазақ тілінде мол сақталған көнерген сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық табиғатын түсінудің мотивациялық және танымдық төркінін ежелгі заман түсінігінен, көп жағдайда мифтік таным, тотем, т.б. түпнегіздерден іздеген жөн. Оның нақты мысалдарын Қ. Жұбановтың жоғарыда сөз етілген еңбегінде егжей-тегжей талданған *күн қору, күнелту, безгегім*

ұстады, т.б. қолданыстарға қатысты тарихи-этимологиялық, тілдік-палеонтологиялық зерттеулерінен табамыз [3, 7 б.]. Осында келтірілген лексика-грамматикалық архаизмдер тұлғасындағы қолданыстар «ежелгі замандардағы көзқарас бойынша, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды космостық, микрокосмостық деңгейде қабылдаудың көрінісі». Қ. Жұбановша айтсақ: «тілінде осы іспетті тіркестердің сақталуы халықтың артта қалғандығын білдірмейді. Әйтсе де, артта қалушылық ерте замандардағы қоғамдық ой-сана көріністерінің мөлшері мен сапасының кейбір халықтарда бүгінге дейін басқалардан гөрі артығырақ сақталуына себеп болатындығы рас. Орыс тіліндегі «меня лихорадит» деген жақсыз тіркесті алсақ, оның көнелігі жағынан қазақтың «безгегім ұстады» дейтін қолданысынан «жаңа» емес. Осындай жақсыз етістіктердің шын мәнінде «жағы жоқ» та емес, ол үшінші жақты білдіреді. Оның сыры – айтылым кезіндегі әрекет иесінің беймәлім болуында немесе іс-қимылды кімнің жүзеге асыратыны, *безгекті* кім *ұстатады* (*кто лихорадит: кого-что*), соның жасырын тұрғандығында. Мұндағы әрекет иесі не «тотем», «зұлым күш», немесе «құдай», т.б. ма?, яғни наным-сенімнің көнелігіне байланысты», – деп түсіндіреді. Неміс тіліндегі *es regnet*, грек тіліндегі *vel* – *жауғыз* *тұр* тұлғасындағы (жаңбырға қатысты) ырықсыздықты хабарласа да, «жаңбыр жауып тұр» дегенді білдіреді. Жауғызып тұратын «құдай», ал анимизмге дейін «тотем» немесе басқа да бір беймәлім «күш» бұған да жасырын түрде қатысты болса керек. Сол себепті Гомер: *vel dāra Zeus*, яғни «ал, Зевс жаңбыр жауғызды» деп тіл қатады; латын тілінде *lui tonante* – «күн күркіреді» деген тіркес кейде «Юпитер күркіреді» [25, 214 б.] деп те айтылады [3, 7, 8 б.]. Қ. Жұбанов «шыншыл тарихшы Геродоттың өзі де скифтер туралы сөз еткенде Скилланың оқиғасы жөнінде: «құдай жалындаған садақ оғын атқан кезде бұл үй тып-типыл болып өртеніп кетті» деген деректі қоса келтіреді» [3, 8 б.] деп ерекше атап өтеді.

Осы мысалдарға қарағанда, грек тілінің фактілері бойынша «жаңбыр жаумайды», оны «құдайлардың атасы Зевс» жаудырады, латынша «күн күркіремейді», «Юпитер құдай шатырлатады», ал Геродоттың сөз саптауынша: «найзағай түспейді», «құдай тұтанған садақ оғын атады». Бүгінде әлгі

құдайлардың “қатысы” неміс тілінде “es” есімдігіне, орыс тілінде «меня лихорадит» тіркесі секілді жақсыз формаларға айналып кеткен. Қазақ тіліндегі «безгегім ұстады» тіркесіндегі *ұста* етістігін орыс тіліндегі осымен мағыналас *держать* етістігінен өрбіген «одержать», «одержимый» сөз тұлғаларымен салыстыруға болады (мәселен: *одержать победу*). Себебі тарихтың белгілі бір кезеңіндегі қоғамдық ой-сананың деңгейіне сәйкес түсінік бойынша сырқат адамды беймәлім бір «зұлым күш *ұстайды*»-мыс. Ал қазақ тіліндегі «күн көру» тіркесі *күннің астында өмір сүру* дегенмен мағыналас келеді. Бұл орыс тіліндегі «видеть свет» (солнце), «жить на свете» сөз саптауларымен шамалас келеді, өйткені орыстың «свет» сөзінің арғы тегі, семантикалық өрісі *күн*-мен (*солнце*) төркіндес» [3, 9 б.], – деген ой түйеді.

Демек, семантикалық архаизмдер тек қана дамуы тежелген, артта қалған тілдерге тән емес; олар тілдің синтаксисіндегі, морфологиясы мен фонетикасындағы басқа да архаизмдер секілді ең дамыған тілдерде де болады. Өйткені “бұның өзі тіл табиғатының бойындағы ерекше қасиеттердің бірі”, – дейді ғалым. Архаизмдер адамзат тарихының барлық дәуірлеріне қатысты болғандықтан, тілдің зерттелу жолдары күрделене түседі. Тіл адамзат тарихының бүкіл болмысын бойына жинақтай береді де тіл дамуындағы жекелеген кезеңдер жер бетінің геологиялық даму дәуірлері сияқты бірінен соң бірі уақыт тәртібі бойынша төселген қабаттар тәрізді орналасады. Дегенмен, осылайша тұтасқан, ажыратылуы қиынға түсетін қатпарлар тіл құбылыстарының генезисін зерттеудің бірден-бір қажетті материалы болып табылады. Жоғарыда аталғандай, “адамзат тарихынан хабар беретін” әр замандарда бірінен соң бірі “рет-ретімен төселген дәуір қабаттары” талай ғасырлар бойы бірнеше ұрпақтың алмасу кезеңдеріне де куә болады. Әр ұрпақтың “өзіне дейінгілерден мирас болып қалған заттарды, капитал мен өндіргіш күштерді” пайдаға асыруы нәтижесінде, сол “мұраны қалдырушылар” туралы түсінігі де қалыптасады [3, 10 б.].

Архаизмдер адамзат тарихының әр дәуіріне қатысты болғандықтан, тілдің зерттелу барысы күрделене түседі.

Сондықтан Н.Я. Маррдың «тіл адамзат тарихының айнасы» деген сөзі бекерден айтылмағандығына көз жеткіземіз. Өйткені

«тіл санамен бірге пайда болса», сананың өзі бастапқыдан-ақ тарихтың өнімі.

Осы себепті, тіл адамзат тарихының жиынтығы болғандықтан, жекелеген кезеңдер жер бетінің геологиялық даму дәуірлері сияқты бірінен соң бірі уақыт тәртібі бойынша төселген қабаттардан тұрады.

Мәселе тілдің фонетикасы, морфологиясы мен синтаксисі және лексикасы мен семантикасы сияқты салалары бір-бірінен «қытай қабырғаларымен» оқшауланбай, керісінше, әрдайым шарттас, етене байланысты болып келетіндігінде. Сөздің дыбыстық құрамының өзгеруі оның мағынасына әсер етеді, оның лексикалық, морфологиялық өңі өзгереді; ал лексикалық, морфологиялық өңінің өзгеруі сол сөздің фонетикалық сипатта қайта жаңғыруына әкеледі. Мысалға, түркі тілдеріндегі ежелден белгілі *p*-з алмасуы қазақ тіліне де қатысты:

көр-көз

семір-семіз

сір-сіз

(соңғысы болымсыз жұрнақ: *әлсіз* — *әл-сір-е*; *қан-сыз* — *қан-сыр-а*)

Бұл мысалдардан біз қазақ тілі тарихының белгілі бір қабатында *p*-з дыбыстарының айырмашылықтары сезілмегендігін аңғарамыз. Сондай-ақ осы сөздердің сөз таптары бойынша есімдер мен етістіктерге таптастырылмай тұрған кезде бірінің орнына бірі жүріп қолданыла берген, яғни *зат* пен ол арқылы жасалатын *әрекет* бір сөзбен білдірілген. Сондықтан *көр-көз* және *семір-семіз* сөздері есім ретінде де, етістік түрінде де тең дәрежеде жұмсалған. Кейін келе *есімнен етістікті ажырату қажеттігі* туған кезде, сол уақытқа дейін айырмашылықсыз кезектесіп келетін *p*-з дыбыстарының есебінен тілде бұрыннан бар сөздің негізінде дыбыстардың алмасуын пайдаланып жаңа сөз жасау тәсілі арқылы тілімізде есім жағдайында соңғы дыбысы *з* формалы сөзбен, ал етістік жағдайында *p* формалы сөзбен ажырату қалыптасқан.

Осылайша құрамындағы дыбыстардың бұрын-соңды айырмашылығы болмай, тең дәрежеде қолданылып келіп, ендігіде әр қайсысы әртүрлі мақсатта жұмсалып, мағыналық дербестіктің пайда болуы — тілдің лексикалық қорының байи түсуіне септігін тигізеді. Содай-ақ мұндай лексикалық

толығудың нәтижесінде есім және етістік түріндегі екі түбір пайда болды; осы арқылы өмірге сөздердің жаңа формалары келіп, морфологиялық құрам да толықты. Одан әрі *p*-з дыбыстарының мағына өзгертудегі айырмашылығы ескеріліп, оның фонематикалық мәні артты, ал бұл жаңа фонетикалық категорияның туғандығын білдіреді.

Көр-көз, семір-семіз сөздері негізінде келтірілген мысалдар тілдің жеке салаларының бір-бірімен тығыз байланысты екендігін, сондай-ақ бірінде болатын өзгеріс бәріне әсер ететіндігін көрсетіп отыр.

Тілші осындай байланысты әрі түсініп, әрі басты назарында ұстауы қажет. Өйтпеген жағдайда тұтастықты құраушы бөлшектердің арасын ажыратып алып, фонетикалық құбылыстарды оқшау деп танып, оны тіл организмнен бөле-жару – адасушылыққа апарады. Тіпті беделді тілшілердің өздері осылайша адасып, бірыңғай элеуметтік-лингвистикалық фактілерді не тілдік, не *элеуметтік* (курсив С.Ж.) факторлармен түсіндірмей, мүлде басқа жолмен, қайдағы бір еліктеушілікпен (Ашмарин – «Подражание в языках Поволжья»), әуезділікпен, әуенділікпен (Гордлевский – «Грамматика турецкого языка»), дыбыстау энергиясын үнемдеу арқылы (Поливанов «Tilnin osicide iqtisadii ojamiller»); кейбіреулері аналогия заңдылығын асыра пайдалану арқылы түсіндіруге тырысады (Поппе – «Сан есімдер туралы» және басқа да зерттеулері).

И. Бахофен, Ж. Морган, П. Лафарг сияқты зерттеушілердің негізгі позицияларына тоқтала келіп, Қ. Жұбанов олардың жазба ескерткішті зерттеушілердің ешбірінің «тұмсығы батпайтын» өте ерте дәуірлердегі қоғамдық қатынастарды анықтау жолындағы әрекеттері нәтижесінде өз замандары үшін айтулы жетістіктерге қол жеткізгендігін тілге тиек етеді.

Ғалым өзінің палеонтологиялық ізденістері барысында тірі тілдің осындай артықшылығын ескеріп, оның бүгінге дейін жүріп өткен ирелең жолдарын қарастыру арқылы тілді оның тарихы тұрғысынан зерттеудің дәстүрі бойынша жазба ескерткіштер емес, қазіргі қазақ тілінің өн бойында сақталған реликт материалдарға сүйеніп, фонетика заңдарын негізге алу арқылы тіліміздің даму барысын анықтауға тырысқан. Қ. Жұбанов тілді оның тарихы тұрғысынан зерттеу тіл

құбылыстарын түсіндіріп қана қоймайды, сонымен бірге белгілі дәрежеде тілдің болашағын да болжап, өткенді қалпына келтіре алады деген берік сенімде болған.

Тіл мен ойлаудың бірлігі тарихи-әлеуметтік, психологиялық, мәдени, климаттық, қоғамы, географиялық ортадағы адами қарым-қатынастың барлық түрлерінде көрініс береді. Қ. Жұбановтың тіл мен ойлаудан туындайтын, әрекет пен мәдениеттің байланысына қатысты көзқарасы оның барлық еңбектерін қамтитын біртұтас контекст тұрғысынан қарастыруды қажет етеді.

Қ. Жұбанов *дүниенің қарапайым көрінісінен* (“*наивная картина мира*”) көзге шалынатын *этностың тілдік логикасына* ерекше көңіл бөлген. Мәселен, қазіргі қазақ тіліндегі кейбір фонетикалық құбылыстарды түсіндіре келе, ол былай дейді: «Соңғысы (яғни “май” сөзінің басындағы Ж.С.) алғашқы дауысты ұ дыбысы түсіп қалған “құдай” культін нұсқайтын әйел пірін – *ұмайана* ұғымын білдіретін сөздің фонетикалық варианты болса керек. Мұндай сәйкестіктің шындыққа жанасымдылығын *ұмай* культіне жалбарынуға қатысты жалпы *май* атаулыны қастерлеу рәсімдерінің жиі қолданылатындығымен байланысты атап көрсетеді. Мұсылман дінін қабылдау қазақ арасында *ұмайана* культін таза күйінде ұлықтауға кедергі жасады. Себебі Ислам діні көп «құдайды» мойындамайды. Дегенмен *ұмайды* қасиет тұту рәсімдері белгілі дәрежеде сақталған. Әйелдер босанған кезде отқа май тамызып, ықылым замандардан ұмыт болған тылсым күштерге сыйынып: «От ана! Май ана! Жарылқа!» – деп жалбарынады»[15, 418 б.]. Осыған қатысты Ш. Уәлиханов адамдардың діни сенімі табиғаттың дүлей күші өктемдігінің адамға еткен әсерімен, адамзат оның алдында өзінің әлсіздігін сезінуден пайда болған деп есептейді. «Қырғыздар арасындағы шамандықтың қалдықтары» деген тарихи-этнографиялық очеркінде: «Табиғат пен адам, өмір мен өлім әрқашанда ақыл жетпес құпия сыр болып келеді. Әлемді және оның ғажайып ғаламаттарын, өмір мен өлімнің сырын, адамның табиғатқа деген қарым-қатынасының құпиясын білу сияқты қажеттіліктерден келіп әлем мен табиғат, өлген адамдарды құдай тұтып қастерлеу – шаман дінін туғызды. Сөйтіп, сәбилік дүниедегі адам күнге, ай мен жұлдыздарға және біздің табиғат

немесе әлем деп атап жүрген шетсіз-шексіз мәңгілікке – бәріне табынатын болды» [26, 97-100 б.] – делінген. «...Барлық шамандық салттың ішінде отқа табыну қазақтарда әлі күшінде. Қазақтар отты *әулие* деп санайды. Аса жоғары құрметтеудің белгісі ретінде, қазақтар да (монғолдар сияқты) отты *ана* деп атайды. Отта тазартушылық қасиет бар деп түсінеді, екі оттың арасынан өткізіп тазартады. Оны «аластау» дейді. Қыстаудан көшкенде көшті де екі оттың арасынан өткізеді» [26, 413 б.]. Шамандық діни нанымның осы сыңайлы үлгілері жөнінде «қазақ әдебиетінің классигі» (Қ. Жұбановтың берген бағасы) Абай да өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихнамасында сөз еткендігін ғалым арнайы атап өтеді.

«Әйел затының қиын-қыстау кезі – босанар алдындағы сыйынатын «Май ана» – қайткенде де, әйел пірі – *Ұмай* болса керек-ті. Бірақ бұл атауды қазақтар сібірліктерден өзгеше түрде, алдыңғы *у(ұ)* дыбысын қоспай айтады. Бала көтерген ана үшін пірінің аты – әйел-ананың да, аналық органдарының атымен де (*vulva*), сондай-ақ, тамақ болатын қоректік заттардың (соның ішінде бірсыпырасы *май*-ға қатысты) атымен де сәйкесетін кездері болады. Осыдан келіп қазақ тіліндегі *ұма* (желін), *ұе* ауысуынынан *ем*, *емшек*, алтайлық *emegep* (ана), якут тіліндегі *etie* (*бие*, яғни *ана*), бұның алдыңғы дауыстысы түсіп, қазақша *бие/мие* болады» [15, 418, 419 б.].

Қазіргі тіл білімінде «палеонтология» термині қолданылмаса да, Қ. Жұбановтың қазақ тілін осылайша тарихи тұрғыдан зерттеу жөніндегі идеялары кейін келе жаңа буын тіл мамандарына да ой салып, олардың қолдау тапты (Ә. Қайдар, А. Ысқақов, Ә. Ибатов, т.б. еңбектерінде) [27, 111 б.]. Жалпы айтқанда, түркі тілдеріндегі агглютинативті құрылыстың тарихи дамуының түрлі кезеңдеріндегі түбір тұлғаларға қатысты ізденістер үшін *палеонтологиялық әдіс* мейлінше қажет. Сөздің бастапқы түбірін қат-қабат жалғамалы элементтерден біртіндеп аршып алу арқылы архетиптер табиғатын анықтаудың маңызы зор. Осы орайда, Қ. Жұбанов «сөздің этимологиясын анықтау үшін ондағы дауысты дыбыстарды алып тастаса болғаны, себебі дауыстылар аз,

дауыссыздар көп», – деген тәсілді нұсқап, зерттеушілерге зерделі ой салады [15, 192 б.].

Тілдегі сөз түбірі қалпының өзгеру жайын байыптау диахрондық немесе ретроспективалық аспектіде қарастыруды қажет етеді, сол себептен зерттеу барысында тарихи себептіліктерді айналып өту мүмкін емес. Осыған орай, Қ.Жұбанов дыбыстық құрамы ғана сақталып, мағынасы көмескіленген түбірлердің көпшілігі жайында “әуелдегі дербестігін жойған өлі түбірлерді «тірілту» үшін олардың өткен дәуірлердегі тұлғалық қалпы мен семантикалық жағын тіл субъектісімен, яки жеке адаммен, қоғам санасының эволюциясымен, мәдениет категорияларымен бірлікте қарау арқылы бастапқы қалпына келтіруге болады. Ол үшін ең алдымен зерттеуші өз мақсатын осы *лингвистикалық палеонтология* тәсілі негізінде іс жүзіне асыруы тиіс”, – деп көрсетеді.

Қорыта айтқанда, “проф. Қ. Жұбанов халықтың тағылымдық мұрасы этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне тіл арқылы мәдени әрі рухани мирас ретінде сақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетінін сол кездердің өзінде-ақ болжап кеткендігін байқаймыз” [28, 90 б.].

Ал бүгінгі қазақстандық ғылымда лингвомәдениеттаным жайындағы ізденістер социоллингвистикалық және этнолингвистикалық зерттеулер аясында көрініс тауып, даму үстінде. Десек те, отандық тіл білімі үшін жаңа сала болып табылатын бұл пәннің әлі балаң екенін атап айтуымыз қажет. Бүгінге дейін елімізде Э. Сүлейменова, З. Ахметжанованың, Б. Момынова, Ж. Манкеева, Н. Шаймерденова, А. Салқынбай, Н. Уәлиевтің, т.б. осы бағытта жарық көрген еңбектері мен жекелеген монография, мақалалары ғылыми көпшіліктің назарына ұсынылуда.

Әдебиеттер:

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Academia, 2001. – 208 с.
- 2 Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики. – М.: Прогресс, 2001. – 312 с.

3 Труды казахского института национальной культуры. / Под. ред. – Х. Жубанова, С.Асфендиярова, Б.Алманова/ - Алматы: Казахское краевое издательство, 1935. - Т.1. – 158 с.

4 Сейдімбек А., Есімі де елдіктің айғағы // Егемен Қазақстан. – 2006. - 13 маусым.

5 Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы. – М., 1997. –211 с.

6 Красных В.В. Этнопсихоллингвистика и лингвокультурология. – М. 2002. – 146 с.

7 <http://tpl1999.narod.ru/WebTPL2000/KlovovTPL2000.htm>

8 <http://gramota.ru/book/ritorika/index3.htm>

9 <http://www.mnsu.edu/emuseum/cultural/language/whorf.html>

10 Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. –Алматы, 2003. – 205 б.

11 Гараджа А. В. Критика метафизики в неоструктурализме: (По работам Ж. Деррида 80-х годов). - М., 1989. -306 с.

12 Сепир Э.Отношение американистики к общему языкознанию//Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии.-М.,1993.С.266-269: <http://www.philology.ru/linguistics1/sapir-93d.htm>.

13 Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. - М., 1996. – 217 с.

14 Жанпейсова Н.М. Лингвистические исследования профессора Х.Жубанова в области казахской музыкальной терминологии (к проблеме палеонтологии речи) // Жұбанов тағылымы. - Ақтөбе, 1998. –127-131 бб.

15 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. –518 б.

16 Музыка как вид искусства : Учебное пособие. - Санкт-Петербург, 2000. –187 с.

17 Асафьев, Б. Музыкальная форма как процесс. – Ленинград: Госмузиздат, 1963. –379 с.

18 Қазақтың бақсы-балгерлері. (Құрастырғандар: Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов). –Алматы: Мектеп, 1993. -266 б.

19 Сейдімбек А. Сонар. - Алматы, 1989. –245 б.

20 Жұбанов Қ. Қазақ тілінің жоғарғы курсы. Лекциялар. - Алматы, 1999. – 126 б.

21 Языкознание. Большой энциклопедический словарь / Под . ред. В.Н.Ярцева, - М., 1998. – 685 с.

22 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. –440 б.

23 Марр Н. Язык и мышление. - Л. 1930, – 234 с.; сондай-ақ “Verba impersonalita, derectiva, substantiva und auxiliaria” И.О.Н. 1932. - №6 – 243 р.


24 Манкеева Ж.А. Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі // «Жұбанов тағылымы» республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы, 1999. -56-58 бб.

25 Мейер А., Введение в сравнительную грамматику индоевропейских языков. / Ауд. Кудрявский Юрьев. – М., 1913 – 214 с.

26 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. - Алма-Ата: Наука, 1986. – с.

27 Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 368 б.

28 Хасанов Б. Қ.Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін. –Ақтөбе: Ақтөбе университеті, 2000. –119 б.



2.2. Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАЙЫМДАУЛАРЫ

Г.Т. Шоқым

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университетінің
профессоры, филология
ғылымдарының докторы*

Жаңа заман лингвистикасы парадигмасы адамды тілдік тұрғыдан жан-жақты танып-білуге бағытталған. Адам – әлемнің тіршілік иесі, адам болмысының өзі таңбалық, тілдік сипатта болып келеді. Тіл адамзаттың дамуы мен жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Ол – тұлғаның тілдік ортадағы қарым-қатынасы барысында қалыптасқан, адамның туа біткен қабілеті арқылы жеткен жетістігі. Тіл тек денотативтік (таңбалық) сипатты құрал ғана емес, сонымен бірге коннотативтік құрал. Тілдің әлеуметтік қызметін дамыту – ХХІ ғасыр тіл білімінің бірден-бір сұранысы, уақыт уағызы.

Тілді біліктілікпен дамыту үшін тілдің әлеуметтік жіктелуі мен адамның жыныстық айырмасы арасындағы, яғни гендерлік жіктелімді зерттеу керек. Жыныс тілде жай ғана тіркеліп көрініс беріп қоймайды, аксиологиялық сипатқа ие болады, қарапайым дүние бейнесі ретінде бағаланады. Жыныстың қоғамдық мәнділігі тілдік жүйеде гендер ұғымымен түсіндіріледі және жынысқа қатысты тілдік мәселелерді айқындайды.

Гендер факторы ең ежелгі заманнан көрініс береді. Ерлер мен әйелдердің сөйлеу әрекеті – тілдік бөлінудің көне түрі. Мұндай бөліну адамзат дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қалыптаса бастаған. Тіл білімі үшін маңызды жалпытеориялық қағида – жыныстың әлеуметтік-мәдени байланыстылығының тіл мен сөйлеудегі көрінісі. Мұны анықтауға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер мен әдістемелер тіл білімінде жеткілікті. Ендеше, тілшілер тарапынан көтеріліп жүрген өзекті мәселелердің бірі де осы – *гендерлік лингвистика* бағытын қалыптастыру, өзге де ғылым салаларының мәліметтерін пайдалана отырып, дербес пәндік білімді дамыту болып табылады [1, 5 б.].

Гендерлік зерттеулер сапында *гендерлік лингвистика* – тіл ғылымының жаңадан қалыптасып келе жатқан саласы. Ол, біріншіден, пәнаралық парадигмада зерттеледі. Екіншіден, жеке ғылым салалары, соның ішінде лингвистикалық категориялар (мысалы, лексикон, прагматика, синтаксис т.б.) алынады да, зерттеу пәні болып тиісінше, гендерлік өлшем белгіленеді.

Гендер мен тілдің өзара байланысын зерттеу бірнеше бағытта жүргізіледі. Атап айтқанда:

1. *Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт*. Мұнда тілдің әлеуметтік жіктелуі мен қоғамның жыныстық жіктелуінің өзара байланысын, әйел мен ер адамның тілдік және бейтілдік бірліктерді қолдану айырмасы т.б. зерттеледі;

2. *Психолингвистикалық бағыт*. Мұнда жыныс психикасына сәйкес әйел мен ер адамның тілдік қарым-қатынасы үдерісіндегі тілдік және бейтілдік ерекшеліктерді ажырату, бала тілінің гендерлік дамуын зерттеу, психолингвистика мен нейролингвистиканың байланысы анықталады;

3. *Идентификациялық бағыт*. Мұнда авторы жасырын (аноним) мәтіндерді тексеру арқылы автордың тілдік тұлғасы, жынысы анықталады;

4. *Лингвомәдениеттанымдық және мәдениетаралық* зерттеулер. Бұл бағытта белгілі бір кезеңде түрлі тілдер мен мәдениеттердегі андроцентризм деңгейі белгіленіп, гендердің алатын орны, тіл мен мәдениеттің қоғамдағы орнына сәйкес, гендердің жалпы әрі айрықша белгілері анықталады;

5. *Тілдегі феминистік сын*;

6. *Маскулиндік зерттеулер* т.б. [2, 138-139 бб.].

Гендерлік лингвистикалық зерттеулерде әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану т.б. ғылым салаларының әдіс-тәсілдері өзара байланыста тиімді қолданылады.

Тіл ғылымында гендерлік бағыт бірден пайда болмағаны сияқты қазақтың гендерлік лингвистикасының тырнақалды белгілері қазақ тіл білімі аясында XX ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Қазақы гендерлік бағытты қалыптастыруда Құдайберген Жұбанов ғылыми мұраларын зерттеп-зерделеудің өзіндік орны бар.

Ал Қ. Жұбанов – жалпы тіл білімі мәселелерін ана тілі негізінде өрбіте отырып, әр қилы мәселелерді сан алуан тіл өрнектерімен өре білген ғалым.

Қ. Жұбанов еңбектеріне жан-жақты зерттеу жүргізіп, әсіресе оның гендерлік лингвистикалық пайымдауларына алғаш назар аударған Б. Хасанұлы: "Жалпы тіл білімінде "еректің тілі", әйелдің тілі" деген ұғым берік орныққан. Оларға көңіл аударған бірлі-жарым ғалымдар да жоқ емес" [3, 74 б.], – дей келіп, дей келіп, қазақ әйелдерінің тілдік ерекшелігі туралы Қ.Жұбанов еңбектерінде алғаш гендерлік тұрғыдан сөз болғандығын атап көрсетеді [4, 18-23 бб.].

Гендерлік бірлік, белгілер XVIII ғасырда антропологтар, XIX ғасырда этнографтар зерттеулерінде аз-кем сөз болғаны, XX ғасырда Қ. Жұбанов еңбектерінде гендерлік лингвистикалық белгі бергені анық.

"Тіл адам баласының барлық табыстарын білдіреді. Адам баласының өрлеу жолындағы ізінің тілге бедері түскен. Қазақтың *"балам"* деуі патриархат заманының қалдығы, өйткені бұл сөз ру деген сөзге байланысты: *ұру-ұрық-ұрығ-ұру*; Бұл *хасыл (асыл)* – тек. Көрінген баланы *"балам"* деуі некесіз заманнан қалған мұра. Ол заманда әйелдің жасы үлкені *ана, апа* болған. Бұлар да ру аты сияқты аталған. Еркектің үлкені *ата* болып аталған, *қыз* – кішкене әйел дегенді білдіретін сөз, оны моңғолша – *кеукім* дейді екен. Мұндағы *-кін* – *"ботақан"* дегенді *-қан; -қан* – *"кішкене"* – деп көрсетеді. Сол сияқты *"...көне түріктер бұрын бала деген жалпы атауды ұғлан деп қолданып, реалистік мәнін ашу мақсатында ер ұғлан, қыз ұғландеп жыныстық ұғымды айырып атаған"*, – дейді Қ. Жұбанов [5, 115-124 бб.].

Тіл мен адамның жыныстық айырмасына байланысты тіл қолданыс ерекшелігін Қ. Жұбанов әйел тілінің өзіндік белгілері арқылы көрсетеді: "Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайды. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған әйелдердің *ым тілі*. Жаңа түскен келіншек қай жерде бір айға, қай жерде бір жылға шейін ата-енесімен дыбыстап сөйлеспейді, ымдап сөйлеседі.

Бұл тілді армяндар “нашнауар” дейді. Нашнауар – сондай бай, сондай ұшталған тіл. Мұнымен әйелдер сумандатып ала жөнелгенде дыбыс тілінен еш кемдігі жоқ сияқты”, – дей келіп, әр түрлі халық әйелдерінің өзіне тән мимикалық тілі болатынын түсіндіреді [5, 41 б.].

Қазақ әйелдерінің тілдік ерекшелігі туралы Қ. Жұбанов еңбектерінде алғаш гендерлік тұрғыдан сөз болады: “Әйелдерге ғана арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі әйелдерде ғана болатын “ернін шығару” (кеміткенде), “бетін шымшу” (ұятсынғанда), “аузын шылып еткізу” (танданғанда), аузын быртылдану (кекеткенде). Міне, мұның соңғы екеуінде үнсіз ым ғана емес, дыбыс шығару да бар. Бірақ дыбыс айырынды (членораздельный) емес” [5, 41 б.].

Ғалым әйелдердің ат атамауын бұрынғы кездегі “бір нәрсені не жаман, не жақсыға санаса, ол затты айтпастан одан бұрын басқа бір сөзді айтатын болған” әдетімен түсіндіреді де, бұрын “атты ру басы қойған не көсемнің аты қойылған”, – деп, ат атамауды содан қалған әдет ретінде пайымдайды [5, 54 б.]. Ол жынысқа тән сөздердің қызметін былайша түсіндіреді: “Үнемі өзгеріс үстінде болатын тіл жүйесі кенжелеп қалып отырады, оның мағынасынан гөрі де формасы өте баяу өзгереді, бұған әйел жынысты, еркек жынысты сөздер дәлел бола алады. Бұл категорияның қазіргі міндеті – екі сөзді қиыстырып, бір-бірімен байлау ғана” [5, 41 б.]. Қ. Жұбанов пікірінше, “дүниеге көзқарас арқылы да нәрсеге ат қойылады. “Бір кездерде дүниедегі заттың біріне пассив, екіншісіне актив деп қарағанбыз. Рама бұрын әйел жынысты сөз емес, пассив болған”, – дей келіп, – “аналық дәуірде женский род, аталық дәуірде мужской род пайда болған”, – деген тұжырым жасайды. [5, 41 б.].

Қ. Жұбановтың кейбір сөздердің этимологиясына байланысты айтылған пікірлері де *гендерлік лингвистикалық зерттеулерге негіз* болары сөзсіз. Мысалы, “Қазақта ескі кездегі шамандарды “абыз” деп атаған. Ру құрылысы дәуірінде олар ру бастықтары болғандықтан, рудың ақсақалы, үлкені болғандықтан “абыз” сөзі барлық үлкендіктің аты болып кеткен. Әйелдің үлкенін де қазақтар – *абысын*, татарлар –

абыстай, ағаны – абзи дейтіндер сол "абыз" ұғымынан шыққан сөздер" [5, 284 б.].

"Грузиннің *кали, швили* деген сөзіндегі *шв* ұл, *бала* деген сөз екен; осы мысалдағы *шв* – қыпшақ сөзіндегі *-шық*; осы кішірейткіш *-шық* – *бала-шаға* деген қос сөздегі *-шаға* сыңарына тең; Қырым татарлары, түрікпендер, әзірбайжандар *бала* деген сөзді *шаға* дейді.

Қазіргі тілімізде *ұлан* сөзі көтеріңкі немесе асқақ стильде қолданылатын лексема. Ол *оғыл-оглан-оғлақ-ұғыл-ұл* деген варианттарымен бірге *ер бала, ұлан* дегенді білдіреді. Бұл сөз *қыз* эпитетімен бұл күнде қолданылмайды" деген [5, 115-124 бб.]. Ғалым *қыз* сөзімен түбірлес *қызалақ* сөзі жөнінде былай дейді: "...несомненно, образована путем прибавления к основе *қыз* слова *олақ*, употреблявшегося по сей день в языках Западной Сибири в значении "дитя", мальчик" [5, 436-437 бб.]. Тағы бір атап өтерлік, ғалымның "*қатын*" сөзінің мән-мағынасына байланысты гендерлік сипаттамасы "*қатын*" деген сөз ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болған, кейін келе ханның уәзірлерінің әйелдерін де солай атаған, ақыр соңында байға тиген барлық әйелдерді *қатын* деп атап кеткен" [5, 93 б.].

Ғалым гендер саласындағы сөз бен жұрнақ деңгейінде де зерттеу жүргізген. Мысалы, *-дай* жұрнағының арғы төркіні тек сөзінен шыққан деген пікір айтқан. "Казахский суффикс сравнения *-дай* (*-дей, -тай, -тей*), звучащий у современных уйгуров и узбеков как *-тек, -дек*, и *-дақ*, а в орхонских надписях в одной только форме *-тег* (тәңіртег – подобно небу), восходит к слову *тег* (род, происхождение)" [5, 444 б.].

Қ. Жұбанов "*Диуани хикмәтті*" талдаған еңбегінде де гендер факторын ескеріп отырған. Ол әсіресе *Хожа Ахмет Яссауидің* әйел хақында түйген пікірлерін ерекше атап көрсетеді: "Біздің түсінігімізше, Хожа Ахмет әйелді өте ардақтайды. Оның әйелді ардақтаушылығы – адамгершілік ретінде, ұждан ретінде, сезімшілдік ретінде әйел затына аяушылық еткен тәрізді. Толғауда: "*Ардақталып өскен есіл ғана сәулелерім-ай! Қайтейін, жасудан қорыққанымнан жүректерің ұшып кетті-ай!*" – деген сөздер мен "*Жанымнан артық көрінген жан сәулелерім-ай! Қайтейін, дінсіздердің қолына түсіп қор болдыңдар-ай!*" – деп іші-бауыры елжіреп,

ұлдардан айрықша жаудың қолына түскен қыз бен әйелдерді шын жүрегімен есіркеуі – сол 12 ғасыр кезіндегі түркістандық азаматтардың – халық ерлерінің әйелге деген бірден-бір көзқарасын көрсетеді", – дейді ол [5, 304-305 бб.].

Жалпы *әйел мәселесі* жөнінде Қ. Жұбановтың өз пікір-байламы бар. Мәселен, "ертедегі ата-бабаларымыздың ескі салт, көне дәстүрінде әйелдерге кемсітушілік көзбен қараушылық болмаған тәрізді. Күні кешеге дейін, әйелдер правосы совет заңы бойынша ерлер правосымен бірдей болғанға дейін, ел аузында: "әйелдердің жолы үлкен" дейтін үлгілі сөз болатын және сонымен әйелдердің "аң байланарлық" правосы да сақталып келген болатын. Осымен қатар, әйел мен еркек бір көлікке мінгесу керек болғанда "әйелдің жолы үлкен" деген ескіден келе жатқан ата дәстүрі бойынша көліктің алдына әйелді отырғызатын заң да сақталып келді. Міне, осылардың бәрі қазіргі қазақ халқының ата-бабаларының ежелгі салтының жұрнағы еді" [5, 306 б.] – деп келеді.

Қ.Жұбанов тұжырымы: "Тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын білу керек. Бұрынғыны білу жәй әшейін мақсат емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз" [5, 119 б.]. "Біздің мақсат – тілді дұрыс бағытта дамыту, сол үшін де гендерлік зерттеу керек", – дейді Б.Хасанұлы [4, 23 б.].

Тәуелсіздік тұғырында тілдік егемендік пайда болды. Тіл өмірлік маңызды мәселелердің алдыңғы шебіне шықты. Соның бірі – гендерлік лингвистикалық зерттеулердің көрініс беруі. Отандық гендерлік лингвистикалық зерттеулер жаңа ғасыр тіл білімінің еншісіне тиесілі болды.

Тіл өмірдің барлық саласын қамтиды, соның бірі гендерлік сала болса керек. Демек, гендердің тілдің барлық деңгейін қамтуы заңды құбылыс. Олай болса, гендерлік лингвистика тіл мен гендердің өзара байланысқан реттерін толық қамтуы шарт. Әлбетте, әлемдегі күллі тіл атаулыға байланысты гендерлік сипаттама болатыны анық, бірақ оны түгел қамту мүмкін емес, сондықтан әлемдік лингвистикадағы зерттеулерді жинақтап, оны қазақ тілі материалымен салыстыра, салғастыра талдау керек. Әлемдік гендерлік лингвистиканы салыстыру мен

дамыту әрбір ұлт тілі негізіндегі теориялық тұжырымдар арқылы жүзеге аспақ.

Қазақ тіл білімінің гендерлік бағыты ХХ ғасырдың соңғы жылдары, нақты айтқанда, ХХІ ғасырдың басында жекелеген ғалымдардың қазақ тіліне байланысты зерттеулерінде, қазақ тілінің кейбір гендерлік мәселесі бойынша арнайы жазылған мақалаларында, конференцияларда белгі бере бастады.

Соңғы жылдары жарияланып жатқан еңбектердің көпшілігі тіл білімінің гендерлік лингвистика саласына деген қызығушылықтың артып келе жатқандығын көрсетеді. Гендерлік тілдік белгілер арнайы зерттеу нысанына айналды, бірнеше ғылыми мақалалар жарияланып, диссертациялық жұмыстар орындалуда.

ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап гендер мәселесі қазақ тілі мен өзге тіл біліміндегі зерттеулер негізінде тіл теориясы тұрғысынан арнайы зерттеле бастады. Ол Б. Хасанұлы еңбектерінен бастау алады [6; 7; 8]. Ғалым: "Гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейінде зерттелуі шарт", – дей келіп, қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын атап көрсетті:

1. Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика (мысалы, морфология деңгейінде адамның есімі мен тегіне, әкесінің атына белгілі бір жұрнақтың, жалпы жұрнақ атаулының бір түрінің қолданылу-қолданылмауы; тек (род) категориясының қазіргі тілде, оның тарихында болу-болмау белгісі т.б.).

2. Гендерлік паралингвистика. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ым-ишара белгілері негізінде қалыптасуы тиіс. Қазақы гендерлік паралингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің өмірдің көптеген салаларын (өнер, көпшілік алдындағы сөз т.б.) дамытуға септігі тиер еді.

3. Гендерлік лексикография. Бұл бағыт қазақ тілі мен өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы тиіс.

4. Гендер және тіл игеру. Бұл бағыттағы зерттеулер тілді жоспарлау ісіне аса қажет [7, 287 б.].

Ілгеріде атап өткеніміздей, Б. Хасанұлы қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым Қ. Жұбановтың ғылыми мұраларын гендерлік қырынан зерттеп, бірнеше еңбек жариялады [4; 9]. Сол сияқты ғалым зерттеулерінде қазақ әйелінің сөз саптау

ерекшелігі, оларға байланысты қолданылатын тілдік бірліктер т.б. арнайы қарастырылған. Ол: "Қазақ халқының менталитеті гендерлік тұғырда дараланады: қызын – ар деп, ұлын – нар деп білген. Қыз деген – басына үкі тағып, үлпілдеп өсіп, ерке күн кешкен, өзге босағаны аттамаған, етегін жел ашпаған бүлдіршін. Қызға тән сөздер, оған байланысты қолданылатын сөз өрнектері, ым, ишара түрлері, қыз атынан тұратын *эпоним* атаулар да тілімізде молынан кездеседі (мысалы, *Қыз Жібек* т.б.). Оларды гендер – жыныс ұғымына байластырып, *гендерлект, гендерлема* деп белгілеуді ұсынамыз", – дей келіп, – "қыз тілі (қыздың сөйлеу әдебі) – қызға тән сөз бен сөйлеу (вербалды тілдік бірлік) және ым мен ишарат (бейвербалды бірлік) түріндегі атаулар, тек қана қыз балаға қатысты және солармен қарым-қатынаста қолданылатын сөз саптау әдебі" деген анықтама береді [8, 107 б.]. Ал әйел тілінің гендерлік ерекшелігін сипаттайтын "*Әйел тілі – тілдің әлеуметтік жыныстық жіктелу көрінісі*" атты еңбегі екі тілде – қазақ, орыс тілдерінде дайындалған.

Гендерлік лингвистиканың нысаны, пәні, әдіснамалық негізі мен зерттеу әдіс-тәсілдерін баяндау арқылы гендерлік лингвистиканы қазақ тілі негізінде басқа тілдердің материалдарын пайдалана отырып, толық сипаттауға, дамытуға, қажетті, өзекті мәселелерін белгілеуге болады. Әрине, гендерлік лингвистиканың өзектілігін алдымен айту керек. Сонымен қатар гендерлік лингвистиканың болашақта зерттелуге тиісті проблемалары да аталуға тиіс.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, гендерлік лингвистиканың теориялық базасы – гендеризм тұжырымдамасы (И. Гоффман), билік (М. Фуко) және қоғамның жыныстық жіктелімінің мәдени байланыстылығы тұжырымдамасы (М. Мид). Еркек пен әйелдің мінез-құлық ерекшеліктері тек биологиялық жынысқа қатысты деген көзқарастың қате екендігі дәлелденді. Бір мәдениетте еркектік, әйелдік деп танылған гендерлік белгілердің екінші бір мәдениетке тән еместігі айқындалды. Дегенмен барлық мәдениетте жыныстар арасындағы айырмашылықтар сақталады.

Жыныстар әрекетіндегі мәдени және әлеуметтік шарттылықтар гендеризмнің негізі ретінде ұғынылады. Патриархат мәдениетінен кейінгі кезеңде де жыныстар

мәртебесінің тең болмауы лингвистикалық зерттеулерде билік теориясына назар аударуды қажет етеді. Биліктік қатынастар және олардан туындайтын бағалаулар мен ұғымдық анықтамалар тілде белгіленіп отыратындықтан, андроцентризм деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, Батыста феминистік бағыттың қарқынды дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Ресей тіл ғылымында гендерлік зерттеулердің бір тобы дәстүрлік бағытты, екінші бір тобы батыс еуропалық ілімдерді, атап айтқанда, М. Фуконың билік теориясы, Ж. Дерриданың бейқұрылымдау идеясы мен И. Гоффманның гендеризм тұжырымдамасын негізге алған [10, 8-9 бб.].

Тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің ендігі бір тобы пәнаралық сипатта дамып келеді. Мәселенің маңыздылығы мен күрделілігі, ауқымдылығы ғалымдар назарына іліккен. Сонымен бірге гендерлік белгілердің тіл деңгейлеріндегі көрінісін сипаттау, "жыныс" ұғымының концептуалдануын сипаттайтын тілдік тәсілдерді анықтау, "әлемнің гендерлік тілдік бейнесін" (гендерлік концепт, гендерлік таптаурындар) белгілеу және соларға сәйкес, мәдениетаралық салыстырулар жүргізу гендерлік зерттеулерде өзекті мәселелер қатарында қарастырылады.

Тілді гендерлік қырынан зерттеудің аксиологиялық және этномәдени ерекшеліктерін ескере отырып, мәдени доминанттар рөлін танып-білудің де маңызы зор. Мәдени доминанттарды зерттеу (басқа ғылым салаларының мәліметтерін пайдаланса да) алдымен лингвистикалық білімді игеруді қажет етеді (лексикалық, фразеологиялық бірліктерді жинап-теру, сөздіктерден, мақал-мәтелдер жинағынан, көркем әдебиеттен, бұқаралық ақпарат құралдарынан қажетті мәтіндер жинау). Сол сияқты психолингвистикалық тәжірибелердің нәтижесі ретінде ассоциативтік сөздік материалдарын (әсіресе жаңа функционалдық сипаттағы талдауларға) пайдаланудың тиімділігі басым [11, 79-81 бб.].

Қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың қалыптасуы мен дамуына себеп болған факторларға тоқталуға болады. Айталық, саяси-әлеуметтік фактор қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуына және еліміздің дамуындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге

себепкер болуда. Ал лингвистикалық фактор тілдің әлеуметтік қызметін дамыту, әлемдік лингвистикада өріс алған бағыттардың кең таралуына тікелей әсер етеді.

Олай дейтініміз, әлемдік психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистиканың қарқынды дамуы қазақ тіл біліміне өз әсерін тигізе бастады. Гендерлік лингвистиканың ғылым ретіндегі қалыптасуы әлеуметтік мәні зор ірі проблемаларды қамтитынын ерекше айтуымыз керек. Лингвистикалық мәні басым болып келетін материалдар осы әр этносқа гендерлік жорадан қалыптасқан таптаурындарға, дәстүрге байланысты қалыптасып, тілде берік орын алған. Гендер мәселесінің таза лингвистикалық мәселелері сол әлеуметтік мәні зор жағдайларға байланысты солардың себепкер болуымен туындаған.

Қорыта келгенде айтарымыз, гендерлік лингвистика ғылымы жүйеге түсу үстінде, соның негізінде қазақ тіл білімінің гендерлік бағытын айқындау, сол арқылы қалыптастыру – отандық тіл теориясының бірден-бір қажеттілігі. Осы ретте Қ.Жұбановтың тілдің гендерлік жіктеліміне байланысты теориялық тұжырымдары мен гендерлік лингвистикалық пайымдаулары жалпы және жеке тіл білімінің гендерлік лингвистика аясындағы өзекті мәселелерін шешуде маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Халеева И.И. Гендер как интрига познания // Гендерный фактор в языке и коммуникации. - Иваново, 1999. - С. 5-9.
2. Словарь гендерных терминов / Под ред. А.А. Денисовой. - М.: Информация - XXI век, 2002. - 256 с.
3. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). - Алматы: Жазушы, 1992. - 272 б.
4. Хасанұлы Б. Қ. Жұбановтың гендерлік жіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // "Жұбанов тағылымы": халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2005. - 15-24 бб.

5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. - 450 б.

6. Хасанұлы Б. Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // Язык и культура: функционирование и взаимодействие: материалы международной конференции. - Шымкент, 2003. - С. 47-58.


7. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. - Алматы, 2003. - 284-288 бб.

8. Хасанұлы Б. Қыздың сөйлеу әдебі – ана тілінің ажары // "Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2003. - 1-том. - 98-107-б.

9. Хасанұлы Б. Концепция Х.К.Жубанова в контексте гендерной лингвистики // "Жұбанов тағылымы": материалы республиканской научно-теоретической конференции. - Ақтобе, 2002. - С. 23-28.

10. Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации: Учебное пособие. - М.: Российская политическая энциклопедия, 2004. - 252 с.

11. Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. - М.: Институт социологии РАН, 1999. - 189 с.



ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл ғылымының дамуына зор еңбек сіңірген профессор Қ.Жұбанов зерттеулерінің өзектілігі қазіргі уақытта да өзектілігімен ерекшеленеді.

Жұбановтану ғылымын жоспарлы түрде дамыту керек-ақ. Ол тіл білімінің тарихи дамуының әдіснамалық негізін салуға, қазақ лингвистикасының қазақ тілінде дамуына бір ғасыр толған тұста тіл туралы білім үлгілері (парадигмасы) ауысуының себептерін анықтап, ұлттық тіл мен мәдениеттің байланысу үдерісін дұрыс пайымдап, қоғам қажеттілігіне қаншалықты байланысты екенін, қоғамның тілді пайдалануын саналы түрде үйлестіруге септігін тигізері сөзсіз. Сонымен қатар қазақ тілінде кенже қалды деп есептеліп жүрген функционалды зерттеулердің негізін қалаған теоретик ғалым ретінде тануға, танытуға дәйек жеткілікті.

Бірнеше рет басылым көрсе де “Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер” деген атпен жарияланып жүрген Қ. Жұбанов еңбектері келесі жарияланымында “Қазақ тілі және жалпы тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер” деп аталуын ұсынамыз. Ғалымның келесі жинағында қолжазбалары мен қолтаңбалары (автографтары) толық қамтылуы керек. “Қ. Жұбанов тілі сөздігін” жариялау да күн тәртібінде тұр.


Тілтанымның өз алдына ғылым ретіндегі даму барысында көптеген жаңа бағыттар пайда болуда, олар саралануы тиіс. Қ.Жұбановтың грамматика теориясы бойынша зерттеулері негізінде дамытылған идеялар одан әрі жетілдіріліп, грамматиканы оқытудың деңгейлері мен мазмұны сараланып, ғалым тіл тарихы мен теориясында өзіне лайық орнын алуы қажет.

XX ғасырда ұлттық тіл білімінің ғылыми негізін салған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов отандық жалпы тіл білімінің көзін ашты және оның пайымдаулары ХХІ ғасыр тілтанымына тамырын жайды. Ғалымның салыстырмалы-тарихи лингвистикалық пайымдаулары тарихи ұстанымға негізделген **лингвистикалық компоративизм** парадигмасына, тіпті, қалыптасу үстіндегі **жүйелі-құрылымдық, функционалдық** парадигмаға дәп келеді. Ғұлама еңбектері қазақ тілі, түркі тілдері мен шетел тілдері материалдарына негізделген

пайымдауларға мол қаныққан, оның **біртұтастық** пен **жүйелілікке** құрылған еңбектері — осы тұжырымымыздың кепілі. Сонымен қатар Қ. Жұбановтың пайымдаулары мен атауға байланысты тұжырымдары бүгінгі әлем тіл білімінде белгі бере бастаған **когнитивтік парадигмаға** ұласады. (Айта кетелік, бұған ғалымның “Тіл дыбыстарының табиғатын қалай танып келдік, қалай тануға тиіспіз?”, “Тіл дыбыстарын бұлай танып келуіміздің себептері ” деген дәрістері толық дәлел бола алады). Оны қазіргі тіл білімінде қолданысқа түсіру керек.

Ғалымның **әлеуметтік лингвистикалық** сынды **пайымдауларына**, ісжүргізу сияқты ғылыми-практикалық мәні зор ескертпелеріне де назар аударылуы тиіс.

Қорыта айтқанда, Қ. Жұбановтың теориялық пайымдаулары **лингвистикалық ілімдер тарихына** енгізіліп, қазіргі тіл теориясы елегінен өткізілуі тиіс.



Профессор Қ.Жұбанов және лингвистикадағы жаңашылдық
(ұжымдық монография)

Монография «ЖОО-ның үздік оқытушысы» гранты негізінде
шығарылды

Қағазы офсет. Формат 64х92.

Баспаға 10.11.2015 ж. қол қойылды. Көлемі 7,1 б.т.

Таралымы 1000 дана

«ГҮЛІМ» баспасында басылды.

Орал қаласы, Ғ.Қарап көшесі, 41. тел.факс: 8 (7112) 50-83-37

МОНОГРАФИЯ

Ұжымдық монография қазақ ғалымдарының бірлескен авторлықпен шығарған ғылыми басылым.

Монографияда Қ.Жұбанов зерттеулеріне қатысты соны пікірлерімен, ғалымның тіл біліміндегі ізденістеріне жаңаша көзқарас тұрғысынан пайымдау жасайтын ғылыми тұжырымдарымен тартымды зерттеу жұмыстары топтастырылған. Қазіргі лингвистикада өзекті болып табылатын тіл ғылымы саласының мәселелеріне қатысты ұсыныстар жасалады.

Монография филолог мамандарға, филология бойынша білім алушыларға, тілге қызығушылығы бар жалпы оқырманға арналған.